


5.011  
М 18




# Нарықтық экономика /хрестоматия/

- 1 June 2008
- 1 July 2008
- 1 August 2008
- 1 September 2008
- 1 October 2008
- 1 November 2008
- 1 December 2008
- 1 January 2009
- 1 February 2009
- 1 March 2009
- 1 April 2009
- 1 May 2009
- 1 June 2009
- 1 July 2009
- 1 August 2009
- 1 September 2009
- 1 October 2009
- 1 November 2009
- 1 December 2009
- 1 January 2010
- 1 February 2010
- 1 March 2010
- 1 April 2010
- 1 May 2010
- 1 June 2010
- 1 July 2010
- 1 August 2010
- 1 September 2010
- 1 October 2010
- 1 November 2010
- 1 December 2010
- 1 January 2011
- 1 February 2011
- 1 March 2011
- 1 April 2011
- 1 May 2011
- 1 June 2011
- 1 July 2011
- 1 August 2011
- 1 September 2011
- 1 October 2011
- 1 November 2011
- 1 December 2011
- 1 January 2012
- 1 February 2012
- 1 March 2012
- 1 April 2012
- 1 May 2012
- 1 June 2012
- 1 July 2012
- 1 August 2012
- 1 September 2012
- 1 October 2012
- 1 November 2012
- 1 December 2012
- 1 January 2013
- 1 February 2013
- 1 March 2013
- 1 April 2013
- 1 May 2013
- 1 June 2013
- 1 July 2013
- 1 August 2013
- 1 September 2013
- 1 October 2013
- 1 November 2013
- 1 December 2013
- 1 January 2014
- 1 February 2014
- 1 March 2014
- 1 April 2014
- 1 May 2014
- 1 June 2014
- 1 July 2014
- 1 August 2014
- 1 September 2014
- 1 October 2014
- 1 November 2014
- 1 December 2014
- 1 January 2015
- 1 February 2015
- 1 March 2015
- 1 April 2015
- 1 May 2015
- 1 June 2015
- 1 July 2015
- 1 August 2015
- 1 September 2015
- 1 October 2015
- 1 November 2015
- 1 December 2015
- 1 January 2016
- 1 February 2016
- 1 March 2016
- 1 April 2016
- 1 May 2016
- 1 June 2016
- 1 July 2016
- 1 August 2016
- 1 September 2016
- 1 October 2016
- 1 November 2016
- 1 December 2016
- 1 January 2017
- 1 February 2017
- 1 March 2017
- 1 April 2017
- 1 May 2017
- 1 June 2017
- 1 July 2017
- 1 August 2017
- 1 September 2017
- 1 October 2017
- 1 November 2017
- 1 December 2017
- 1 January 2018
- 1 February 2018
- 1 March 2018
- 1 April 2018
- 1 May 2018
- 1 June 2018
- 1 July 2018
- 1 August 2018
- 1 September 2018
- 1 October 2018
- 1 November 2018
- 1 December 2018
- 1 January 2019
- 1 February 2019
- 1 March 2019
- 1 April 2019
- 1 May 2019
- 1 June 2019
- 1 July 2019
- 1 August 2019
- 1 September 2019
- 1 October 2019
- 1 November 2019
- 1 December 2019
- 1 January 2020
- 1 February 2020
- 1 March 2020
- 1 April 2020
- 1 May 2020
- 1 June 2020
- 1 July 2020
- 1 August 2020
- 1 September 2020
- 1 October 2020
- 1 November 2020
- 1 December 2020
- 1 January 2021
- 1 February 2021
- 1 March 2021
- 1 April 2021
- 1 May 2021
- 1 June 2021
- 1 July 2021
- 1 August 2021
- 1 September 2021
- 1 October 2021
- 1 November 2021
- 1 December 2021
- 1 January 2022
- 1 February 2022
- 1 March 2022
- 1 April 2022
- 1 May 2022
- 1 June 2022
- 1 July 2022
- 1 August 2022
- 1 September 2022
- 1 October 2022
- 1 November 2022
- 1 December 2022
- 1 January 2023
- 1 February 2023
- 1 March 2023
- 1 April 2023
- 1 May 2023
- 1 June 2023
- 1 July 2023
- 1 August 2023
- 1 September 2023
- 1 October 2023
- 1 November 2023
- 1 December 2023
- 1 January 2024
- 1 February 2024
- 1 March 2024
- 1 April 2024
- 1 May 2024
- 1 June 2024
- 1 July 2024
- 1 August 2024
- 1 September 2024
- 1 October 2024
- 1 November 2024
- 1 December 2024
- 1 January 2025
- 1 February 2025
- 1 March 2025
- 1 April 2025
- 1 May 2025
- 1 June 2025
- 1 July 2025
- 1 August 2025
- 1 September 2025
- 1 October 2025
- 1 November 2025
- 1 December 2025
- 1 January 2026
- 1 February 2026
- 1 March 2026
- 1 April 2026
- 1 May 2026
- 1 June 2026
- 1 July 2026
- 1 August 2026
- 1 September 2026
- 1 October 2026
- 1 November 2026
- 1 December 2026
- 1 January 2027
- 1 February 2027
- 1 March 2027
- 1 April 2027
- 1 May 2027
- 1 June 2027
- 1 July 2027
- 1 August 2027
- 1 September 2027
- 1 October 2027
- 1 November 2027
- 1 December 2027
- 1 January 2028
- 1 February 2028
- 1 March 2028
- 1 April 2028
- 1 May 2028
- 1 June 2028
- 1 July 2028
- 1 August 2028
- 1 September 2028
- 1 October 2028
- 1 November 2028
- 1 December 2028
- 1 January 2029
- 1 February 2029
- 1 March 2029
- 1 April 2029
- 1 May 2029
- 1 June 2029
- 1 July 2029
- 1 August 2029
- 1 September 2029
- 1 October 2029
- 1 November 2029
- 1 December 2029
- 1 January 2030
- 1 February 2030
- 1 March 2030
- 1 April 2030
- 1 May 2030
- 1 June 2030
- 1 July 2030
- 1 August 2030
- 1 September 2030
- 1 October 2030
- 1 November 2030
- 1 December 2030





**Нарықтық экономика  
/хрестоматия/**



УДК 330.1

ББК 65.9 (2)

М 18

Пікір жазғандар: Беккалиев Е.К., э.ғ.к., профессор;  
Тұрғанбаев М., э.ғ.к., доцент;

Мамбетов У.Е., Мусиров Ғ.М. **Нарықтық экономика** (хрестоматия)-  
Ақтөбе, 2016, 137 бет.

ISBN 978-9965-884-29-0

Оқырмандардың назарына ұсынылып отырған хрестоматияда нарықтық экономика туралы әртүрлі авторлар мен экономикалық мектеп өкілдерінің ерте дүниеден бастап қазіргі заманға дейінгі, сонымен бірге қазақ зиялы қауым өкілдерінің көзқарастарын баяндауға талпыныс жасалды. Оқырмандар олардың көзқарастарын безбенге сала отырып, өздерінің объективті және әділ қорытындыларын шығарулары, экономикалық ғылымның маңыздылығын түсіне отырып, нақты шаруашылық процестеріне әсерін бағалай білулері керек.

Хрестоматия экономика саласының мамандары мен оқытушыларына, ізденуші ғалымдарға, студенттерге және көпшілік оқырман қауымына арналған.

УДК 330.1  
ББК 65.9 (2)

## Мазмұны

<b>Алғысөз</b>	3
<b>1 ЕРТЕ ДҮНИЕДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР</b>	6
Хаммурапи заңдары	6
Ерте Дүниедегі Қытай	8
Ұжымдық экономикалық трактат «Гуань-Цзы» (б.э.д., V-III ғасыр)	9
Мэн-Цзы (Ұстаз Мэн) – ертедүниедегі Қытай философы (шамамен б.э.д., 372 – 289ж.ж.)	10
«Гю Юй» («Патшалық сөздері») – б.э.д.	10
Сюнь-Цзы (б.э.д., 313 – 238ж.ж.)	11
Ертедегі Индия	12
Аристотель (б.з.д. 384-322)	16
Ибн Хальдун аль Хадрами (1332-1406)	17
<b>2 КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИЯ МЕКТЕБІ</b>	19
Адам Смит (1723-1790)	20
Давид Рикардо (1772-1823)	24
<b>3 МАРКСИЗМ</b>	30
Карл Маркс (1818-1883)	30
В. И.Ленин (1870-1924)	41
<b>4 РЕСЕЙДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР</b>	46
М.И.Туган-Барановский (1865-1919)	46
В.А.Базаров (В.А.Руднев) (1874-1939)	47
Н.Д.Кондратьев (1892-1938)	50
<b>5 КЕЙНСТІК ІЛІМ</b>	52
Дж.М.Кейнс (1883-1946)	52
<b>6 «МЕМЛЕКЕТТІК СОЦИАЛИЗМ»</b>	56
Янош Корнай (1928)	56
<b>7 МАРЖИНАЛИЗМ ЖӘНЕ НЕОКЛАССИКАЛЫҚ</b>	



<b>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ.</b>	60
Альфред Маршалл (1842-1924)	60
<b>8 ТҮТЫНУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫС</b>	70
Дюпюи Арсен-Жюль-Эмиль Ювенал (1804-1866)	70
Джеванс Уильям Стенли (1835-1882)	70
Винер Джекоб (1892-1970)	71
Артур Сесил Пигу (1877-1969)	72
<b>9 МОНОПОЛИЯ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	76
Эдвард Хейстинг Чемберлин (1899-1967)	76
Джоан Вайолет Робинсон (1903-1983)	83
Йозеф Алоиз Шумпетер (1883-1950)	85
Фридрих Август фон Хайек (1899-1984)	88
<b>10 МОНЕТАРИЗМ</b>	94
Милтон Фридман (1912-2006)	94
<b>11 ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ</b>	98
Джон Ричард Хикс (1904-1989)	98
<b>12 НЕОЛИБЕРАЛИЗМ</b>	101
В.Репке (1899-1966), Вальтер Ойкен (1891-1950) және басқалары. Людвиг Эрхард (1897-1977)	101
<b>13 ИНСТИТУЦИОНАЛИЗМ</b>	103
Джон Кеннет Гэлбрейт (1908-2006)	103
<b>14 ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ</b>	104
Әбунасыр әл-Фараби (870-950)	104
Жүсіп Баласағұн (1020-?)	106
Шоқан Уәлиханов (1835-1865)	109
Абай Құнанбаев (1845-1904)	110
Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931)	112
Сарышолақ Боранбайұлы (1858-1929)	114
Әлихан Бөкейханов (1870-1937)	115

Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937)	118
Міржақып Дулатов (1885-1935)	125
Сұлтанмахмұт Торайғыров (1892-1920)	128
Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841-1889)	129
Мұхамбетжан Сералин (1872-1929)	136

## Алғысөз

Оқырмандардың назарына ұсынылып отырған хрестоматияда, экономикалық ойлардың негізгі кезеңдері мен бағыттарының эволюциясына қарай әртүрлі авторлардың ерте дүниеден бастап қазіргі заманға дейінгі көзқарастарын баяндауға талпыныс жасалды. Соның ішінде, қазіргі кезде нарықтық экономика деп аталатын кезеңге айрықша көңіл бөлінді. Айта кетуіміз керек қазақ тілінде, тіпті халқымыздың қалыптасқан дәстүрінде «нарық» сөзі экономикалық категорияларды қоғамдастыратын ұғым ретінде танымал. Айталық «базар нарқы қандай екен» деген сөйлем астарында нарықтық конъюктураны сипаттайтын экономикалық көрсеткіштердің жиынтығы жатыр. Осыған орай, біз, хрестоматияны «нарықтық экономика» деп атауға тоқтам жасадық. Оның да өзіндік себебі бар. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасырға жуық уақыт бойына нарықтық қатынастарға көшу процесі тереңдей түсті, халықаралық сарапшылардың және экономикалық талдау институттарының бағалауынша Қазақстан нарықтық экономикасы қалыптасқан елдер қатарына қосылды. Дегенмен халықтың елеулі бөлігі нарықтық экономикаға көшу барысындағы көптеген өзгерістердің мәнін әлі де жете түсіне қойған жоқ. Нарықтық қатынастардың сипаты, олардың қандай ұстанымдарға (принциптерге) негізделгені, жұмыс істеу механизмі туралы карама-қайшылықты көзқарастар да бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Қазақстандықтар үшін және нарық экономикасын мойындаған бұрынғы посткеңестік дәуірде өмір сүрген елдер үшін бұл заңды құбылыс. Өйткені санаға сіңген

жоспарлы экономикалық жүйеден арылу, сол жүйеге қарама-қарсы бағыттағы нарық экономикасының ерекшеліктеріне үйренісу кім-кімге де болса оңай емес. Алайда жаңа экономикалық жүйеге көшу, оның өзіндік ерекшеліктерін қабылдау қалыптасқан, пісіп жетілген экономикалық ойлар мен пікір-көзқарастарды саралау, оларды зерде сүзгісінен өткізу арқылы жүзеге асады.

Осыған байланысты туындайтын елеулі мәселелердің бірі – бұл шамадан тыс идеологиялық сипаттағы экономикалық теориялардан бас тарту және «қазіргі заманғы батыстық экономикалық ойлар» деп бағаланатын көзқарастарға бас ұру болып отыр. Экономикадан Нобель сыйлығының лауреаты неолибералдық экономикалық ағымның көрнекті өкілдерінің бірі Фридрих Хайек (Ұлыбритания), егер ғылым ақиқатқа емес, таптардың мүддесіне қызмет жасайтын болса, онда «ақиқат» деген сөздің өзі шын мәніндегі мағынасынан айырылады дей отырып «адамдардың қандай да бір болмасын тобы басқалардың ойлары мен көзқарастарының үстінен билікті өзіне иемдене алмайды... Әзірше қоғамда өзгеше пікір қуғындалмаса, замандастарының ақылдарына қожалық ететін идеяларға шүбәлана қарайтын біреу барлық уақытта табылады, және басқалардың төрелігіне шығара отырып, жаңа идеяларды насихаттай бастайды<sup>1</sup>.

Сондықтан хрестоматияда әртүрлі экономикалық мектеп өкілдерінің көзқарастары келтірілген. Оқырмандар олардың дәлелдерін безбенге сала отырып, өздерінің объективті және әділ қорытындыларын шығарулары, экономикалық ойлардың көрнекті

---

<sup>1</sup> Хайек Ф.А. Дорога к рабству М: Экономика, 1992.стр. 124.

өкілдерімен таныса отырып, экономикалық теорияның маңыздылығын түсінуге тиісті, нақты шаруашылық процестеріне әсерін бағалай білулері керек.

Бұл хрестоматиялық оқулықтың тағы бір ерекшелігі қазақ зиялы ағартушы-ғалымдарының әр кезеңдердегі экономикалық көзқарастары мен ой-пікірлеріне, соның ішінде, әсіресе нарық экономикасына қатысты тұжырымдарына да көңіл бөлінді. Бұл оларға қатысты жасалған әділ қадам болуға тиісті. Өйткені қазақ халқының да экономикалық тарихында озық ойларымен ерекшелене білген, оларды қоғамдық санаға қалыптастыру арқылы әлем өркениетінің дамуына өзіндік үлес қоса білген тұлғалар аз болмаған. Алайда қазақ зиялыларының экономикалық көзқарастарына осы кезге дейін жеткілікті назарда көңіл бөлінген емес. Қазақстан экономикалық тарихында «ақтандақтар» әлі де болса көп. Біздің тағы бір көздегеніміз өскелең ұрпақ осы олқылықтардың орнын толтырып, қазақ халқының экономикалық тарихында өздерінің шетелдік әріптестерінен бірде кем емес көптеген тұлғалардың өмір сүргенін, әлемдік экономикалық ілімдер тарихында өзіндік із қалдырғанын білсе деген мақсат.



## 1. ЕРТЕ ДҮНИЕДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР

Ерте Дүниедегі Шығыс өркениетінің экономикалық ойларының жазба түрінде бізге жеткен ескерткіштеріне «Гераклеопль патшасының өзінің ұлына үйретуі» жатады. Онда мемлекеттік басқару және шаруашылықпен айналысу өнерінің «ережелері» туралы әңгіме етіледі. (Ерте Дүниедегі Египет, б.э.д. XXII ғасыр). Борышқорлық құлдық пен өсімқорлық әлемінің шектен тыс өсуі, соның кесірінен тіпті «қара халықтың да» бай болғаны, ал елде азамат соғысының басталғаны экономикалық ойлардың тағы бір ескерткіші «Ипусердің шешендігі» (Ерте Дүниедегі Египет, б.э.д. XVIII ғасырдың басы) атты еңбекте сын тұрғыдан бағаланады<sup>2</sup>.

### Хаммурапи заңдары

Б.э.д. XVIII ғасырда Хаммурапи патшамен қабылданған Месопотамия мемлекетінің Вавилония заңдар кодексі Ерте Дүниедегі Шығыстың ең елеулі экономикалық ойлар ескерткішіне жатады. Заңдар кодексінің шарттары 1902-1903 ж.ж. табылған базальтті бағананың екі жағына сына жазулы мәтінде жазылған.

... Егер бір адам біреуден жеткіншек баланы немесе құлды, немесе күмісті, немесе алтынды, немесе өгізді, немесе қойды, немесе есекті, немесе не болса соны куәларсыз немесе келісім-шартсыз сатып алса... ол адам – ұрлықшы, ол өлтірілуге тиісті.

<sup>2</sup> Хрестоматия по истории Древнего Востока. В 2-х т.ч. 1 М., Высшая школа, 1980.

... Егер адам өңдеу үшін жерді жалға алса және онда егін өсірмесе, оның жерде қажетті жұмыстарды орындамаған айыбын мойнына салу керек, кейін ол егін егілетін жерді қожайынына, оның көршілерінің егініне сәйкес қайтып беруге міндетті.

... Егер адам диқанға өзінің жерін жалгерлік төлем есебінен берсе және өзінің жері үшін жалгерлік төлем алса, ал кейін адам жерді бүлдірсе немесе егісті су тасқыны алып кетсе, шығын – диқанда.

... Егер адам диқанды жалдаса, ол оған 1 жылға 8 гур астық төлеуге міндетті.

... Егер адам өгізді астық тарту үшін жалдаса, оның жалдау төлемі 20 ка астық.

... Егер ол астық тарту үшін есекті жалдаса, оның жалдау құны – 10 ка астық.

... Егер адам астықты тарату үшін өгізді, арбаны және айдаушыны жалдаса, ол бір күн үшін 180 ка астық төлеуге тиісті.

... Егер адам тек ғана арбаны жалдаса, ол бір күн үшін 40 ка астық төлеуге тиісті.

... Егер адам жалдамалыны жалдаса, жылдың басынан бастап бесінші айдың аяғына дейін ол, оған әрбір күн үшін алты шеум күміс төлеуге тиісті, алтыншы айдан бастап жылдың аяғына дейін әрбір күн үшін бес шеум күміс төлеуге тиіс.

... Өсімқорлық көлемі тәртіпке келтірілуге тиісті, алғашқы сомадан ақшалай қарыздың өсім шегі 20%, ал натуралды қарыздікі – 33% аспауы керек<sup>3</sup>.

### Ерте Дүниедегі Қытай

Ертедүниелік Қытайдың экономикалық және философиялық ойларының ірі тұлғасы Конфуций (Кун Фу – Цзы, б.э.д. 551 – 479ж.ж.), оның оқушыларымен жазылып алынған «Лунь Юй» (Сұхбаттасу және пікір алысу) болып табылады.

Ол өзінің экономикалық көзқарастарында төмендегі мәселелерге назар аударады:

- ру ақсүйектерінің, барлық «жоғары тұрғандардың» экономикалық әл-ауқатын мемлекеттік қорғаудың қажеттілігін негіздеу;

- еңбек халықтың да және билеушінің де байлығын арттырады және «ұлы қоғамдастықтың» (шаруалар қауымының ұжымдық меншігі) және ақсүйектер әулетінің және әулетсіз құл иеленушілердің жеке меншігінің қатар өмір сүруі толығымен дәлелді;

- білімді билеуші – бұл «халықтың әкесі», «дұрыс іс-әрекеттің» және байлықтың біршама тепе-тең бөлінуінің кепілі, сонымен бірге өзінің «тұтынудағы ұстамдылығына қарай да»<sup>4</sup>.

---

<sup>3</sup> Дьяконов И.М. Законы Вавилонии Ассирии и Хеттского царства – Вестник древней истории. 1952. №3.

<sup>4</sup> Я.С.Ядгаров. История экономических учений Москва. Экономика. 1994, С.16.

## Ұжымдық экономикалық трактат «Гуань-Цзы» (б.э.д., V-III ғасыр)

Олардың қазіргі кезде де назар аударуға тұратын негізгі қағидалары:

- алтын мен маржан ерекше байлық болып табылмайды, бірінші кезекте оған барлық материалдық игіліктер (тауарлар) жатады;

- бір жағынан алтынға ақшаның рөлі беріледі, ал басқа жағынан – мемлекеттің ресурсын есептеп шығаратын шама ретінде алтын – тауар деп жарияланады;

- экономиканың тұрақты даму қажеттілігі туралы ой толғай отырып, нанға баға реттелетін жерде, тек қана сонда «селода тыныштық орнығады» деген тұжырым жасалады;

- экономиканы реттеп отыру үшін нанның мемлекеттік қорын жасау диқандарға жеңілдетілген кредитті енгізу, темір мен тұзға салынатын тікелей салықтарды жанама салықтармен алмастыру, яғни салықтарды сондай тауарларды қолданумен шығарылатын өнімдерге тарату керек деп есептейді;

- ақсүйектер болмаса, ел табыссыз қалар еді, бірақ бәрі бірдей ақсүйек болуы мүмкін емес, онсыз «еңбек ететін ешкім болмас еді»...<sup>5</sup>.

---

<sup>5</sup> Сонда, 17 бет.

## Мэн-Цзы (Ұстаз Мэн) – ертедүниедегі Қытай философы

(шамамен б.э.д., 372 – 289ж.ж.)

Мэн-Цзы айтты: Астықты жараққа және аспапқа айырбастағанда, бұл көзешілер мен құюшыларға шығын келтірмейді. Сондай-ақ көзеші мен ұсталар жарақ пен аспапты астыққа алмастырса, бұл дикандарға шығын келтірер ме еді? Неге ұстаз Сюй көзеші және құюшы болмады, онда ол барлық қажетті заттарды өз үйінен алған болар еді? Неге ол жиі-жиі әртүрлі қолөнершілер мен айырбасқа түседі? Оны осымен байланысты әуре-сарсаң мазаламай ма?

«Гю Юй» («Патшалық сөздері») – б.э.д., оныншы ғасырдан бесінші ғасырға дейінгі Ертедегі Қытайдың сегіз патшалығындағы оқиғаларды айғақтайтын тарихи ескерткіш.

Хуань-Гун сұрады: «Оқымысты, дикан, қолөнерші және саудагер адамдарды қалай орналастыру керек?»

Гуань-Цзы жауап берді: «Ертеде ақылды билеушілер оқымысты адамдарды жырақ, қолөнершілерді – қазынаға, саудагерлерді – базарға, дикандарды – жерге жақын орналастырды».

... Егер саудагерлер бәрі бірге өмір сүретін болса, онда, жылдың уақытын есепке ала отырып, нарықта сауданы қамтамасыз ету үшін, олар өздерінің тауарларын тексереді. Олар тауарларды өздеріне салып тасиды немесе бұл тауарлардың барлық жаққа таралуы үшін өгіздер мен аттарды сүйретпеге жегеді. Олар өздерінде бар заттарды, өздерінде жоқ заттарға айырбастайды,



ертеңнен кешке дейін төмен баға бойынша сатып алумен, жоғары бағамен сатумен айналысады. Өздерінің балаларын және інілерін үйрете отырып, олар пайда туралы айтады және сауда да тәжірибелі болу үшін бір-біріне табыстарын көрсетеді. Олардың жүректері тыныш болады, себебі одан басқа ештеңені көрмей, олар оған ұмтылмайды да. Сондықтан әкелері мен ағаларының үйретуі табиғи болады, ал ұлдары мен інілерінің еңбексіз ілімге ұмтылысы жемісін береді. Осы себепке байланысты саудагерлердің балалары да барлық уақытта саудагер болады.

**Сюнь-Цзы (б.э.д., 313 – 238ж.ж.) – қытайдың аса көрнекті философы. Оның ілімі ертедегі Қытай философиясының алғашқы «классикалық» кезеңін аяқтайды.**

Ван заңдары: ол салық салу ережесін қояды, істі дұрыс жүргізеді, заттарды жетілдіреді және сонымен халықты асырайды. Жер салығы жердің оннан бір бөлік астық өнімін құрайды; шекара бекеттері мен базарларда тауарларға тексеру ғана жүргізіледі, бірақ алым алынбайды; ...аң аулауға тыйым салынады немесе рұқсат беріледі... және балық аулауға да... бірақ бұл кәсіптерге салық салынбайды... Жүрілген жолдың мөлшеріне қарай әртүрлі баж салығы қойылған; тауарлар мен өнімдер, нан мен күріш шектеусіз айналыста жүреді, нәтижесінде өнімдер, бір жанұяны құрай, төрт теңіздің арасында өмір сүретін адамдар сияқты әртүрлі орындардан еркін қозғала алатын болады... Адамдардың үстінен үлкендік жасау, Ван заңдары деген осы болады.

Қазірде жағдай олай болмай тұр: көбірек ақша жинақтауға ұмтыла отырып халықты мүлкінен айырады, жерден алынатын салықты көбейте отырып халықты тамақтан айырады; шекара бекеттері мен базарлардан ақылға сыйымсыз алым-салық алады және сонымен айырбасты төлейді <sup>6</sup>.

### Ертедегі Индия

Ертедегі Индияның экономикалық ойларының лайықты ескерткіші «Артхашастра немесе саясат ғылымы» болып табылады. Оның авторы Чандрагупт І-ші патшаның кеңесшісі, дана – брахман Каутилья. Бұл еңбек екі сөзден тұрады: – ғылым, ілім, ғылыми туынды деген мағынаны білдіреді.

Мұнда «дұрыс» экономикалық саясатты жасау және жүзеге асырудағы патшаның айрықша рөлі көрсетілген. Мемлекеттің байлығы тұрғындардың еңбегінің нәтижесінде жасалады, сондықтан оларға төленетін ақы жалпы мемлекеттік мұқтаждықтармен сәйкес келетін ирригациялық құрылыстарды қорғау, жеңілдікпен жерді пайдалану, кен көздерін игеру, кәсіпшілікті дамыту, саудагер алыпсатарлармен күрес т.с.с. мәселелерге жұмсалуға тиісті <sup>7</sup>.

Сонымен бірге апат немесе тауардың сапасы нашар болған жағдайдан басқа, егер сатылған тауар сатып алған адамға берілмесе, тауардың бүлінуі ол үшін 12 пана айыппұл төленуі керек.

---

<sup>6</sup> Ертедегі Қытай философы. Текстер жиынтығы 2 томдық, М., 1972. Т.І., 1973.Т.2.

<sup>7</sup> Артхашастра, или наука политики – М – Л., Изд. Акад.наук СССР, 1959.

... Егер сатып алушы тауарды сатып алып, оны алмаса, онда ол 12 пана айыппұл төлейді (тауардың бүлінуі, апат немесе тауардың сапасы нашар болған жағдайдан басқа)<sup>8</sup>.

...Қозғалмайтын мүлікті сатып алуда басымдық мынадай ретпен беріледі. (1) туысқандарына, (2) көршілеріне, (3) кредиторларына. Олардан кейін сатып алу құқы басқаларына беріледі. Сыйлы отбасылар болып табылатын 40 көршісі үйдің алдында тұрып, оның сатылатыны туралы мәлімдеулері керек.

Көршілердің және село басшысының қатысуымен берілген жер танабы, бақша, суландыру құрылысы, тоған немесе бассейннің қандай шегі бар екенін көрсете отырып 3 рет жариялайды: «Кім осындай бағамен сатып алғысы келеді?».

Егер ешкім қарсы болмаса, сатып алушы сатып алу құқына ие болады.

Егер де сатып алушылардың бәсекелесуі нәтижесінде баға өссе, онда артығы, сатудан алынатын салықпен бірге қазынаға түседі. Бағаны көтерген тұлға да, салық төлеуге тиісті<sup>9</sup>.

... Егер жұмысшы ақысын алып, бірақ жұмысты орындамаса, ол 12 пана мөлшерінде айыппұл төлейді. Одан сондай айыппұл алынады, егер ол, себепсіз жұмысқа бөгет жасайтын болса;

... Егер жұмыс аяқталмаған болса, онда оны орындаушы ол үшін ақысын алса, жұмыс берушінің келісімінсіз басқа жұмысқа кетуге құқы болмайды.

---

<sup>8</sup> Сонда 67 бөлім, 15 тарау.

<sup>9</sup> Сонда, 61 бөлім. 9 тарау.

... Егер жұмыс, келісілген шамадан артық орындалса, онда мұны бекер жұмсалған еңбек деп есептеуге болмайды<sup>10</sup>.

Үйде, түнде, орманда құпия, жасырын қиянат жасауды көздейтін және құпия келісіммен жасалған келісім-шартқа тиым салынады. Осындай келісім-шартқа отыратын және мұндай іс-әрекетке түрткі болатындарға айыппұлдың төменгі түрі сахаса (96 панаға дейін) салынады. Мұндай келісім-шарттың куәгерлерінің әрқайсысына жартылай мөлшерде айыппұл салынады<sup>11</sup>.

Сауданы қадағалаушының, құрылықтың немесе теңіздің өнімдері болып табылатын, құрылық немесе су жолымен жеткізілетін әртүрлі тауарлар туралы нақты мәліметі болуы керек; ол азды-көпті құнды тауарлардың бағасының айырмашылықтарын, сонымен бірге олардың үлкен немесе кішігірім өтімділігін де білуі керек. Сонымен бірге ол, тауарларды қандай мезгілде айналысқа жіберу, жинақтау, сатып алу және сатылуы туралы білуге тиісті.

Артылып қалған тауарларды сауданы қадағалаушы бір жерде ұстай тұруы және бағаны көтеруі керек. Егер бұл көтерілген баға кейін қалыпты болған жағдайда, сауданы қадағалаушы басқа бағаны қоюға тиісті.

... Шетжерлік тауарларды көмектесу жолымен тарту керек. Теңізші-көпестерге және керуен қожайындарына олардың болашақта тауарларының өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында жеңілдіктер берілуі, алым-салықтардан босатылуы керек. Сонымен бірге шетжерлік көпестер үшін ақша істері бойынша сотқа тартуды

---

<sup>10</sup> Сонда, 66 бөлім, 14 тарау.

<sup>11</sup> Сонда, 57 бөлім, 1 тарау.

алып тастау қажет. Бұл тәртіп көпестерге қызмет жасайтындарға таралмайды<sup>12</sup>.

Сауда орындарының қадағалаушысы алдауға жол бермес үшін салмақты өлшеу құралдарын тексеруге міндетті.

... Егер біреу-міреу шамадан тыс және салмақтың өсімімен сатып алса және тап сондай азайтумен сатса, онда айыппұл екі есе мөлшерде белгіленеді (яғни 6 пана) .

... Егер біреу-міреу бір нәрсені сатуға жіберсе немесе кепілге берсе және оларды сапасының нашарлығына қарамастан сапасы жақсы деп сатса, онда бұл үшін тауардың құнының 8 ессіне тең айыппұл төлейді.

... Егер саудагерлер өзара келісіп базарға шығарылатын тауарды шығаруға кедергі жасаса немесе оны тиісті бағасына сәйкес келмейтін бағамен сатса, онда ол үшін 1000 пана айыппұл төлеуге тиісті.

... Жергілікті жерге қарайтын тауарлардан белгіленген бағаның 5%, ал шетелдік тауарлардан 10% мөлшерінде саудагерлерге тиісті пайда қойылады<sup>13</sup>.

---

<sup>12</sup> Сонда, 34 бөлім, 16 тарау.

<sup>13</sup> Сонда, 77 бөлім, 2 тарау.



### Аристотель (б.з.д. 384-322)

Антикалық кезеңнің ірі тұлғасы, ертедегі Грекияның философы. Өзінің «Никомаховой этике», «Политика» атты еңбектерінде адамзат қоғамы туралы ғылым – социологияның негізін салды. Экономикалық мазмұндағы көзқарастарында, ол бірінші рет саяси экономияның бірсыпыра категорияларын негіздей отырып, олардың арасындағы өзара байланысты көрсетті.

... Шындығында қоғам екі дәрігерден құрылмайды, дегенмен дәрігерден және диқаннан, жалпы бірдей емес және тең емес адамдардан. Бірақ осындай адамдарды теңестіру қажет. Сондықтан айырбасқа түсетіннің бәрі де, қалай болса да теңесуге тиісті. Сонымен бәрі де бір ғана нәрсемен өлшенуі керек. Сонымен диқанның етікшіге қатысты болуы сияқты, етікшінің өнімі диқанның өніміне қатысты болуы үшін теңдеу табылған кезде ғана есеп айырысу орын алады. Сонымен бәрі де бір ғана нәрсемен өлшенуі керек. Бұл біреу, іс жүзінде, барлығы үшін байланыстыратын негіз болып табылатын қажеттілік. Адамдардың келісімімен қажеттілікті алмастыратын құрал ретінде монета пайда болады<sup>14</sup>.

Хрематистика – бұл байлықты жинау өнері, ол саудагершілікте көрінетін болғандықтан, ешқашан да мақсатқа жетудің шегі болмайды, өйткені бұл жердегі мақсаттың өзі шегі жоқ байлық және ақшаға иелік ету. Ақша айналысымен

---

<sup>14</sup> Античный способ производства в источниках. Л., 1933. Стр. 554

айналысатындардың бәрі өзінің байлығын шексіз көбейтуге тырысады<sup>15</sup>.


### Ибн Хальдун аль Хадрами (1332-1406)

Араб Шығысының көрнекті қайраткері, Магрибтің солтүстік африка елдерінде өмір сүрген және орасан құнды ғылыми мұралар қалдырған. Экономикалық ғылымдар үшін маңыздысы – оның «Мукаддима», яғни, «Кіріспе» атты тарихи-әлеуметтік трактаты болып табылады. Испания жерінде орасан үлкен жер телімі болған ауқатты ортадан шыққан, мұсылмандық Испания – Аль-Андалузияда Тунистің елшісі қызметін атқарған.

Жануарлар әлемін, сонымен бірге адамзат тарихын (қоғамның алғашқы жағдайы, селолық өмір, қалалық өмір) ғылыми тұрғыдан кезең-кезеңмен дамуын дәлелдей отырып, ол бірінші рет адамзат қоғамының, прогрессивті даму заңдылығының теориясын негіздеді. Ең бастысы – оның негізінде адамдардың өнімді еңбек қызметі және өндірістің дамуы, бірінші кезекте – қолөнер және диканшылық жатыр. «Біл, адамдар өмір сүретін орта, адамдардың тіршілік ету құралдарын қалай табуынан тәуелді айырықшаланатынын». «Өмір сүру құралдары бірінші кезекте қаралады, себебі өмір сүру үшін қажетті құралдар – бұл әлдебір қажетті және табиғи, ал ғылымға ұмтылыс – өзекті немесе онша қажетті емес; шындығында табиғи өзекті еместің алдында болады».

Ол бірінші рет тауарлы өндіріс теориясының негізін салды. «Адам, күш алып және сәбилік дәрменсіздік кезеңінен өткен кезде

<sup>15</sup> Аристотель. Политика. СПб., 1991. Стр. 25-26.



тең бағалы айырбасты іске асыру, табыс табу үшін еңбек ете бастайды, ал кез келген табыс еңбектің құны».

Ол бірінші рет құнның еңбек теориясын негіздеді. «Егер еңбектің саны өссе, онда тұрғындардың еңбегінің құнының саны да көбейеді. Біл, байлық түрінде адам пайдаланатын және сатып алатынның бәрінде, егер бұл қолөнер болса, еңбектің құнына тең бағалы». Кейін ол тіпті сұраныс және ұсыныстың әсерімен құнның (шамасы, қоғамдық құнның) модификацияланатын жағдайларына да назар аударады.

Ол кәсіпкерлік теориясының негізін салды, оны «касб» деп атады. «Касб – бұл, адам өзінің еңбегінің және өзінің қабілетінің арқасында ие болатын нәрсе. Егер касб тіршілік ету құралы ғана болып табылса және оның мөлшері тіршілік қажеттілігінен артпаса, онда ол «мааш» (қажетті өнім) деп аталады, ал бұл мөлшерден артық болса, онда «райаш», яғни, байлық болып табылады. Біз бұрын айтқандай, бұның бәрінің себебі: еңбектің көп саны... байлықтың негізі болып табылады, өйткені тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандырғаннан кейін артығы қалады».

Ибн Хальдун бірінші рет меншік теориясының негізін салды. «Меншікті (оның терминологиясында «мольк», қазақша «мүлік») үш тұрғыдан қараймын: а) меншік – бұл иеленілетін нәрсенің бәрі, яғни мүліктің өзі; б) меншік – бұл, кім меншік иесі болса, соның қолындағы билік (яғни, меншік капитал ретінде); в) меншік – бұл иемденудің өзі және пайдалану, яғни «жұмыс істейтін» меншік»<sup>16</sup>.

<sup>16</sup> Алиев У.Ж. Где колыбель классической и современной экономической мысли? – Тезисы докладов и выступлений на I Международном симпозиуме-семинаре 22-26 июня 1992 года; Тема «Восток – Запад» диалог культур. Алма – Ата, 1992. Стр. 115-119.

## 2. КЛАССИКАЛЫҚ САЯСИ ЭКОНОМИЯ МЕКТЕБІ

Адам Смит (1723-1790). «Таза» экономикалық теорияның және экономикалық либерализмнің өкілі. Оның атын әлемге әйгілі еткен басты еңбегі «Халықтардың байлығының табиғаты және себептері туралы зерттеу» (1767ж) болып табылады.

... Адам өз жақындарының көмегіне үнемі мұқтаж, әрі ол оны олардың тек лауазымынан тағатсыздана күтеді. Егер оның өзімшілдігіне ден қойса, ол мақсатына тезірек жетеді және олардан не талап етсе, сол үшін соны істейтінін олардың жеке мүдделерінен көрсете алар еді. Басқаға кез келген мәміле ұсынатын әркім, дәл осыны жасауды ұсынады. Маған не керек болса, соны бер, сен де өзіңе не қажет болса, соны аласың, – осыған ұқсас кез келген ұсыныстың мәнісі осындай... Біз өз түскі асымызды қасапшының, сыра немесе бөлке нан пісірушісінің қалауынан емес, олардың жеке мүдделерінің сақталғандығынан күтеміз. Біз олардың парасаттылығына емес, өзімшілдігіне ден қоямыз<sup>17</sup>.

... Иттің басқа бір итпен өз сүйегін саналы түрде алмастырғанын ешкімге ешқашан да көруді жазбаған<sup>18</sup>.

... Әрбір ысырапшыл қоғамдық игіліктің жауы болса, ал кез келген үнемшіл адам – қоғамдық игілік жасаушы<sup>19</sup>.

... Мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлер (прожекткерлер) адамды саясат механикасы үшін қайсібір материал түрінде қарастырады. Саясаткерлер адам ісінің табиғи болмысын бұзады,

<sup>17</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов, т 1, Соцэктгиз, 1935, стр 17.

<sup>18</sup> Сонда, 16 бет.

<sup>19</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов. М., 1962 стр.251.



табиғаттың өз-өзіне, мақсатына жетуге және өз жобасын жүзеге асыруына толық еркіндік беру қажет... Мемлекетті жабайылықтың ең төменгі сатысынан ауқаттылықтың жоғары сатысына дейін көтеру үшін, тек бейбітшілік, жеңіл салықтар мен басқару ісінде шыдамдылық қана керек; қалғандарының бәрі істің барысын табиғи тұрғыдан реттейді. Үкіметтің оқиғаны зорлық жолымен өзгертуі немесе қоғам дамуын тежеуге талпынысының бәрі табиғилыққа жат құбылыс. Билік басында қалу үшін, олар қанау мен озбырлық жасауға мәжбүр<sup>20</sup>.

... Меншік болмайынша, мемлекет те бола алмайды, мақсаты да байлықты қору үшін және дәулеттілерді жарлылардан қорғауға арналған<sup>21</sup>.

... Бүтін бір халыққа өз еңбек өнімінен не жасай алса соның барлығына, немесе өз капиталы мен өнеркәсіп еңбегін өзі үшін барынша тиімді етіп жұмсауына тиым салу адамдықтың ең қасиетті құқығын бұзушылық болып табылады<sup>22</sup>.

... Қоғам өркендеп бақытты бола алмайды, егер оның елеулі бөлігі кедей және бақытсыз болса. Бүкіл қоғамды өз еңбегімен асырап отырған адамдардың қайыршылықта өмір сүруі әділетсіздік... «табиғи заңдар» қоғамдағы жұмысшыларды төмен жағдайға ұшыратады... әйтседе жұмысшылардың мүддесі қоғам мүддесімен тығыз байланысты, ол бұл мүдделердің өзінікімен байланысын түсінбеуге, ақылға салмауға қабілетсіз<sup>23</sup>.

---

<sup>20</sup> Цит. по W.R. Scott. Adam Smith as Student and Professor Glasgow. 1937, p 53-54.

<sup>21</sup> A. Smith. Lectures on Justice, Police, Revenue and Arms, ed. By. E. Cuman. Oxford, 1896, p 15.

<sup>22</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов, стр 424.

<sup>23</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов, стр 194.



... Негізгі капитал бір иеліктен екіншіге өтпей-ақ, немесе әрі қарай айналымда болмаса да иесіне табыс әкеледі... айналым капиталы да иесіне дәл осындай қызмет жасайды, алайда ол үнемі одан кетерде бір формада болса, қайта оралғанда басқа формада болады<sup>24</sup>.

... Жыл бойына жинақталғандардың бәрі де, жыл сайын қаншалықты шығындалса, соншалықты тұрақты түрде тұтынылады.

... Әрбір дербес адам, өзі иелік ете алатын капиталды барлық уақытта барынша тиімді орналастыруға тырысады. Ол мүлдем қоғамның емес, тек қана өзінің бас пайдасын көздейді. Ол өзінің жеке басының пайдасын назарға алған жағдайдың өзінде де, табиғи жолмен, немесе дәлірек айтсақ, оны сөзсіз қоғамға барынша пайдалы кәсіппен айналысуға әкеліп соқтырады<sup>25</sup>.

... Әрбір дербес адам, мүмкіндігіне қарай өзінің капиталын отандық өнеркәсіпті қолдауға қолдануға тырысатындықтан және өнеркәсіп өнімдерінің жоғары бағамен өткізілуін көздейтін болғандықтан, ол міндетті түрде қоғамның жылдық табысының максималды көп болуына себепші болады. Әрине әдетте, ол қоғамдық пайдаға көмектесуді көздемейді және оның оған қаншалықты әсерін тигізетінін қаперіне де алмайды. Шетелдік емес, отандық өнеркәсіпте қолдау көрсетуді басшылыққа ала отырып, ол өзінің жеке мүддесін көздейді, ал оның өнімдерінің жоғары құнға ие болуына мүмкіндік беретін бағытқа жөн сілтей

---

<sup>24</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов, стр 205-206.

<sup>25</sup> Исследование о природе и причинах богатства народов. М., 1931 Т.2.стр.32.

отырып, тек қана өзінің бас пайдасын көздейді және де көптеген басқа жағдайлардағыдай осы жағдайда да, ол «көрінбейтін қолмен», тіптен де өзінің ниетіне кірмеген мақсатқа қарай жүгіреді; бұл мақсат оның ниетіне кірмегеніне қарамастан, бұдан қоғам елеулі зардап шекпейді. Өзінің жеке басының мүддесін көздей отырып, ол жиі-жиі, шын мәнінде қоғамның мүддесіне қызмет жасайды (тіпті, оған саналы түрде қызмет жасауға қарағанда да).

... Сірә, әрбір адам, кез келген мемлекеттік қызметшіге немесе заң шығарушыға қарағанда жергілікті жағдайды есепке ала отырып, өзінің капиталын қандай отандық өндіріс саласына салу және қандай өндіріс саласының өнімінің құны жоғары болатыны туралы анағұрлым жақсырақ бағалай алады. Жеке тұлғаларға, өздерінің капиталын қалай қолдану керектігі туралы нұсқау беруге тырысатын мемлекеттік қызметкер өзіне мүлде керексіз шаруаны мойнына, сонымен бірге залалсыз кез келген біреуге сеніп тапсыруға болмайтын билікті өз қолына алған болар еді және ондай билік кімнің қолында болғанына қарамастан қауіпті де болар еді, айталық өзін билікті қолдануға қабілеттімін деп есептейтін ессіз және менсінбеген адамның қолында болса.

... Егер отандық өнеркәсіптің өнімі шетелдік өнеркәсіп өнімінің бағасындай бағамен ішкі нарыққа жеткізілсе, онда ішкі нарықты бұлай реттеудің пайдасы жоқ. Егер бұл мүмкін болмаса, реттеу, жалпы тәртіпке сәйкес зиянды болуы мүмкін. Әрбір отбасының есті басшысына тән негізгі ереженің мәні сонда, ол

басқа жақтан сатып алуға қарағанда қымбатқа түсетін затты өз үйінде шығаруға тырысудың қажеті жоқ<sup>26</sup>.

... Әділеттілік заңын бұзбайтын әрбір адамға, өзінің пайымдауына қарай өзінің мүддесін барынша еркін көздеу мүмкіндігі беріледі және өзінің еңбегі және капиталымен басқа тұлғалармен, тіпті тұтас таптардың еңбегі және капиталымен бәсекеге түсе алады. Ел билеушісі, мүлтіксіз орындалуы ешқандай да ақыл-ой мен білімге симайтын міндетті атқару барысында ол тап болатын алдау-арбаудан, жеке тұлғалардың еңбегіне басшылық жасау және оларды қоғамның мүддесіне барынша сәйкес келетін жұмысқа бағыттау міндетінен мүлдем босайды. Табиғи еркіндік жүйесіне сәйкес ел билеушісіне, шын мәнінде, әдеттегі пайымдауға айқын және түсінікті барынша маңызды үш міндетті орындау жүктеледі: біріншіден, қоғамды басқа тәуелсіз қоғамдастықтар тарапынан болуы мүмкін зорлық пен басып кіруден қорғау міндеті; екіншіден, мүмкіндігіне қарай, қоғамның әрбір мүшесін, оның басқа мүшелерінің тарапынан болатын әділетсіздіктер мен қанаудан қорғау міндеті; үшіншіден, дербес тұлғалардың немесе кішігірім топтардың мүдделеріне сәйкес келмейтін белгілі бір қоғамдық құрылыстар мен қоғамдық мекемелерді салу және ұстау міндеті, себебі олардан түсетін пайда дербес тұлғалар немесе кішігірім топтардың шығындарын өтеуге ешқашанда жетпейді...<sup>27</sup>.

---

<sup>26</sup> Сонда, 34 – 36 беттер.

<sup>27</sup> Сонда, 279 – 280 беттер.

Давид Рикардо (1772-1823). Ағылшын экономисі,  
қаржыгері, 1817 жылы оның іргелі еңбегі «Саяси экономияның  
және салық салудың бастауы» жарыққа шықты.

... Тауардың құны оның сиректігі салдарынан артады.

... Пайдалылық қасиетке ие тауарлар өздерінің айырбас құнын  
екі көзден алады: өзінің сиректігінен және оны өндіру үшін қажетті  
еңбек мөлшерінен.

... Шын мәнісінде сиректіктің жүйеқұраушы рөлі тек ұдайы  
өндірілмейтін тауарлардың (өнер туындылары, сирек кітаптар,  
монеталар т.с.с.) шағын тобына қатысты.

... Нарықта күн сайын айналымда болатын тауарлар массаында  
мұндай тауарлар өте шамалы үлеске ғана ие. Барлық тауарлардың  
басым бөлігі еңбекпен өлшенеді...

... Тауарлар, олардың айырбас құны және олардың  
салыстырмалы (относителді) бағасын реттейтін заңдар туралы айта  
отырып, біз барлық уақытта, саны адам еңбегімен көбеюі мүмкін  
және өндіруде бәсекелестік ешқандай да шектеуге тап болмайтын  
тауарларды есепке аламыз<sup>28</sup>.

... Өндірілген тауарлардың айырбас құны, оларды өндіруге  
жұмсалған еңбекке пропорционалды: тек қана тікелей өндіруге ғана  
емес, сонымен бірге өндірісте қолданылатын өндіріс жарақтары  
мен машиналарды жасауға қажетті еңбек түріне де<sup>29</sup>.

... Өнімнің қандай үлесі жалақы нышанында (формасында)  
төленеді – пайданы зерттеп білудегі аса маңызды сұрақ. Себебі,

<sup>28</sup> Рикардо Д. Соч. Т.1. М., 1955 стр. 228, 33, 34.

<sup>29</sup> Сонда, 43 бет.



соңғысы жалақы деңгейінің жоғары не төмен болуына қарай, сондай пропорцияда төмен не жоғары болады<sup>30</sup>.

... Ақшаның құнының өзгеруі салдарынан жалақының көтерілуі барлық бағаларға жалпылама әсер етеді және осы себепке байланысты пайдаға нақты әсер етпейді. Керісінше, жұмысшы барынша көп сыйақы алуы жағдайында жалақының көбеюі бағаның өсуіне (кейбір кездейсоқ жағдайлардан басқа – авт.) әкеліп соқтырмайды, бірақ пайданың төмендеуіне үлкен әсер етеді<sup>31</sup>.

... Адам Смит және одан кейінгі барлық экономистер бәрі бірдей, еңбектің бағасының көтерілуі барлық тауарлардың бағасының өсуіне әкеліп соқтырады деп тұжырым жасағаны туралы еске салу орынды деп есептеймін. Дегенмен, мен бұл көзқарастың мүлдем негізсіз екендігін дәлелдей алған сияқтымын<sup>32</sup>.

... Егер біз еңбекті тауарлардың құнының негізі деп қабылдасақ, ал оларды өндіруге қажетті еңбектің салыстырмалы санын бір-біріне айырбасталуға тиісті тауарлардың соған сәйкес санын анықтайтын реттеуші деп алатын болсақ, бұдан біз тауарлардың нақты немесе нарықтық бағасының оның алғашқы және табиғи бағасынан кездейсоқ немесе уақытша ауытқуын жоққа шығарамыз деген қорытынды тумады<sup>33</sup>.

... Тауарлардың бағасы тек қана ұсыныстың сұранысқа қатынасынан тәуелді болады немесе керісінше деген пікір саяси

---

<sup>30</sup> Сонда, 46 бет.

<sup>31</sup> Сонда, 62 бет.

<sup>32</sup> Сонда, 60 бет.

<sup>33</sup> Сонда, 81 бет.



экономияда аксиомаға айналды және бұл ғылымдағы көптеген қателердің қайнар көзі болды<sup>34</sup>.

... Тауардың бағасы – бұл тек қана ақшада көрінетін оның айырбас құны. Бір мезгілде тауардың бағасының көтерілуі, ал құнының түсіп кетуі мүмкін. Бағаның өзгеруін анықтаудан оңай, ал құнның өзгеруін анықтаудан қиын нәрсе жоқ. Анық нәрсе, құнның өзгермейтін шамасынсыз (ал ондай болмайды да), құнның өзгеруін қандай да бір болмасын дәлдікпен анықтау мүмкін емес<sup>35</sup>.

... Ақша – айнымалы тауар (оның құнында) болғандықтан онда ақшалай жалақының көтерілуі, жиі-жиі ақшаның құнының түсіп кетуімен шақырылады. Шындығында, осындай себептің салдарынан жалақының көтерілуі, әрдайым тауардың құнының көтерілуімен қоса жүреді; мұндай жағдайда, өзгеріс еңбектің және басқа тауарлардың салыстырмалы (относителді) құнының өзгеруінен орын алмайды, тек қана ақшаның құнының өзгеруінен<sup>36</sup>.

... Елде қолданылатын ақшаның саны, олардың құнынан тәуелді болады. Айналыс, жағадан асып кететіндей ешқашанда соншама мол бола алмайды, өткені айналыс құралдарының құнын азайта отырып, сіз сондай қатынаста олардың санын көбейтесіз, ал олардың құнын көбейте отырып, олардың санын азайтасыз.

... Қағаз ақшалардың ешқандай да ішкі құнының болмауына қарамастан, әйтсе де олардың санын шектеген жағдайда, сондай

---

<sup>34</sup> Сонда, 314 бет.

<sup>35</sup> Сонда Т.2. М.,1955.189 бет.

<sup>36</sup> Сонда. Т.1. 61 – 62 беттер.

аттағы монетаның құны немесе осы монеталардың құрамындағы металдар сияқты олардың айырбас құны жоғары болады<sup>37</sup>.

... Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, не мемлекет, не банк өздерінің күзіретін теріс пайдаланбай, қағаз ақшаларды шектеусіз шығару құқын жүзеге асырған емес. Сондықтан әрбір мемлекетте қағаз ақшаларды шығару шектеуге және бақылауға бағындырылуға тиісті<sup>38</sup>.

... Егер айналыста жүрген ақшалардың көбеюі немесе азаюы, оларды шығарушылардың еркінен ғана тәуелді болса, онда олардың құнының тұрақтылығына барлық кепілдік жойылады<sup>39</sup>.

... Ақшаның көбеюі, меніңше, тауардың бағасының өсуінен басқа нәтиже бермейді. Осындай жолмен қоғамның бір мүшелері басқалардың есебінен баиды. Бұл жерде тек қана меншіктің ауыстырылуы орын алады, бірақ ештеңе жасалмайды<sup>40</sup>.

... Біздің ақша айналысымыздың барлық кемшілігі Ағылшын банкісінде ақшаның (қағаз ақшаның – авт.) шамадан тыс шығарылуымен орын алды – ақшаның әрбір қожайынының меншігінің құнын жүгенсіздікпен азайту және азық-түлік пен өмірлік қажетті барлық заттардың құнын көтеру арқылы мемлекеттік аннуиттер иелеріне және табыстарының мөлшері тұрақты болып табылатын, сондықтан бұл ауыртпалықтың бірде-бір бөлігін басқа біреудің иығына аудара алмайтын тұлғаларға шығын келтіреді<sup>41</sup>.

<sup>37</sup> Сонда 288 – 289 беттер.

<sup>38</sup> Сонда 292 бет.

<sup>39</sup> Сонда 294 бет.

<sup>40</sup> Сонда Т.5. М., 1955 247 бет.

<sup>41</sup> Сонда. Т. 2. 24 бет.

... Меніңше бағаның өсуіне әкеліп соқтыратын екі себеп бар: біреуі – ақшаның құнсыздануы, басқасы – өндіріс қиыншылығының артуы. Соңғысының еш уақытта да қоғамға пайдалы болуы мүмкін емес. Ол барлық уақытта гүлденудің белгісі болып табылмайды, бірақ ешқашанда оның себебі бола алмайды. Ақшаның құнсыздануы, байлық жинауға бейім тапқа пайдалы болуы мүмкін, және әдетте оларға қолайлы жағдай жасайды, бірақ мен айтар едім, олар адамдардың бақытын азайту жолымен, жұмысшы табына және тұрақты табыспен өмір сүретіндерге үлкен қысым жасау арқасында ғана байлықты көбейтеді<sup>42</sup>.

... Пайдалылық айырбас құнының өлшемі болып табылмайды, алайда соңғысы үшін ол елеулі түрде қажет<sup>43</sup>.

... Саяси экономиядағы көптеген қателіктер тауардың екі жақты қасиетінің – құны мен тұтыну құнының араластығымен түсінідіріледі<sup>44</sup>.

... Біз тауарды пайдалану барысында оның иесіне тигізер құндылықтың ләззатпен өлшенетінін айтар болсақ, онда біз, қалай болғанда да құндылықтың өлшемін алудан алшақ кеткен болар едік, өйткені екі адам бірдей бір затты пайдаланудан жоғары дәрежелі әртүрлі ләззат алуы мүмкін<sup>45</sup>.

... Еңбек кез келген құнның негізі болып табылады және... оның салыстырмалы (относителді) мөлшері оның салыстырмалы құнын ерекше жағдайда анықтайды...<sup>46</sup>.

<sup>42</sup> Сонда. Т. 5. 68 – 69 беттер.

<sup>43</sup> Сонда Т. 5. С. 263. Т I С. 33.

<sup>44</sup> Сонда Т I С. 227.

<sup>45</sup> Цит по Чернышев В.Р. Рикардо и Маркс. Л., 1925. С. 37.

<sup>46</sup> Сонда, 40 бет.

Егер тауарлардың айырбас құны оған сінген еңбек мөлшерімен анықталса, онда бұл мөлшердің әрбір өсуі, сол еңбек жұмсалған тауардың құнын өсіруі, ал азаюы – түсіруі тиіс<sup>47</sup>.

---

<sup>47</sup> Сонда, 35 бет.

### 3. МАРКСИЗМ

Карл Маркс (1818-1883). Классикалық саяси экономияны тұжырымдаған аса көрнекті тұлға. Ол экономикалық даму қоғамның идеологиялық және саяси дамуында шешуші рөл атқарады дей отырып, ғылымның тарихи мектебінің негізін салды. Өзінің экономикалық ілімін, негізінен, атақты «Капитал» (1867, 1885, 1894 жж) атты еңбегінде баяндап дамытты.

... Тұтыну құны ретінде тауарлар ең алдымен сапалық тұрғыдан ажыратылады, айырбас құны ретінде оларда тек ғана сандық айырмашылық болуы мүмкін. Егер тауарлы денелердің тұтыну құнынан көңілімізді аударсақ, онда оларда тек қана бір қасиет қалады, нақтырақ айтсақ сол, олар – еңбектің өнімі... Еңбектің өнімінің пайдалы сипатымен бірге онда көрінген еңбектің түрлерінің пайдалы сипаты да жойылады. Соңғылары бірдей адам еңбегі, яғни абстрактілі адам еңбегі түрінде көрінеді<sup>48</sup>.

... Сонымен, айырбас қатынасында немесе тауарлардың айырбас құнында көрінетін, жалпыға ортақ, ол олардың құны... Тұтыну құны, немесе игілік сонда ғана құнға ие болады, себебі онда затқа айналған, материалданған абстрактілі адам еңбегі бар<sup>49</sup>.

... Айырбастың кеңеюі және тереңдеуінің тарихи процесі – бұл тауарлы табиғатта мүлгіп жатқан тұтыну құны мен құнның арасындағы қарама-қайшылықты дамытады.

<sup>48</sup> Маркс К., Энгельс Ф., Шығар.23 т. 46 бет.

<sup>49</sup> Сонда, 47 бет.



... Тауарлардың айырбасы қауым біткен жерде, оның басқа қауымдармен немесе басқа қауым мүшелерімен жанасатын жерінде басталады. Егер заттар сыртқы қатынастарда тауарға айналса, онда кері әсер ету жолымен олар қауым ішінде де тауарға айналады<sup>50</sup>.

... Ақша тауарларды өлшемдес қылмайды. Керісінше. Атап айтқанда, барлық тауарлар құн ретінде затқа айналған адам еңбегі болып көрінеді, яғни өзінен-өзі өлшемдес, – сондықтан олардың бәрі өздерінің құнын бір ғана арнаулы тауармен өлшей алады, (ол тауар бәріне бірдей құн өлшеміне айналады), яғни ақшамен<sup>51</sup>.

... Өздігінен тауар болып табылмайтын заттар, мысалы ар-ұждан т.с.с., өздерінің иелеріне сату құралы бола алуы мүмкін, нәтижесінде өзінің бағасының арқасында тауар формасына айналады. Яғни, құны болмауына қармастан, заттың формалды бағасы болуы мүмкін. Математикадағы белгілі шама сияқты, бұл жерде бағаның білінуі жалған болып табылады. Басқа жағынан алғанда, бағаның жалған формасы – мысалы, өңделмеген жердің бағасы, (себебі оның құны жоқ, онда адам еңбегі заттандырылмаған) – шын мәніндегі құндық қатынасты немесе одан туындайтын қатынасты жасыруы мүмкін. Баға формасы ақша үшін тауарларды окшауландыруды және осындай окшауландырудың қажеттілігін керек қылады<sup>52</sup>.

... Тауар айналысы міндетті түрде сатып алу мен сату арасында тепе-теңдікті жасайды, себебі әрбір сату бір мезгілде сатып алуды білдіреді деген догматтан басқа барынша жайдақ бір

---

<sup>50</sup> Сонда, 97 бет.

<sup>51</sup> Сонда, 104 бет.

<sup>52</sup> Сонда, 112 – 113 беттер.

нәрсені көзге елестету қиын. Біреу-міреу сатып алмайынша, ешкім де сата алмайды. Бірақ ешкім де, тек қана бір нәрсені сатқаны үшін жедел сатып алуға міндетті емес. Тауарлардың айналысы өнімдерді айырбастаудың мезгілдік, кеңістіктік және дербес шекараларын ажыратады. Себебі өзінің еңбегінің өнімін оқшауландыру және оның есесіне басқанікін алу арасындағы тікелей үйлестік екі қарама-қарсы актіге ажыратылады – сатуға және сатып алуға<sup>53</sup>.

... Тауар айналысы ауқымының кеңеюіне қарай барлық уақытта жауынгерлік дайындықта тұратын және байлықтың абсалютті қоғамдық формасы болып табылатын ақшаның билігі өседі. Ақшаның сыртқы көрінісінен, оның ішінде ненің неге айналатынын білу мүмкін емес, ал әдетте барлығы ақшаға айналады: тауарлар да, тауар еместер де. Барлығы сатып алу – сату затына айналады. Айналыс орасан зор қоғамдық ретортаға (химиялық түтікті ыдыс –авт.) айналады, оған бәрі тартылады және одан ақша кристал түрінде шығады. Ақшада тауарлардың барлық сапалық ерекшеліктері өшірілетіні сияқты, олар, өз кезегінде радикалды тенгермеші ретінде, барлық ерекшелікті өшіреді. Бірақ ақша, кез келген адамның жеке меншігі бола алатын өзі де тауар, сыртқы зат. Осылайша қоғамдық күш жеке тұлғаның жеке күшіне айналады<sup>54</sup>.

... Кредиттік ақшалар тікелей ақшаның төлем құралы функциясынан пайда болады, оның үстіне сатылған тауар үшін борышқорлық міндеттеме, өз кезегінде, борышқорлық талапты бір

---

<sup>53</sup> Сонда, 123 – 124 беттер.

<sup>54</sup> Сонда, 142 – 143 беттер.

тұлғадан басқасына аударып айнала бастайды. Басқа жағынан алғанда кредиттік істің кеңеюінен ақшаның төлем құралы ретіндегі функциясы да кеңейді. Төлем құралы ретінде ақша өзінің қолданылу формасына ие болады<sup>55</sup>.

... Дүниежүзілік ақша жалпылама төлем құралы, жалпылама сатып алу құралы және жалпы байлықты абсалютті қоғамдық материалдандыру ретінде қызмет істейді. Әртүрлі ұлттардың арасында заттарды айырбастаудың әдеттегі тепе-теңдігі ойда-жоқта бұзылған жағдайда, шын мәнінде, алтын мен күміс халықаралық сатып алу құралы қызметін атқарады<sup>56</sup>.

... Қарапайым тауар айналысы сатып алу үшін сату, айналыстан тыс жатқан түпкі мақсатқа жету қызметін атқарады, яғни тұтыну құнын иемдену, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін. Керісінше, ақшаның капитал ретінде айналысы өзі мақсат болып табылады, себебі құнның өсуі, бұл тұрақты қайта пайда болып отыратын қозғалыс шегінде ғана жүзеге асырылады. Сондықтан капиталдың қозғалысының шегі болмайды<sup>57</sup>.

... Ақшаның иесі нарықта жұмыс күшін тауар ретінде табу үшін, әртүрлі шарттар орындалуға тиісті... Оны иесі тауар ретінде сату үшін, ол оған иелік ету мүмкіндігі болуы керек, яғни өзінің еңбек ету қабілетінің өзінің тұлғасының еркін иесі болуы шарт. Ол және ақшаның иесі нарықта кездеседі және тең құқықты тауар иелері ретінде бір-бірімен қатынасқа түседі, олар тек ғана, біреуі сатып алушы, ал басқасы сатушы, яғни, екеуінде тең заңды тұлға

---

<sup>55</sup> Сонда, 151 бет.

<sup>56</sup> Сонда, 154 – 155 бет.

<sup>57</sup> Сонда, 163 бет.

болып айрықшаланады. Бұл қатынасты сақтау үшін, жұмыс күшінің иесі оны тұрақты түрде тек қана белгілі бір мерзімге сатуы қажет, себебі, егер ол оны толық мәңгі-бақи сатса, онда ол сонымен бірге өзінде сатқан болар еді, еркін адамнан құлға, тауар иесінен тауарға айналар еді. Тұлға ретінде, өзінің жұмыс күшіне қатынасын өзінің меншігі ретінде сақтауға тиісті... яғни жұмыс күшін оқшауландыра отырып, оған меншік құқынан бас тартпайды. Ақшаның иесі тауар ретіндегі жұмыс күшін нарықта табу үшін қажетті екінші елеулі шарт – жұмыс күшінің иесі, оның еңбегі затқа айналған тауарды сату мүмкіндігінен айрылуы қажет, және керісінше, оның тірі организмінде ғана өмір сүретін жұмыс күшінің өзін тауар ретінде сатуға мәжбүр болуға тиісті<sup>58</sup>.

... Бірақ капиталистік өндірістің прогресі тек ғана ләззаттың жаңа әлемін жасап қана қоймайды, сонымен бірге алыпсатарлық және кредиттік істің дамуымен ол жедел баюдың мыңдаған көздерін де ашады. Дамудың белгілі бір сатысында ысырапшылдықтың кейбір шартты деңгейі, байлықты мақтаншылықпен көрсету және, яғни кредит алу құралына айнала отырып «бақытсыз» капиталист үшін тіпті іскерлік қажеттілік те бола алады. Молшылық капиталдың өкілетті шығынына кіреді<sup>59</sup>.

... Бәсеке күресі тауарларды арзандату арқылы жүргізіледі. Тауарлардың арзандауы еңбек өнімділігінен тәуелді болады, ал соңғысы – өндіріс көлемінен. Сондықтан кіші капиталдар үлкендерімен ұрылады. Есімізге түсірейік, капиталистік өндіріс

---

<sup>58</sup> Сонда, 178 – 179 бет.

<sup>59</sup> Сонда, 607 бет.



тәсілінің дамуымен, қалыпты жағдайда іс жүргізу үшін қажетті дербес капиталдың минималды мөлшері өседі. Сондықтан салыстырмалы кіші капиталдар, ірі өнеркәсіп кездейсоқ немесе толық емес иемденетін өндіріс салаларына ұмтылады. Бәсекелестік, бұл жерде бәсекелес капиталдардың санына тура пропорционалды және мөлшеріне кері пропорционалды қаһарын төгеді. Одан басқа, капиталистік өндіріспен бірге мүлдем жаңа күш дамиды – кредит; әуелі ол қорланудың сыпайы дем берушісі ретінде астыртын білдірмей кіреді, көрінбейтін жіп арқылы қоғамның үстінде үлкен және кіші массамен шашырап жатқан ақша құралдарын дербес немесе ассоцияланған капиталистердің қолына сыпыра тартады; кейін ол, бәсекелестік күрестің жаңа және аса қауіпті жарағына айналады, түптеп келгенде, капиталдарды орталықтандырудың қисапсыз әлеуметтік механизміне айналады<sup>60</sup>.

... Тауардың өндіріс бағасы, оны өндіру шығындарына плюс оларға қосылдырылған пайдаға тең болады, басқаша айтқанда: тауардың өндіріс бағасы оның өндіру шығындарына плюс орташа пайдаға тең<sup>61</sup>.

... Одан басқа, әртүрлі өндірушілермен өндірілген дербес тауарлардың нарықтық құнын, барлық уақытта оның жеке құнынан ажырата білу қажет. Нарықтық құн, бір жағынан, осы өндіріс саласында өндірілген тауарлардың орташа бағасы ретінде, ал басқа жағынан, осы салада орташа қалыпты жағдайда өндірілетін және

---

<sup>60</sup> Сонда, 640 бет.

<sup>61</sup> Сонда, 25 Т. 1 б. 171 – 172 бет.



саланың өнімінің елеулі массасын құрайтын тауарлардың жеке бағасы ретінде қаралады<sup>62</sup>.

... Бәсекелестік, бірінші кезекте, өндірістің бір саласында нені жүзеге асырады дейтін болсақ, – ол тауарлардың әртүрлі жеке дара құндарынан бірдей нарықтық құнды және нарықтық бағаны орнықтыру. Бірақ өндірістің әртүрлі салаларындағы бәсекелестік қана, әртүрлі салалардағы пайда нормасын теңестіретін өндіріс бағасын жасайды.

... Өндірістің бір және соның өзіндей саласындағы, бір және сондай түрдегі және шамамен бір және сондай сападағы тауарлар өздерінің құны бойынша сатылу үшін екі шарт қажет:

Біріншіден... қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес болатын соншама тауар массасын нарыққа шығару, яғни қоғам олардың сондай санының нарықтық құнын төлеуге қабілетті болуы үшін, әртүрлі сатушылардың бір-біріне жасайтын қысымы жеткілікті дәрежеде жоғары болуға тиісті. Егер өнімдердің массасы бұл қажеттіліктен артық кетсе, тауарлар олардың нарықтық құнынан төмен бағамен сатылуға тиісті; керісінше, егер өнімдердің массасы жеткілікті дәрежеде мол болмаса, олар олардың нарықтық құнынан жоғары бағамен сатылуға тиісті.

... Сондықтан, егер сұраныс пен ұсыныс нарықтық бағаны, немесе дәлірек айтсақ, нарықтық бағаның нарықтық құннан ауытқуын реттейтін болса, онда, басқа жағынан алғанда, нарықтық құн нарықтық бағаны ауытқуға мәжбүр ететін сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін реттейді.

---

<sup>62</sup> Сонда, 195 бет.

Екіншіден... қоғамдық қажеттіліктер саны, яғни оның мөлшері қаралуы тиісті.

... Өндірілген тауарлардың саны және олардың нарықтық бағамен сатылатын санының арасындағы айырмашылықтың екі жақты себебі болуы мүмкін. Немесе... сұраныстың өзгеріссіз қалуына қарамастан ұсыныс өзгереді және нәтижесінде относителді артық өндіру немесе кем өндіру орын алады. Немесе ұдайы өндіріс, яғни ұсыныс өзгеріссіз қалады, ал сұраныс әртүрлі себептерге байланысты құлайды немесе көтеріледі.

... Сұраныс пен ұсыныс түсінігін жалпылама анықтаудағы шын мәніндегі қиыншылық, бұл анықтамалардың тавтологияға саятындығында сияқты болып тұр. Әуелі ұсынысты қарайық, яғни нарықта тұрған немесе оған жеткізілуі мүмкін тауар. ... Бұл тауарлардың массасының белгілі бір нарықтық құны бар. Қоғам өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандырғысы келсе және осы мақсатта тауарлардың белгілі бір түрін өндіретін болса, оны олар төлеуге тиісті. ... Бірақ ешқандай да қажетті байланыс болмайды, тек қана нақты бір қоғамдық өнімге жұмсалған қоғамдық еңбектің барлық санымен, осы өнімді өндіруге қолданылатын жиынтық жұмыс күшінің арасындағы кездейсоқ байланыс байқалады. Әрбір дербес тауар немесе тауарлардың белгілі бір түрінің саны оларды өндіруге қажетті қоғамдық еңбекті ғана бойына сіңіретін болғандықтан тауарлардың барлық массасының нарықтық құны тек қана қажетті еңбекті көрсетеді. Дегенмен, белгілі бір тауар қоғамдық қажетті мөлшерден артық өндірілген болса, қоғамдық қажетті жұмыс уақытының бір бөлігі босқа жұмсалған болып

шығады, олай болса нарықтағы тауарлардың барлық массасы шын мәнінде өзінде бар қоғамдық еңбектің айтарлықтай аз санын көрсетеді.

... Сондықтан бұл тауарлар, олардың нарықтық құнынан төмен бағамен сатылуға тиісті, ал олардың бір бөлігі мүлдем сатылмауы да мүмкін. Егер белгілі бір түрдегі тауарларды өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбектің саны, сол өнімнің жәрдемімен қанағаттандыруға жататын қоғамдық қажеттіліктердің мөлшерімен салыстырғанда елеулі аз болса, керісінше жағдай орын алады. Егер қоғамдық еңбектің саны қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға жататын мөлшерге сәйкес болса, яғни өндірілген өнімдердің массасы сұраныстың өзгермеуі жағдайындағы ұдайы өндірістің кәдімгі көлеміне сәйкес болады, онда тауар оның нарықтық құнымен сатылады. Тауарларды олардың құнымен айырбастау немесе сату ұтымды принцип, олардың тепе-теңдігінің табиғи заңы; осы заңнан шығара отырып ауытқуды түсіндіру қажет.

Енді істің басқа жағын қарастырайық – сұранысты.

... Қарап отырсақ, сұраныстың жағында нарықта өзін жабу үшін қажетті тауарлардың белгілі бір санын талап ететін берілген мөлшердің белгілі бір қоғамдық қажеттілігі болады. Бірақ бұл қажеттіліктердің сандық анықтығы өте икемді және өзгермелі. Ол белгіленген сияқты ғана болып көрінеді. Егер өмір сүру құралдары арзан немесе ақшалай жалақы жоғары болатын болса, жұмысшылар көбірек сатып алған болар еді, онда тауарлардың берілген түріне барынша елеулі «қоғамдық қажеттілік» байқалар еді. Егер, басқа

жағынан алғанда, мысалы, мақтаға баға төмендесе, онда капиталистердің мақтаға сұранысы өсер еді...

Сұраныс пен ұсыныстың әркелкілігін және осыдан туындайтын нарықтық бағаның нарықтық құннан ауытқуын түсінуден оңай нәрсе жоқ. Шын мәніндегі қиындық: ұсыныс пен сұраныс жабылады деген түсінікті қалай анықтауда тұр.

Егер ұсыныс пен сұраныс жабылатын болса, онда олар әрекет етуін тоқтатады, сондықтан тауарлар, олардың нарықтық құны бойынша сатылады.

Демек, сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынас, бір жағынан, тек қана нарықтық бағаның нарықтық құннан ауытқуын, және басқа жағынан, бұл ауытқуды жоюға бағытталған тенденцияны, яғни сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынасқа әсерді жоюды түсіндіреді.

Егер сұраныс пен ұсыныс нарықтық бағаны анықтайтын болса, онда, басқа жағынан алғанда, нарықтық баға, ал одан ары қарай талдауда нарықтық құн сұраныс пен ұсынысты анықтайды. Сұранысқа қатысты – бұл айқын, себебі ол, бағаға қарама-қарсы бағытта өзгереді: баға төмендегенде көтеріледі, немесе керісінше. Бұл ұсынысқа да қатысты қолданылады. Шын мәнінде нарықта ұсынылатын тауарға кіретін өндіріс құрал-жабдықтарына сұранысты анықтайды, ал олай болса бұл өндіріс құрал-жабдықтарына сұраныс кіретін құралдардың ұсынысын да. Мақтаның құны мақта матасын ұсыныс үшін анықтаушы маңызға ие.



Бағаны сұраныс пен ұсыныс анықтайды және сонымен бірге сұраныс пен ұсыныс бағамен анықталады, одан әрі, сұраныс ұсынысты анықтайды және керісінше, ұсыныс сұранысты анықтайды, өндіріс нарықты анықтайды және нарық – өндірісті анықтайды – мұның бәрі қойыртпақ.

Тіпті қарапайым экономистің өзі түсінеді... нарықтық құн қандай болса да, сұраныс пен ұсыныс өткізілуі үшін олар теңесуге тиісті. Бұл, нарықтық құнды, сұраныстың ұсынысқа қатынасы анықтамайды, керісінше, нарықтық құн (авт.) сұраныс пен ұсыныстың ауытқуын түсіндіреді<sup>63</sup>.

... Заттық байлықтың өсуімен ақшалы капиталистердің табы өседі. Бір жағынан, істен сырттаған, рантье капиталистердің саны мен байлығы өседі, ал екіншіден, кредиттік жүйенің дамуы күшейеді, сонымен бірге банкирлердің, кредиторлардың, финансистердің т.с.с. саны да өседі. Бос ақша капиталының дамуымен құнды қағаздардың, мемлекеттік проценттік қағаздардың, акциялардың массасы көбейеді. Дегенмен, сонымен бірге бос ақша капиталына сұраныс та көбейеді, оның үстіне, бұл қағаздармен алыпсатарлық жасайтын биржа қызметкерлері ақша нарығында басты рөлді атқара бастайды<sup>64</sup>.

---

<sup>63</sup> Сонда, 197-210 бет.

<sup>64</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Шығ. 25 т. 55 бет.



В. И. Ленин (1870-1924). Тарихта ерекше орны бар, аса көрнекті қоғам қайраткері, пролетарлық революцияның көсемі, социалистік жүйенің негізін салушы. В.И. Ленин нарықтық экономиканың қалыптасуы, дамуы, қарама-қайшылығы, әлеуметтік-экономикалық салдары туралы мол мұра қалдырған ғалым-экономист. Оның «Экономикалық романтизмді сипаттауға», «Россияда капитализмнің дамуы», «Нарық теориясы туралы сұраққа жазба», «Азық-түлік салығы туралы» еңбектері бар. Жаңа экономикалық саясат (1921-1923 жж) кезеңінде В.И. Ленин халық шаруашылығында эквивалентті нарықтық қатынастарды қалпына келтірудің және кеңінен қолданудың, жоспар мен нарықты үйлестірудің, шаруашылықты жүргізуде нарықтық қатынастарды пайдаланудың маңыздылығын кешенді түрде негіздеді, насихаттады.

... Айналыстың еркіндігі деген не? Айналыстың еркіндігі – бұл сауданың еркіндігі, ал сауданың еркіндігі, демек, кері қарай капитализмге. Айналыстың еркіндігі және сауданың еркіндігі, бұл дербес ұсақ қожайындардың арасында тауар айырбасы дегенді білдіреді. Біздер бәріміз, кем дегенде марксизмнің әліппесін оқығандар білеміз, бұл айналыстан және сауда еркіндігінен сөзсіз тауар өндірушіні капиталдың иесіне және жұмыс қолының иесіне бөлу, капиталиске және жалдамалы жұмысшыға бөлу, яғни кездейсоқ аспаннан түспейтін, атап айтқанда, дүниенің бәрінде тауарлы егіншілік шаруашылығынан өсіп шығатын капиталистік жалдамалы құлдықты қайтадан қалпына келтіру шығады.

Шаруалар, өзінің қолында фабрикаларды, зауыттарды, өнеркәсіпті ұстап тұрған жұмысшы шаруалармен бірге айналысты жолға қоя алатынын практикада көрсетуін талап етеді. Және, басқа жағынан алғанда, нашар қатынас жолдары, кең-байтақ кеңістігі, әртүрлі ауарайы, әртүрлі ауылшаруашылығы жағдайы бар орасан үлкен егіншілік мемлекет, жергілікті көлемдегі жергілікті өнеркәсіптің айналысының белгілі бір еркіндігін сөзсіз керек қылады. Біз, тым алысты меңзей отырып, өте көп қателіктерге жол бердік, біз жергілікті айналысты жабу жолында, сауда мен өнеркәсіпті национализациялауда асыра сілтедік. Бұнымыз қате болды ма? Сөзсіз.

... Сонымен бірге, бұл жерде амалсыз қажеттілікте болады: біз осыған дейін құтырған, адам құлағы естімеген ауыр соғыс жағдайында өмір сүрдік, бізге экономика саласында да әскери әрекеттен басқа амалымыз қалған жоқ<sup>65</sup>.

... Тұтас мемлекетте өнеркәсіп өнімдерін егіншілік өнімдеріне азды-көпті социалистік айырбастау арқылы және социалистік ұйымдастырудың бірден-бір негізі ретінде осындай тауар айырбасымен ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру көзделген болатын.

Одан не шықты? Сіздер бәріңіз практикадан тамаша білетіндей, сонымен бірге оны біздің барлық баспасөзден көріп отырғандарыңыздай – шын мәнінде тауар айырбасы сәтсіздікке ұшырады: сондай мағынада сәтсіздікке ұшырады, ол сатып алу-сатуға айналды. Егер біз басымызды қанаттың астына тыққымыз

---

<sup>65</sup> РКП (б) X съезі. Бөліп салу салығын натуралды салықпен алмастыру туралы, 15 наурыз 1921 жыл. Ленин В.И. Толық шығармалар жинағы 43 том. 61-62, 63 беттер.

келмесе, егер біз өзіміздің жеңілгенімізді көрмейтін мардымсыған адамдарға айналмасак, егер қауіп-қатердің бетіне тіке қарауға қорықпайтын болсақ, енді біз мұны мойындауға мәжбүрміз. Біз шегінуіміздің жеткіліксіз болғанын мойындауымыз керек, қосымша шегінуіміз, тағы да кейін шегінуіміз қажет, біз мемлекеттік капитализмнен, сатып алу – сатуды және ақша айналысын мемлекеттік реттеуді жасауға көшеміз. Тауар айырбасымен ештеңе шықпады, жеке рынок бізден күштірек болып шықты, және тауар айырбасының орнына әдеттегі сатып алу – сату сауда пайда болды.

Оған бейімделуге еңбектеніңіздер, әйтпесе сіздерді сатып алу – сату, ақша айналысы орап алып әкетеді.

Экономиканы құру бізді аренда сияқты жағымсыз затқа ғана иек артып қоймай, сонымен бірге, коммерциялық есеп және сауда сияқты жат құбылысқа да сүйенуге душар етіп отыр. Біз коммерциялық есептен бойымызды аулақ салмауымыз керек, тек қана осының негізінде жалақы тұрғысынан және жұмыстың саны тұрғысынан алғанда да жұмысшыларды қанағаттандаратын біршама жағдайды жасауға болатынын түсінуіміз керек. Коммерциялық есептің осындай негізінде ғана шаруашылықты құруға болады. Егер біз бұны ескермесек, онда біз жаңа экономикалық саясатын лайықты түрде іске асыра алмаймыз<sup>66</sup>.

Мемлекеттік бақылаудан жалтармайтын «дұрыс» саудаға біздер қолдау көрсетуіміз керек, оны дамыту бізге пайдалы. Егер алыпсатарлықты саяси-экономикалық тұрғыдан түсінетін болсақ, онда алыпсатарлықты «дұрыс» саудадан айырып көрсетуге

<sup>66</sup> 1921 жыл 29-31 қазандағы VII Москва губпартконференция. 29 қазандағы Жаңа экономикалық саясат туралы баяндама. ППДЖ. 44 т. 207-208, 216-217, 219-220 беттер.

болмайды. Сауданың еркіндігі — капитализм, ал капитализм алыпсатарлық, оған көз жұма қарау күлкілі.

Не істеу керек? Алыпсатарлықты жазаланбайтын деп жариялау керек пе? Жок. Алыпсатарлық жазаланады деп жариялай отырып мемлекеттік бақылаудан, қадағалаудан, есепке алудан тікелей немесе жанама, ашық немесе бұркемеленген жалғарулар туралы барлық заңдарды қайта қарау және қайта өңдеу керек. Сұрақты осылай деп қоя отырып, болмай қоймайтын, белгілі бір шамада бізге қажетті капитализмнің дамуын мемлекеттік капитализм арнасына бағыттауға қол жеткіземіз<sup>67</sup>.

Егер... диқандардың қасында электр сымдарының желісі бар тамаша ірі машиналы индустрия өзінің техникалық қуатына, ұйымдық «қондырмасына» және ілесе жүретін құбылыстарына қарай ұсақ диқандарды барынша жақсы, бұрынғыға қарағанда жедел және арзан өнімдермен қамтамасыз ететін индустрия болмаған жағдайда, сауда ондаған миллион ұсақ диқандар мен ірі өнеркәсіптің арасындағы экономикалық байланысты мүмкін ететін бірден-бір сала. Дүниежүзілік көлемде бұл «егер» жүзеге асырылған, бұл жағдай әлдеқашан айқын болған, бірақ дербес ел, оның үстіне, өнеркәсіп пен егіншіліктің нақты жаңа байланысын жолға қоюға және бірден, тікелей жүзеге асыруға тырысқан, даму жағынан ең артта қалған капиталистік ел бұл мақсатты «штурмдық шабуылмен» еңсере алмады, енді оны баяу, бірте-бірте, сақтықпен «қоршауға алу» әрекетімен еңсеруге тиісті.

---

<sup>67</sup> Азық-түлік салығы туралы (1921) ПШЖ. 43 Т. 236-237 беттер.

Пролетарлық мемлекеттің билігі сауданы игере, оған бағыт бере, белгілі бір шекте ұстай алады<sup>68</sup>.

---

<sup>68</sup> Алтынның қазір және социализмнің толық жеңісінен кейінгі маңызы туралы (1921) ТІДЖ. 44 Т.226-227 беттер.



#### 4. РЕСЕЙДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІЛІМДЕР

М.И.Туган-Барановский (1865-1919). Орыс экономисі, тарихшы, қоғам қайраткері. Өзінің «Қазіргі замандағы Англияның өнеркәсіптік дағдарысы, олардың себептері және халықтың тіршілігіне әсері» (1894) атты еңбегінде дағдарыстардың пайда болуын қарыз капиталының қозғалысының ерекшелігімен және банктік ресурстардың шектеулігімен байланыстырды. Оның теориялық мұрасында, нарықтық қатынастарды зерттеу дағдарыс теориясымен тығыз байланысты.

... Бір нәрсені сатып алу үшін, оның алдында бір нәрсені сату керек. Ақшаның арқасында бұл процесс күрделенгеніне қарамастан, ол өзінің мәні жағынан натуралды айырбастағыдай болып қалады: өнім барлық уақытта өнімге айырбасталады.

Әлбетте, өндірістің мақсаты тұтыну болып келеді. Дегенмен адамзаттың қажеттілігі соншама ауқымды және сондай шамаға дейін кеңеюі мүмкін болғандықтан адамзат өндірілген өнімдерді тұтына алмайды деген қауіп негізсіз емес<sup>69</sup>.

... Тауарларды артық өндіру нарықтың сондай жағдайын көрсетеді, ондай жағдайда тауарлар өздерінің бұрынғы бағасымен сатыла алмайды.

... Сауданың құлдырауы сауда айналысының қысқаруы емес, ол тауар бағасының төмендеуі... деп аталады.

---

<sup>69</sup> Промышленные кризисы в современной Англии, их причины и влияние на народную жизнь. СПб., 1894. Стр., 380

Тауарларға сұраныс, оларды өндіруге жұмсалған шығынды жабуға жеткіліксіз болатын нарықтың жағдайы тауарларды жалпы артық өндіру деп аталады.

Егер тауардың бағасы оны өндіру бағасынан төмен түссе, онда өндіріс, тауардың бағасы жеткілікті деңгейге дейін қайтадан көтерілуі үшін тоқтатылуы немесе соншалықты шамаға қысқаруы керек<sup>70</sup>.

Қайтадан шығарылған тауарларға нарықтың пайда болуы үшін салынуды іздейтін капитал белгілі бір пропорцияда бірсыпыра өнеркәсіп салаларының арасында бөлінуге тиісті. Егер бұл сәтті орындалса, онда сұраныстың өсуі ұсынысқа сәйкес болады және өндіріс өндірушілер үшін залалсыз ұлғаяды<sup>71</sup>.

**В.А.Базаров (Руднев) (1874 - 1939) – философ, экономист, публицист, социал-демократ**

... Қоғамға қатысты қозғалмалы немесе статикалық тепе-теңдік туралы айтуға болады. Мысалы, қандай да бір болмасын А тауарына қатысты сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі, бір уақыт бірлігінде нарыққа соншама А тауарының данасы келеді, соншама нарықтан тұтыну саласына кетеді; физика тілінде нарықтық тепе-теңдік нарықтық «тегістіктің» «қайнар көзі» мен «ағын арнасының» тепе-теңдігімен сипатталады, соның салдарынан тауарлардың тасқыны, еш жерде тауар массасының кептелісін болдырмай нарық арқылы іркіліссіз өтеді дегенді білдіреді. Алайда, сірә нарықтық

---

<sup>70</sup> Сонда, 503 бет.

<sup>71</sup> Сонда, 435 бет.

тепе-теңдікті, тауарлардың кейбір өзгермейтін топтарының нарықтың әртүрлі пункттарында тұрақты орналастырылған деп түсіндіруге болмайды<sup>72</sup>.

... Егер нарық әбден толтырылса және қажетті жағдайда тауар интервенциясын жасауға мүмкіндік беретін мемлекеттік резервтер болса – бөлшек сауданы реттеп отыру біршама жеңіл жүзеге асырылады (тіпті саудада жеке кәсіпкердің рөлі елеулі болады). Керісінше тауар аштығы жағдайында мемлекеттің және кооперацияның қолында сауда операцияларының басым массасының шоғырлануы әртүрлі үстемелермен күресуде табысқа жетуге мүлде кепілдік бермейді<sup>73</sup>.

... Шамасы, барлық жағдайда ақша жүйесінің күйреуі, құндылық өлшемінің сабақтастығын сақтай отырып ақшаның бір түрін басқа ақшамен ығыстыруда тұр. Белгілі бір шақта құнсызданған ақша белгілерін белгілі бір курс бойынша сатып алуға болады. Егер жаңа ақша есебі құрылса және меңгерілсе, егер тұрғындар жаңа ақшамен қамтамасыз етілсе, оны жоюға да болады. Қағаз ақша айналысы теориясы тұрғысынан алғанда бірінші немесе екінші жол таңдалама деген сұрақтың, енді ешқандай да маңызы болмайды<sup>74</sup>.

... Ақша айналысының терең бұзылуы халық шаруашылығын жаңа құндылық өлшеуішіне және құндылық есеп шотына көшуге мәжбүр етті; бұл жүйе болып табылады: баға индексі бойынша

---

<sup>72</sup> Капиталистические циклы и восстановительный процесс хозяйства СССР. М – Л. 1927. Стр. 64-65. Л.Н.Юровский.

<sup>73</sup> К пятилетию НЭПа. – Журн. Экономическое обозрение. 1926. №3. С.14.

<sup>74</sup> Современные проблемы денежной политики. М., 1926. Стр. 25.

«тауарлы рубльде» «есептеу», ресми курсы бойынша «алтын рубльде», ал кейде алтын монетаның нақты құны бойынша – алтында. Бірақ мұнымен шаруашылық қанағаттана алмады: оған – берік ақша төлем құралы және қорлану жарағы қажет болды. Мұндай ақша мемлекеттік банктің банкноттары болып шықты және елге, онсыз іс тынбайтын валюта – червонецті берді<sup>75</sup>.

... Біз тұрақты валюта туралы айтқан кезде, біз тұрақтылықтың екі әртүрлі көрінісіне назар аударамыз. Шетелдік валюталарға қатысты курстың тұрақтылығын және тауарларға қатысты ақшаның сатып алу күшінің тұрақтылығын. Әрине, бұл әртүрлі құбылыстар. Шетелдік валютаның курсы сыртқы төлем балансының жағдайынан тәуелді болады. Тауарларға қатысты ақшаның сатып алу қабілеті, әрбір берілген сәтте (моментте) тауар айналымы және соңғысына берілген ақша санынан тәуелді болады. Ақшаның сатып алу күшінен және оның курсының арасында сөзсіз байланыс бар. Бірақ бұл байланыс, курстың тұрақтылығы жағдайында сатып алу күшінің, уақытша төмендеуіне және керісінше, курстың тұрақсыздығы жағдайында уақытша көтерілуіне бөгет жасамайды<sup>76</sup>.

---

<sup>75</sup> На путях к денежной реформе . М., 1924 стр. 99.

<sup>76</sup> Современные проблемы денежной политики. М., 1926 стр. 42.



Н.Д.Кондратьев (1892-1938) – орыс экономисі. Шаруа отбасында дүниеге келген, Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1917 жылдың қазан айында Уақытша үкіметтің азық-түлік министрінің орынбасары болған. Қазан айынан соң ол Ауылшаруашылық академиясында жұмыс жасайды, сосын Конъюктурлық институтты басқарған. 1938 жылы жабылған жалған жала бойынша атылған.

Нарық, өзінің баға жүйесімен дербес шаруашылық бірліктерін өзара байланыстыратын орталық торап сипатында көрінеді. Нарық бұл бірліктердің шаруашылық қызметтерінің жетістігін және сәтсіздігін анықтайды. Одан әрі, экономикалық өмірдің кәсіпкерлік және жалпы шаруашылық іс-әрекеттің дамуы үшін қолайлы кезеңі болатынын көреміз. Нарыққа түсірілетін тауарлар көтеріліп жатқан баға негізінде өткізіледі. Мұндай кезеңдерде шаруашылық іс-әрекет ерекше қуатқа ие болады. Бұл қуат өндірістің кеңеюінде және сауда айналымының күшеюінде, дербес кәсіпорындардың жағдайының нығаюында көрінеді.

Керісінше, шаруашылық өмір өзінің дамуы үшін объективті кедергілерге кездесетін кезеңдер де болады. Тауарларды өткізу қиындайды, табыстар төмендейді, шаруашылық-кәсіпкерлік іс-әрекет баяулайды. Қысқаша айтқанда «түрлі жағдайлардың тоғысуы» шаруашылық қызметтің дамуы үшін қолайлы және керісінше, қолайсыз болатын кезеңдер орын алады. Бұл – азды-көпті «түрлі жағдайлардың тоғысуының» ауысуы, бізді конъюктураны түсінуге әкеліп соқтырады. Біз, конъюктура түсінігінің экономикалық мазмұны басқадан емес, нарықтың



арқасында ашылатын жағдайлардың жиынтығынан көруге бейім боламыз<sup>77</sup>.

---

<sup>77</sup> Проблемы экономической динамики. М., 1980 стр. 67-68.

## 5. КЕЙНСТІК ІЛІМ

Дж.М.Кейнс (1883-1946)

Ағылшын экономисі, қоғам қайраткері, батыс экономикалық ілімінің бір бағытының негізін салушы. Джон Мейнард Кейнске әлемдік мәшһүрлікті 1919 жылы жарияланған «Версаль келісім-шартының экономикалық салдары» атты еңбегі алып келді. Оның көптеген еңбектерінің ішіндегі бастысы 1936 жылы жарық көрген «Жұмыспен қамтылудың, процент және ақшаның жалпы теориясы» жұмысы болып табылады.

... Сэй заңы (өнімге сұраныстың жиынтық бағасы өнімнің кез келген көлемі үшін ұсыныстың жиынтық бағасына тең) толық жұмыспен қамтылуға қол жеткізу үшін кедергі жоқ деген жорамалға тең. Егер жиынтық сұраныс пен ұсыныстың функциясын байланыстыратын заң, шын мәнінде олай болмай шықса, онда бұл, экономикалық теорияның маңызды тарауын енді ғана жазу күтіледі дегенді білдіреді; онсыз жұмыспен қамтылудың жалпы деңгейін анықтайтын факторлар туралы барлық айтыстар құр босқа болып қалады<sup>78</sup>.

... Жұмыспен қамтылудың кез келген мәлім деңгейін қолдау үшін, сол деңгейде (автор) қоғам тұтынғысы келетіннің үстіндегі жиынтық өнімнің артылуын сіңіретін ағымдық инвестиция қажет. Егер мұндай инвестициялар жүзеге асырылмаса, кәсіпкерлердің табысы олардың жұмыспен қамтылудың осындай деңгейіне қол жеткізуге ұмтылысын ынталандыруға қажетті табысынан төмен

<sup>78</sup> Общая теория занятости, процента и денег. М., 1978 стр. 79-80.

болады. Бұдан біз, қоғамның тұтынуға бейімділігі деп аталатын көрсеткіштің мәлім мөлшерінде жұмыспен қамтылудың тепе-теңдік деңгейі, яғни кәсіпкерлердің жұмыспен қамтылуды я кеңейту, я қысқартуға ұмтылысы болмайтын деңгейі, ағымдық инвестицияның мөлшерінен тәуелді болады<sup>79</sup>.

... Тұтынуға бейімділік және жаңа инвестициялардың көлемі жұмыспен қамтылудың көлемін анықтайды, ол өз кезегінде нақты жалақының мөлшерімен байланысты екені айдан анық. Егер тұтынуға бейімділік және жаңа инвестициялардың көлемі тиімді сұраныстың жеткіліксіздігіне әкеліп соқтыратын болса, онда жұмыспен қамтылудың шын мәніндегі деңгейі қолданыстағы нақты жалақы жағдайындағы еңбекті ұсынудың ықтимал шамасынан аз болады, ал тепе-теңдіктің жағдайына сәйкес болатын нақты жалақы, сондай тепе-теңдіктің жағдайындағы еңбектің шекті ауыртпалығынан көп болады.

Келтірілген талдау молшылық жағдайындағы кедейліктің оғаштығын түсіндірудің кілтін береді. Тиімді сұраныстың жеткіліксіздігі, толық жұмыспен қамтылу деңгейіне қол жеткізілгенге дейін жұмыспен өсуін шектейді<sup>80</sup>.

... Жиынтық табыс пен жиынтық жинақ мөлшері тұтыну немесе тұтынбау (авт.) және соған сәйкес инвестициялау немесе инвестиция салмау (авт.) туралы еркін шешім қабылдайтын көптеген тұлғалардың әрекетінің нәтижесі болып табылады. Алайда тұтыну мен инвестиция мөлшерінен тыс дербес шешімдермен

---

<sup>79</sup> Сонда, 80-81 беттер.

<sup>80</sup> Сонда, 83-84 беттер.

анықталатын шешімдердің бірде-біреуі қандай да бір айырықша маңызға ие бола алмайды<sup>81</sup>.

... Біздің, адамның табиғаты туралы білімімізден туындайтын, сонымен бірге өткен тәжірибемізді терең талдау негізінде, болуы туралы біз толық сеніммен айта алатын негізгі психологиялық заң – адамдар, әдетте өздерінің тұтынуын табыстарының көбеюіне қарай өсіреді, бірақ табыстарының сондай өсу шамасына қарай емес дегенде тұр<sup>82</sup>.

... Капитал, тұтынудан дербес болатын тұйық субстанция болып табылмайды. Керісінше, тұтынуға бейімділіктің қандай да бір болмасын әлсіреуі... тұтыну тауарларына сұраныстың қысқаруына ғана емес, сонымен бірге капиталға сұраныстың азаюына да әкеліп соқтырады<sup>83</sup>.

... К-ны инвестицияның мультипликаторы деп аталық. Инвестицияның жалпы сомасының өсімі орын алса, онда табыс инвестицияның өсімінен К рет асып кететін сомаға көбейеді<sup>84</sup>.

... Процент нормасы – бұл инвестиция үшін ресурстарға сұранысты теңестіретін және ағымдық тұтынудан тартынуға дайын болу «бағасы» емес. Бұл, қолма-қол ақша формасындағы айналыста жүрген ақша санымен байлықты табандылықпен ұстап тұру ниетін теңестіретін «баға»<sup>85</sup>.

... Біздің мақсатымыз... әрбір мәлім уақытта нақты экономикалық жүйенің ұлттық табысы және ондағы жұмыспен

---

<sup>81</sup> Сонда, 120 бет.

<sup>82</sup> Сонда, 157 бет.

<sup>83</sup> Сонда, 169 бет.

<sup>84</sup> Сонда, 179 бет.

<sup>85</sup> Сонда, 232 бет.

қамтылудың шамасы немен анықталатынын білуде тұр. ...Біздің түпкі мақсатымыз, біз өмір сүріп жатқан, сол нақты жүйедегі саналы бақылау немесе орталық билікпен басқарудың аясында болуы мүмкін айнымалыларды таңдау болып табылады.<sup>86</sup>

---

<sup>86</sup> Сонда, 318 бет.



## 6. «МЕМЛЕКЕТТІК СОЦИАЛИЗМ»

Янош Корнай (1928)

Венгер ғылым академиясының толық мүшесі. Венгер шаруашылық реформасының теоретиктерінің бірі болып табылады. Ол сонымен қатар жоспарлы экономиканың нарықтық экономикаға түрленуіне іргелі үлес қосқан, әсіресе жоспарлау шартындағы экономиканы орталықтан басқарудың жағымсыз салдарын зерттеген ғалым.

Орта ғасырдың аяғында адамзат жеке меншікке негізделген нарықтық экономикаға өтті.

... Өзгерістердің шешуші сәті – жеке белсенділіктің алға шығуында, жеке меншіктің заңмен қорғалуында тұр. Бұл сұрақтарды шешуде, әзірше, екіұдайылық сақталып тұрғанда, яғни әзірше жеке кәсіпорын бір мезгілде әрі көтермеленуге, әрі қуғындалуға, әрі қуатталуға, әрі жек көрініштілікке ұшырап тұрғанда экономикадағы ситуацияның елеулі жақсаруына сенуге болмайды.

Бүкіл әлем экономиканы қалай қалпына келтіру керек – бірте-бірте ме, әлде бір төпелеген соққыменбе деген сұрақты талқылауда. Мен ойлаймын, бұл сұраққа жауап бір жақты бола алмайды. Егер әңгіме меншік қатынастарын өзгерту туралы болса, онда бұл өзгерістер қысқа мерзімде іске асырылмайды, көшу тұтас тарихи дәуірді қажет етеді.

Макроденгейдегі тұрақтандыру басқаша болады... Барлық маңызды іс-әрекет бір мезгілде жүзеге асырылуға тиісті. Қазірге тапшылық пен инфляциядан, шиеленіскен баға жүйесінен, салық

және субсидия жүйесінің бұзылуынан, жалған валюталық курс пен банк нарқынан, сонымен бірге бюджет тапшылығынан зардап шегіп отырған экономиканың ауруын мардымсыз косметикалық жөндеумен емдеу мүмкін емес. Жартылай істелген шаралар мәселелерді күрделендіре түседі.

Өтпелі кезең, үкімет ауқымды халықаралық қолдауға сүйене алғанға дейін ғана жемісті болуы мүмкін. Күшті үкімет қажет, бірақ оның күші халықты қорқытуға негізделмеуі керек. Үміт сонда ғана пайда болады, егер осындай ұлы өзгерістерге қатысқысы келетіндер өздерінің күштерін біріктірсен<sup>87</sup>.

... Еркін экономика – бұл, сөзсіз, нарықтық экономика. ...Еркін экономика – нарықта адал бәсекелестік болатын экономика, онда нарыққа кедергісіз еруге және одан кетуге болады. Еркін экономика түсінігі, сонымен бірге, меншік құқының белгілі бір формасын және белгілі бір институционалдық және саяси құрылымды көздейді. Бұл жүйе жеке меншіктің еркін пайда болуын және қорғалуын ынталандырады және жеке меншік секторында өнімнің негізгі массасының өндірілуіне әкеліп соқтырады. Бұл жүйе жеке дара белсенділікті және кәсіпкерлікті ынталандырады, заңның күшімен барлығын мемлекеттің керексіз араласуынан қорғайды. Еркін экономика саяси күштер мен идеялардың еркін бәсекелестігімен сипатталатын демократиялық саяси жүйеге құрылған. Бұл еркіндіктерді қамтамасыз ету жоғары дербес

---

<sup>87</sup> Янош Корнай. Путь к свободной экономике. М., 1990 стр. 2-4.

құндылыққа ие, сондықтан экономикалық саясатты жасап шығаруда бірінші кезектегі мақсат болуға тиісті<sup>88</sup>.

... Біз ұмтылатын сондай әлеуметтік өзгерістердің маңызды элементі – бұл жаңа орта тапты қалыптастыру, оның ядросын, өздерінің әлеуметтік мәртебесін көтеруге талпыныс жасайтын еңбексүйгіш, қажырлы кәсіпкерлер құрайды. Нарық табиғи таңдау жасайды, нәтижесінде ұсақ және орта меншік иелерінен экономикалық прогресстің пионерлері, ірі кәсіпорындардың негізін салушылар алға шығады. Кейіннен олардың қатарында басқалары да пайда болады, яғни өздері жаңа фирмаларды құруға қатыспайтын, бірақ акцияны сатып алу немесе басқа формадағы жолдармен экономиканы дамытуға шын көңілімен қаржы салатындар<sup>89</sup>.

... Нарықтық экономикада жоғары тиімділіктегі өндіріс өндірушіге пайда әкеледі. Бұған керісінше, өндірістің төмен тиімділігі шығынға әкеліп соқтырады, ал шығынға батқан өндіруші ерте ме, кеш пе сөзсіз нарықтан аластатылады. Осындай және тек қана осындай жолмен нарықтық экономика өндірістің тиімділігіне әсер етеді. ...Дегенмен инфляция жағдайында мұндай таңдау мүмкін бола қоймайды, себебі тиімді де, тиімсізде өндіріс «ақталады». Тіпті өте нашар жұмыс істесе де, өндіруші ерте ме, кеш пе өзінің шығындарын бағаны көтеру жолымен таба алады<sup>90</sup>.

... Бүкіл әлемде не болып жатқанына назар аударайық! Саясаткер немесе экономист нарыққа неғұрлым бейімді болса,

---

<sup>88</sup> Сонда, 11-12 беттер.

<sup>89</sup> Сонда, 29 бет.

<sup>90</sup> Сонда, 70-71 беттер.

соғұрлым инфляцияға қарсы шығады. Керісінше, ол неғұрлым мемлекеттің араласуын жақтаса, соғұрлым инфляцияға аз назар аударады.

Сайып келгенде, «хирургиялық» операцияның басты мақсатының бірі – инфляциялық процесті тоқтату болып табылады. Макроұсыныс пен макросұраныс балансылануға тиісті. Операцияның мәні өте қарапайым. Белгілі бір шамадағы макроұсынысқа белгілі бір макросұраныс қарсы тұрады. Жалпы біз бағаның еркін ойнауына рұқсат береміз. Бұндай жағдайдағы бағаның белгілі бір деңгейінде тепе-теңдікке қол жеткізіледі<sup>91</sup>.

... Мүмкіндігіне қарай барлық бағаны тезірек еркін қылу маңызды. Сұраныс пен ұсыныс арасында тепе-теңдікке қол жеткізу және тепе-теңдік нарықтық бағаның пайда болуы әжептәуір уақытты қажет етеді.

... Түптеп келгенде либерализациялау негізінен бірыңғай бағаны қоюға әкеліп соқтырады. Бірыңғай баға, саяси экономияда жетілген бәсекелестік деп аталатын нарықтық құрылым жағдайында ғана пайда болады. Жетілмеген бәсекелестік жағдайында (дамыған нарықтық экономикада көптеген салаларға тән) бағаның белгілі бір шашыраңқылығы байқалады<sup>92</sup>.

---

<sup>91</sup> Сонда, 72 бет.

<sup>92</sup> Сонда, 98-99 беттер.



## 7. МАРЖИНАЛИЗМ ЖӘНЕ НЕОКЛАССИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ.

Альфред Маршалл (1842-1924). XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында экономикалық теорияда маңызды орын алатын ағылшын экономисі. Онымен ұсынылған бірсыпыра идеялар микроэкономиканың негізін салды.

Негізгі еңбектері: «Саяси экономияның принциптері», «Өнеркәсіп экономикасы», «Өнеркәсіп және сауда», «Ақша, кредит және сауда».

... «Бәсекелестік» түсінігінің дәлме-дәл мағынасы әлбетте, сонда тұр, онда бір адам басқа адаммен жарысқа түседі, әсіресе бір нәрсені сатуда немесе сатып алуда. Қазірде жарыстың бұл түрі, бұрынғы кезге қарағанда, күмәнсіз, қарқынды және кеңінен таралған, бірақ бұл қазіргі заманғы индустриалды өмірдің болмашы ғана және тіпті айтар едік, кездейсоқ нәтижесі болып табылады<sup>93</sup>.

... «Бәсекелестік» терминінен ызаның тым ащы дәмі білінеді, ол басқа адамдардың әл-ауқатына деген менмендік пен парықсыздықтың белгілі бір үлесін көрсететін мағынаға айналды. Шынын айту керек, өндірістің бұрынғы нышандарында (формаларында) қазіргі замандағыға қарағанда саналы пайдакүнемдік аздау байқалатын еді, бірақ онда саналы түрдегі риясыздықта аз болды. Қазіргі заманның ерекшелігін пайдакүнемдік емес, есті есеп құрайды<sup>94</sup>.

<sup>93</sup> Принципы политической экономики. Т.1. М., 1983 стр.60.

<sup>94</sup> Сонда 61 бет.

... Егер бәсекелестік талқылауға шығарылса, бірінші кезекте, энергияны және өзін-өзі ұсынуды қолдау үшін маңызды, оның әсерінің тоқтауы қоғамдық әл-ауқаттың тұрақтылығын бұзуы мүмкін деген оның қоғамға зиянды нышандарына айырықша назар аударылады.

Көптеген жағдайда «бәсекені реттеу» – жаңылысуға тап қылатын термин, оның артында жиі өзінің ұжымдық күшін қолданатын өндірушілердің ерекше пұрсатты табының пайда болуы, олардың қоғамдық баспалдақ бойынша жоғары көтерілуге қабілетті адамдардың қадамына тосқауыл қоюы тасаланады<sup>95</sup>.

... Демек, біз, «бәсеке» термині қазіргі дәуірдегі индустриалдық өмірдің ерекшелігін сипаттау үшін жеткілікті дәрежеде жарамды бола алмайды деп қорытынды жасауымызға болады. Бізге өнегелі қасиеттермен (ізгі немесе жаман болғанына қарамастан) байланысты емес, бірақ қазіргі кездегі сауда мен өнеркәсіпке тән дербестік, үлкен сақтық, барынша есті және шешімнің еркін таңдауын көрсететін термин керек. Бұл мақсатқа нақты сәйкес келетін біртұтас термин жоқ, бірақ өндіру және кәсіпкерлік еркіндігі ұғымы немесе қысқаша айтқанда, экономикалық еркіндік дұрыс бағытқа жөн сілтейді, және оны одан артығы болмағандықтан қолдануға болады<sup>96</sup>.

... Егер саудагер немесе өнеркәсіп иесі өндірісте пайдалану үшін немесе қайта сату үшін бір нәрсені сатып алса, оның сұранысы, одан шығарып алуға болатын пайданы күтуге

---

<sup>95</sup> Сонда 63 бет.

<sup>96</sup> Сонда, 65 бет.

негізделеді. Бұл пайда барлық уақытта алыпсатарлық тәуекелден және басқа да себептерден тәуелді болады. Дегенмен түптеп келгенде, саудагер немесе өнеркәсіп иесі зат үшін төлеуге өзіне ерік беретін баға, бұл зат үшін немесе соның қатысуымен өндірілген басқа заттар үшін тұтынушылар төлейтін бағадан тәуелді болады. Сондықтан барлық сұранысты түпкі реттеуші тұтынушылық сұраныс болып табылады<sup>97</sup>.

... Пайдалылықтың азаю заңын бағаның тіліне аударайық... Біздің заңымызды былай деп баяндауға болады: адам қандай да бір болмасын заттың неғұрлым үлкен мөлшеріне ие болған сайын, оның мардымсыз қосымша санына төлеуге дайын баға соғұрлым төмен болады, немесе басқа сөзбен айтқанда, оның сұранысының шекті бағасы төмендейді. Ол төлеуге келісетін баға, сатушылар келісетін деңгейге жеткен кезде ғана, оның сұранысы тиімді болады<sup>98</sup>.

... Сұраныстың жалпы заңы: сатылады деп есептелетін тауардың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым оған қойылатын баға төмен болуға тиісті, басқаша айтқанда сұраныс пен талап етілетін тауардың саны баға төмендегенде көтеріледі және баға өскен кезде қысқарады. Мұнда, бағаның төмендеуі және сұраныстың көтерілуі арасынла дәлме-дәл бірдей ара қатыс жоқ<sup>99</sup>.

... Біздің тізіміміздегі сұраныстың бағасы – сол бағамен берілген уақыт кезеңінде және нақты қалыптасқан жағдайда нарықта сатылуы мүмкін тауарлардың әртүрлі саны болып

---

<sup>97</sup> Сонда, 155 бет.

<sup>98</sup> Сонда, 157 – 158 беттер.

<sup>99</sup> Сонда, 157 – 158 беттер.

табылады. Егер белгілі бір себептермен жағдай өзгертін болса, мүмкін, бағаны да өзгерту қажет болар. Ал оны әрдайым жасауға тура келеді, себебі нарықта бәсекелес тауардың арзандау немесе жаңасын ойлап табу нәтижесіне қарай қандай да бір болмасын тауарды сатып алу әдеті де елеулі түрде өзгеріп отырады<sup>100</sup>.

... Жеке адамның сұранысында болатын жағдай сонымен бірге барлық нарықтың сұранысында да орын алады. Мынадай қорытынды шығаруға болады: нарықта сұраныстың икемділік дәрежесі (немесе сезімталдық жылдамдығы) бағаның төмендеуіне қарай қандай шамада оның көлемінің өсуінен немесе баға көтерілгенде – қысқаруынан тәуелді болады<sup>101</sup>.

... Жоғары баға жағдайында сұраныс икемділігі зор және орташа баға жағдайында, кем дегенде, елеулі; бірақ баға төмендеген сайын сұраныс икемділігі қысқарады, егер бағаның төмендеуі елеулі болса, онда икемділік бірте-бірте толық жойылады, мұндай жағдайда сұраныстың толық қанағаттандырылу деңгейіне қол жеткізіледі<sup>102</sup>.

... Сұраныс, жалпылай айтқанда, өте-мөте икемсіз, біріншіден, абсолютті өмірлік қажетті заттар үшін (дәстүрлі тұтыну заттарына және еңбек өнімділігін қамтамасыз ететін тұтыну заттарына қарағанда) және екіншіден, байлардың табысының үлкен бөлігін талап ететін әшекей бұйымдардың түрлері үшін де<sup>103</sup>.

---

<sup>100</sup> Сонда, 164 бет.

<sup>101</sup> Сонда, 167 бет.

<sup>102</sup> Сонда, 168 бет.

<sup>103</sup> Сонда, 168 бет.



... Ұсыныс пен сұраныстың арасындағы байланыс туралы айта бастағанда, әрине, олар қатысатын нарықтар бірегей болғаны дұрыс. Курно атап көрсеткендей экономистер «нарық» терминін, заттар сатып алынатын және сатылатын нақты бір алаң деп түсіндірмейді, оны бірегей тауарлардың бағаларының оңай және жедел теңесу тенденциясы орын алатын, сатып алушылар мен сатушылар бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсетін кез келген аудан деп түсінеді. Өз кезегінде Джевонс «Алғашқыда нарық азық-түлік өнімдері және басқа да заттар сатуға қойылатын қаладағы көпшілік орын болды, кейін бұл сөз қоғамдастырылып тығыз іскерлік қатынасқа және кез келген тауар бойынша ірі шарт жасасатын адамдардың әртүрлі топтарын білдіре бастады. Үлкен қалада шаруашылықтың маңызды қанша саласы болса, соншама нарыққа ие бола алады, және де бұл нарықтар белгілі-бір орынға тұрақты орналасуы немесе орналаспауы да мүмкін. Саудагерлер өзара келісіммен кездесетін және шартқа отыратын нарықтың орталығы көпшілік биржада сауда немесе аукциондық залдар қызмет көрсетеді»<sup>104</sup>.

... Бартерде (натуралды айырбас – авт.) екі адамның бір-бірімен айырбастайтын заттарының саны олардың дербес қажеттіліктеріне толық сәйкес болуы керек. Егер оның саны біреуінде мейлінше қомақты болса, онда ол оған онша көп пайда әкелмейді. Егер бұл сан мейлінше аз болса, ол үшін, оның мұқтаж затын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ететін адамды табу

---

<sup>104</sup> Принципы политической экономики. Т. 2. М., 1984, 6 – 7 беттер.



қиындыққа түсуі мүмкін, өз кезегінде, оның өзі біріншісінде бар нақты заттарға мұқтаж болар еді<sup>105</sup>.

... Әдетте өнеркәсіпшілер, өздерінің заттарын көтерме саудагерлерге мардымсыз сауда шығыны қосылатын бағамен сататын нарықты қазіргі заманға тән нарық деп жиі есептейді. Дегенмен, бұл сұрақты кеңірек қарай отырып, айтуымызға болады: тауардың ұсыныс бағасы, қазіргі сәтте біз зерттеп отырған адамдар тобының нарығындағы сұранысына қарай сатуға түсетін баға. Ұсыныс бағасын анықтауда сауда шығынының қандай мөлшерін есепке алу қажеттігі, осы нарықтың сипатынан тәуелді болады. Мысалы, канадалық ормандарға жақын ағаш материалдарының ұсыныс бағасы түгелге жуық ағаш кесушілердің еңбегінің бағасынан құралады, ал лондондық көтерме нарықта сондай ағаш материалдарының ұсыныс бағасына ірі көлік шығындары кіреді<sup>106</sup>.

... Тепе-теңдік деп нені түсіну керек... өнімнің саны соншама, нәтижесінде сұраныс бағасы ұсыныс бағасынан жоғары, соған орай сатушылар нарыққа сондай мөлшердегі тауарды жеткізу пайдалы деп есептесе, жеткілікті дәрежеден артық (табыс авт.) алады; бұл жерде сатуға ұсынылатын тауарлар санын көбейтуді ынталандыратын белсенді күш әрекет ете бастайды. Басқа жағынан алғанда, өндірілген тауардың саны соншама, нәтижесінде сұраныс бағасы ұсыныс бағасынан төмен, сатушылар нарықта ұсынылатын тауарлардың санын осындай деңгейге дейін жеткізу пайдалы деп есептесе, жеткілікті дәрежеден кем (табыс авт.) алады; нәтижесінде,

---

<sup>105</sup> Сонда, 18 бет.

<sup>106</sup> Сонда, 23 бет.

олардың ішіндегі өндірісті ұлғайту керек пе деп күмәнданатындар, оны ұлғайтпауға шешім қабылдайды; мұндай жағдайда сатуға ұсынылатын тауарлар санын қысқартуға бағытталған күшті тенденция пайда болады. Егер сұраныс бағасы ұсыныс бағасына тең болса өндіріс көлемі не көбею, не қысқару тенденциясын аңғармайды, көзбе-көз, тепе-теңдік.

Сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі жағдайында уақыттың бір бірлігінде өндірілген тауардың санын, тепе-теңдік сан, ал сатылатын бағаны, тепе-теңдік баға деп атауға болады.

Мұндай тепе-теңдік тұрақты болып табылады, яғни баға, (маятник өзінің ең төменгі нүктесінен оңға немесе солға ауытқағаны сияқты) одан ішінара ауытқыса да өзінің бұрынғы жағдайына қайтып келуге тырысады<sup>107</sup>.

... Нақты жағдайда, сұраныс пен ұсыныс шкаласы ұзақ уақыт кезеңінде өзгеріссіз күйде қалмайды, олар ұдайы ауытқуға тап болып отырады, ал олардың әрбір өзгеруі тепе-теңдік санын және тепе-теңдік бағаны бұзады және сөйтіп өнімнің көлемі мен баға өзінің ауытқуын іске асыратын тенденциясы бар орталыққа жаңа сипат береді.

Бұл ой-пікір сұраныс пен ұсынысқа қатысты уақыт факторының орасан үлкен маңызының бар екенін көрсетеді<sup>108</sup>.

... Жалпы ереже ретінде қорытынды жасауға болады, қаралатын кезең неғұрлым қысқа болса, соғұрлым біздің талдауымызда сұраныстың құнға әсерін көбірек есепке алған

---

<sup>107</sup> Сонда, 28 бет.

<sup>108</sup> Сонда, 30 бет.

дұрыс, ал бұл кезен ұзағырақ болса, соғұрлым құнға өндіріс шығындарының әсері маңызды бола бастайды<sup>109</sup>.

... Саудагерлер барлық уақытта ақшасын жұмсауға дайын тұрады деген долбар, әдетте астық нарығы үшін дұрыс болады, бірақ жұмыс күші нарығында бұл ережеден ауытқу жиі-жиі барынша елеулі. Егер жұмысшы аштықтан қорқатын болса, оның ақшаға мұқтаждығы (ол үшін олардың шекті пайдалылығы) өте зор, және, егер ол басынан бастап нашар шартқа отырса және төмен жалақы төлейтін жұмысқа жалданса, оның мұқтаждығы өткір күйінде қалады және ол өзінің еңбегін төмен ставкамен сата береді. егер тауар нарығында артықшылық екі жақпен тең бөлінуі мүмкін болса, жұмыс күші нарығында артықшылық көбінесе сатушылар жағында емес, керісінше сатып алушылар жағында болады<sup>110</sup>.

... Біз нарықта бір уақытта бір ғана баға болады деп есептейік. Бұндай нарықта тауардың әрбір санына сұраныс бағасы, яғни тауардың әрбір дербес порциясы бір күн, немесе апта, немесе жыл бойына сатып алушыларды тартуға қабілетті баға орын алады. Тауардың әрбір берілген санына бұл бағаны күштеп таңу шартының сипаты, әрбір жағдайда әртүрлі. Дегенмен барлық жағдайда, нарықта сатуға неғұрлым көп тауар ұсынылса, соғұрлым сатып алушыларды өзіне тартатын баға төмен болады...

Барлық есепке алынған кезеңде нарықтың жалпы конъюктурасы өзгеріссіз қалады, айталық бұл уақытта сән немесе талғам өзгермейді, ешқандай да жаңа алмастырушы сұранысқа әсер

---

<sup>109</sup> Сонда, 33 бет.

<sup>110</sup> Сонда 18 бет.

етпейді, ешқандайда жана өнертапқыштық ұсынысқа әсер етпейді деп жорамалдау қажет.

Қалыпты сұраныс жағдайы соншалықты айқын емес. Көріп отырғанымыздай, олар, зерттеумен қамтылған уақыт кезеңінде, негізінен, машиналар мен жабдықтар формасындағы заттық капиталдың, кәсіпкерлік тәжірибемен қабілет формасындағы заттық емес капиталдың, сонымен бірге ұйымдастырудың баяу өсуінің және баяу құлдырауының салдарынан бірте-бірте өзгеріп отырады.

... Айталық, тауардың кез келген санының қалыпты ұсыныс бағасы, оның қалыпты өндіріс шығындарына тең деп есептеуге болады. Басқаша айтқанда, өндірістің қолда бар жиынтық көлемін ұстап тұру үшін жеткілікті болады деп күтілетін баға; соның арасында бір фирмалар дамиды және өзінің өндірісін ұлғайтады, ал басқалары құлдырауға ұшырайды және өндірісті қысқартады, бірақ өндірістің жалпы көлемі өзгеріссіз қалады. Бұл бағаға қарағандағы жоғары баға, жемісті фирмалардың өсуін күшейтеді және сәтсіздікке ұшыраған фирмаларды тоқтатпағанымен өсуін баяулатады, дегенмен түптеп келгенде өндірістің жиынтық көлемін көбейтер еді. Басқа жағынан алғанда, бұл бағаға қарағандағы төмен баға көне фирмалардың құлдырауын жеделдетіп, ал гүлденгендерінің дамуын баяулатып, жалпы өндірісті қысқартар еді<sup>111</sup>.

... Сұраныс пен ұсыныс тұрақты тепе-теңдік жағдайында болған кезде, егер бір нәрсе өндіріс көлемін оның тепе-теңдік

---

<sup>111</sup> Сонда, 24-26 бет.

жағдайынан ығыстырса, оны бұрынғы орнына қоюға итеретін күштер шұғыл әрекет жасай бастайды<sup>112</sup>.

---

<sup>112</sup> Сонда, 29 бет.



## 8. ТҰТЫНУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫС

Дюшон Арсен-Жюль-Эмиль Ювенал (1804-1866)

### Француздық инженер-экономист

... Айырбас құндылығы немесе баға пайдалылықтың көрсеткіші болып табылады. Шындығында, бір адам басқа бір адамға қандай да бір болмасын өнімді сатқанда, ол сол өнімдегі пайдалылықты сатады; сатып алушы бұл өнімді тек қана оның пайдалылығы үшін, ол оны тұтынатын болғандықтан сатып алады. Егер қандай да бір себеппен сатып алушы осы өнімнен алуға болатын пайдалылықтан артық ақша төлейтін болса, онда ол жоқ құндылыққа, яғни оның қарамағына берілмеген құндылық үшін ақы төлейді.

Бұл, билік негоцианттарға (көпестерге) ерекше сауда жасау құқын, мысалы Индиядан келген тауарлармен, берген жағдайда орын алады; бұл тауарлардың бағасы олардың пайдалылығынан жоғары. Бұл бағаның өсімі тұтынушылық әмиянынан пұрсатты негоцианттардың әмиянына көшетін ақшалай сома болып көрінеді және дәл осы сомаға біреулердің кедейленуі есебінен басқаларды байытады<sup>113</sup>.

Джевоис Уильям Стенли (1835-1882)

### Ағылшын экономисі, статисі, философы

... Енді біз, пайдалылық заңының салдары болып табылатын айырбас теориясына келе жатырмыз. Егер адамда бар қандай да бір болмасын пайдалы зат, бірақ, басқа бір адамға тиесілісі одан да көп

<sup>113</sup> Annales des ponts et chanssees, 1844, T VIII. P 332-375.

пайдалылыққа ие болса, ол өзінікін басқаға айырбасқа беруге ырза болады. Дегенмен мұндай жағдайдағы қажетті шарт – бұдан басқа адам да пайда алуы немесе, кем дегенде, бұл айырбастан жоғалтып алмауы керек

Мұндай айырбас жасалды ма немесе жасалған жоқ па, оны пайдалылықтың сәйкес функцияларын интеграциялау жолымен жүзеге асырылатын әрбір тарап заттарының пайдалылығын бағалау арқылы ғана анықтау мүмкін болады. Екі тараптың да пайдалылық балансы айырбасқа әкеліп соқтырады <sup>114</sup>.

### **Винер Джекоб (1892-1970)**

#### **Экономист және экономикалық ойлардың тарихшысы**

... Егер пайдалылықтың азаю заңы қалаудың (тілеудің) азаю заңымен ауыстырылса, немесе егер пайдалылық қалауымен анықталса және қалауды білдірсе, ал ләззатқа, қанағаттануға, пайдаға, құшырлануға, жағымдылыққа, ренжуге, ашулануға және жағымсыздыққа жасалатын барлық сілтемелерді лақтырып тастасақ, онда бұл кері еңкішті ақша сұранысының графиктерін тікелей психологиялық негіздеу үшін, ал сондықтан және нарықтық бағаны анықтау тәсілін түсіндіру үшін жеткілікті болар еді. Қалаудың азаю түсінігін, есепте бар сандардың көбею жағдайындағы сұраныс бағасының құлауын түсіндіру үшін ғана пайдалану керек. Берілген тауарға әртүрлі адамдардың сұраныс графигінің арасындағы айырмашылық, олардың өздеріне сәйкес келетін қалауларының интенсивтілігінің айырмашылығынан, және

<sup>114</sup> Journal of the Statistical Society of London, 1866. Vol XXIX. June, №2.

сонымен бірге баға-тауар комбинациясынан бас тартуға немесе осы екі жағдайда бірге тәуелді болуы мүмкін <sup>115</sup>.

### Артур Сесил Пигу (1877-1969)

Ағылшын экономисі, саяси экономияның Кембридж мектебінің өкілі. А.Маршаллдың оқушысы және ізбасары. Мемлекеттік қаржы, тарифтік саясат, өнеркәсіп циклі, жұмыспен қамтылу мәселелерін зерттеді. «Молшылық экономикасы» концепциясын жасай отырып экономикаға мемлекеттің араласуының қажеттігі туралы идеяның қалыптасуына себепші болды.

... Классикалық экономикалық ғылымның кейбір оптимистік пиғылдағы ізбасарлары, «пайдакүнемдік мүдденің еркін ойыны» (ел үкіметі экономикаға араласудан тартынған жағдайда, «табиғи емес жолмен» орын алатын жағдайға қарағанда) өнімді шығаруды елеулі көбейтуге алып келетін (сөйтіп экономикалық молшылыққа) елдегі жерді, капиталды, және еңбекті сондай бөлуді автоматты түрде мүмкін қылады.

Тіпті, А.Смиттің пікірі бойынша да мүдденің еркін ойыны, біздің қоғамдық институттарымызбен, әсіресе отбасымен, меншікпен және мемлекетпен белгілі бір тәсілмен бағытталуға тиісті. Жалпы айтқанда, егер бір адам басқа біреуден игілік алатын болса, ол белгілі бір процесті жүзеге асырады (басып алу жолымен емес), содан кейін ол, игілікті ашық нарықта айырбастайды.

---

<sup>115</sup> Journal of Political Economy 1925. Vol. XXXIII, №4. P369-387.

... Адам Смит табиғи еркіндік жүйесі елдің ресурстарын барынша өнімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін қаншалықты құқықтық өкілеттілікке ие болуға және арнаулы заңдардың жәрдемімен қорғалуға мұқтаж екендігін санасына алмаған сияқты. ...Мұндай мәжбүр ету сипатындағы құқықтық механизм пайдакүнемдік мүдденің әрекетін қоғамның игілігіне бағыттауға арналған<sup>116</sup>.

... Әдетте, кәсіпкерлік ортада қалыптасқан пікір бойынша, капитал – бұл өндірістің қарапайым факторы ғана емес. Шын мәнінде ол, әрине солай, негізгі өндірістік құралдар мен жабдықтар, сонымен бірге ақшалай бағаланатын фирманың іскерлік байланыстар жүйесі де болып табылады. Дегенмен, бұл нақты капитал әртүрлі пропорцияда біріктірілген екі фактордан тұрады. Нақтырақ айтқанда күтуден және белгісіздіктің ауыртпалығынан<sup>117</sup>.

... Қарапайым бәсекелестік жағдайында әрекет ететін бір немесе басқа саладағы инвестициялар және өнімді шығару, сондай мезетке дейін іске асырылуға тиісті, егер осындай күрделі қаржы салу арқасында шекті жеке таза өнімнің құны орташа деңгейге сәйкес болатын болса<sup>118</sup>.

... Егер екі немесе одан да көп сатушылардың ішінен біреуі өздерінің өнімдерін жеткізетін нарықтың елеулі бөлігін тауарлармен қамтамасыз еткен жағдайда монополистік бәсеке пайда болады. Мұндай жағдайда, олар, идеалды инвестиция деп атауға тұрарлықтай өздерінің салаларын дамытуға қажетті, яғни

---

<sup>116</sup> Пигу А. Экономическая теория благосостояния. М., 1985. Т. Стр. 195.

<sup>117</sup> Сонда, 233 бет.

<sup>118</sup> Сонда, 282 бет.



шекті қоғамдық таза өнімнің құны жалпы шекті қоғамдық өнімнің орташа құнына тең шамада қаржы салуға құлықты болмайды<sup>119</sup>.

... Монополистік бәсекелестік шарты қалыптасқан жағдайда (яғни, әрқайсысы барлық шығарылатын өнімнің елеулі бөлігін өндіретін бірнеше сатушылардың арасындағы бәсекелестік) инвестиция жасаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болады. Бұл мүмкіндіктер бір ғана мақсатты көздейтін бәсекелес фирмалармен жарнамалық істі дамытуда тұр: тап осы тауарға сұранысты ұсыныстың бір көзінен басқасына «аудару»...<sup>120</sup>.

... Өткен тараулардан алынған нәтижелерден айқын болғандай, көптеген салаларда не қарапайым бәсекелестік, не монополистік бәсекелестік, не қарапайым монополия, не кемсітушілікті қолданатын монополия ...ұлттық дивиденттің барынша көбеюін, немесе экономикалық молшылықтың көтерілуін қамтамасыз етпейді. ...Занды сұрақ туындайды: қажетті тауарлардың ұсынысын қамтамасыз ету функциясын өздеріне алатын сатып алушылардың ерікті топтарын құру жолымен осы сияқты кемшіліктерді жоюға болмай ма? Сатып алынған игіліктерді одан әрі өндірісте қолданатын сатып алушылардың ассоциациясын құрудың мәні, сатып алушылардың жиынтық табысын максимизациялауға минус олардың жиынтық шығындарына бағытталуында жатыр... Өздерінің құрылымы бойынша бұл ассоциациялар акционерлік компания нысанында көрінеді.

---

<sup>119</sup> Сонда, 335 бет.

<sup>120</sup> Сонда, 262 бет.



Кез келген басқа акционерлік компаниялар сияқты сатып алушылардың ассоциациясын акционерлер иемденеді, ал акционерлермен сайланатын менеджер, комитеттің бақылауымен басқарады. ...Айтылғандар, көбінесе фермерлермен құрылатын, өздерінің мүшелеріне өнеркәсіп фирмаларынан тыңайтқыштар, тұқым және ауылшаруашылық машиналарын сатып алу бойынша қызмет көрсететін жабдықтаушы ассоциациялар деп аталатындарға, ...бұл сұрыптау, калибрлеу, сату, жұмыртқа немесе майды ыдысқа салу қызметін көрсететін ауылшаруашылық өткізуші кооперативтерге, ...бұл өндірістік, сонымен бірге сауда операциялары сияқты қызмет көрсететін кооперативті сүт зауыттарына тән<sup>121</sup>.

---

<sup>121</sup> Сонда, 391-402 беттер.

## 9. МОНОПОЛИЯ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Эдвард Хейстинг Чемберлин (1899-1967)

Гарвард (АҚШ) университетінің профессоры. 1933 жылы «Монополистік бәсекелестік теориясы» атты еңбегін жарыққа шығарды. Нарықты иемденудің басты шарты немесе монополияның мәні ұсыныстың, демек бағаның үстінен бақылау орнату деген пікір кітап мазмұнының, яғни автордың негізгі теориялық идеясы болып табылады.

Еске салайық, таза және жетілген бәсекелестіктің арасындағы айырмашылық неден тұрады. Таза бәсекелестік, егер біркелкі өнімнің (толық стандартталған) көптеген сатып алушылары мен көптеген сатушылары болған жағдайда қол жеткізілетін монополияның жоқтығын ғана керек қылады. Ал жетілген бәсеке, бұдан бөтен, басқа құбылыстармен де байланысты: ресурстардың оңтайлығымен, жетілген мәліметпен т.б.

... Бұдан, жетілгендік түсінігі, бәсекелестікте қалай қолданылса, монополияға да және монополистік бәсекелестікке де солай қолданылуы мүмкін екені шығады<sup>122</sup>.

... Осы саладағы экономикалық күштердің монополия және бәсекелестік орналасуын түсіндіру үшін экономикалық теория а) бәсекелестік теориясын және б) монополия теориясын ұсынады. Егер өнім тәмамдалған өзгешелікпен, айталық трамвайдың қызметі немесе заңдастырылған патенттің мөрі немесе авторлық құқықпен айрықшаланатын болса, онда ол, әдетте монополия тұрғысында

---

<sup>122</sup> Теория монополистической конкуренции. Реориентация теории стоимости. М., 1959. Стр. 62-63.

қаралады. Басқа жағынан алғанда, егер өнім сондай номенклатурадағы өнімдер арасынан мардымсыз айрықшаланатын болса, онда оны солармен біріктіреді және бәсекелестік сияпаттағы белгілі өнеркәсіп саласының немесе шаруашылық жүргізу сферасының өнімінің бір бөлшегі ретінде қаралады. Айталық, мысалы, әдетте патенттердің монополияға жатқызылуына қарамастан, фабрикалық маркалар, өнімге өзгешелігінің мардымсыздығын хабарлайтын және сондықтан бәсекелестікпен толық үйлесім табатын құбылыс ретінде қаралады.

... Монополия және бәсекелестік өте жиі кездесетін жай ғана антитеза емес, өзара жоққа шығармайтын бастау ретінде қаралады. Бәсекелестіктің болуын көрсету – демек монополияның жоқтығын дәлелдеу. Тіпті «монополистік бәсекелестік» ұғымының өзі көпшілікке тосын пікір, өңі айналдырылған сөздер түрінде болуы мүмкін.

... Екі күштің бірде-біреуі басқасын жоққа шығармайды, және екеуінде есепке алу көп жағдайда бағаны ұтымды түсіндірудің міндетті шарты болып табылады<sup>123</sup>.

... Бәсекелестіктің антитезасы есебінде қаралатын монополияның шекті шегін, барлық шаруашылық игіліктерінің ұсынысы үстіне бақылау орнату жағдайын айтуға болар еді. Мұндай ситуация таза монополия жағдайы деп айтылуы мүмкін – таза сондай мағынада, яғни алмастырылушылар тарапынан болатын кез келген бәсекелестік осындағы анықтаманың өзімен жоққа шығарылады. Тауарлардың ауқымды топтары толық

---

<sup>123</sup> Сонда, 103 – 105 беттер.

стандартталған және әрбір сатушы өзінің өнімін алмастыратын жетілген бәсекелестік сипатындағы бәсекелестікке тап болған жағдайда, мүлдем кереғар таза бәсекелестік пайда болады. Осы екі шекті шектің арасында барлық градация орналасқан, дегенмен екі элементте барлық уақытта айқын және барлық уақытта назарға алынуы керек. Я бәсекелестікті, я монополияны есептен шығарып тастау – міндетті түрде бұрмаланған қорытындыға келуді білдіреді.

Таза бәсекелестік және таза монополия шекті шек болып табылады. Нақты баға оған да, басқа да шекті шекке ұмтылмайды. Әрбір дербес жағдайда екі фактордың да относителді күшіне сәйкестігімен анықталатын аралық жағдайға ұмтылады<sup>124</sup>.

... Дербес сатушылардың нарығы жалпы нарықпен толық кіріккен жердегі таза бәсекелестік жағдайында, сатушы ағымдық бағамен қанша тауар сатқысы келсе, сонша тауар сата алады. Монополистік бәсекелестік жағдайында дербес сатушы нарығы белгілі бір шамада оның қарсыластары нарығынан оқшау болады, оның сату көлемі лимиттенген және үш жаңа фактормен анықталады: 1) бағамен, 2) өнімнің ерекшелігімен, 3) жарнаманың шығынымен.

Оның өніміне сұраныс қисық сызығының горизонталды сызықтан ауытқуы, таза бәсекелестікте болмайтын сатушы үшін баға проблемасын тудырады; ол, әдетте біз монополиспен істес болған жағдайда тап болатын проблемаға сәйкес келеді. Сатушының пайдасы сұраныс қисық сызығының икемділік шамасынан және оның өніміне шығын қисық сызығына қатысты жағдайдан тәуелді

---

<sup>124</sup> Сонда, 112-113 беттер.



болғандықтан, онда оны, төмендетілген бағамен үлкен тауар массасын, немесе көтерілген бағамен аз тауар массасын сатумен көбейтуге болады. Барлық уақытта пайданың сомасын максимумға жеткізуге қабілетті бағаны іздейтін болады.

Жіктелу фактісіне қарай сатушының алдында жаңа тағы да бір проблема пайда болады. Бұл өнімді реттеу проблемасы. Оның өткізу көлемі, ішінара оның өнімі қандай формада өнімнің өзінің сапасының өзгеруіне қарай өзгертінінен тәуелді болады – оның техникалық ерекшелігінің өзгеруінен, жаңа конструкцияны жасаудан, жақсырақ материалды іріктеуден; ол жаңа орамыш немесе ыдыс болуы да мүмкін; ол барынша тез немесе барынша сыпайы қызмет көрсетуден, сауданы жаңаша ұйымдастырудан, немесе бәлкім басқа орналасатын жерді таңдаудан көрінуі мүмкін.

Сонымен бірге, сатушы өзінің өткізу көлеміне арнайы жұмсалған шығын (...айталық, жарнама шығыны) жәрдемімен әсер етуі мүмкін... Бұл үшінші фактор монополистік бәсекелестіктің өзгеше ерекшелігі болып табылады, себебі кез-келген өндіріуші қанша сатқысы келсе соншама сату мүмкіндігі болатын таза бәсекелестік жағдайында, жарнама мақсатсыз болар еді<sup>125</sup>.

... Жарнама оның өніміне сұранысты барынша икемді қылады. Бағаны толық білмеу өнімге сұраныс икемділігін азайтады; жарнама бұл фактордың әсерін жансыздандыра отырып, сұранысты барынша икемді қылады. Бұл бағалық бәсекелестіктің мүмкіндігін кеңейтеді, сонымен бірге бағамен жабылуға тиісті қосымша шығындарды қажет етеді.

---

<sup>125</sup> Сонда, 123-125 беттер.



Сұраныс қисық сызығының ахуалына жарнама, негізінен, өнімнің өзінің қасиеті базасында жүргізілетін бәсекелестікте байқалады. Бұндай жағдайда, жарнама, жарнамаланатын өнімге сұраныс қисық сызығын оңға қарай ойыстырады; оған ол өнімнің бар екені туралы ақпаратты тарату, оны сипаттау және онымен алынатын пайданың қабілеті туралы көзқарасты сатып алушыларға иландыру жолымен қол жеткізіледі. Сеніммен айтуға болады, ондай өткізу шығындарынсыз жаңа өнімдердің және көне өнімдердің жаңа түрлерінің өткізу нарығы мүлдем болмаған болар еді.

... Жарнаманың сұранысқа әсер етуінің екінші мүмкін болатын формасы – бұл қажеттіліктердің өздерінің өзгеруі. Тұтынушыға әсер ететін өткізу шығыны барлық уақытта тура бола бермейді. Сондықтан тұтынушылар мен өндірушілердің арасына сыналап кірген саудагерлердің тізбегімен туындайтын күрделендіретін мезеттерді ендіру үшін біздің сипаттауымыз кеңейтілуге тиісті. Бөлшек сауда саудагері түпкі тұтынушының сұранысымен ғана ісі болады және оның өткізу шығынында өзінің өнім нарығын кеңейтуге ұмтылысы көрініс табады. Фабрикантқа өзінің күшін тұтынушы мен саудагердің арасында бөлісуге тура келеді, және ол өзінің күшінің басым бөлігін және барлық массасын жиі соңғысына (авт.саудагерге) арнайды<sup>126</sup>.

... Өндіріс шығындарына тауарды жасауға, оны тұтынушыға жеткізуге және бұл тауарды қажеттіліктерді қанағаттандыруға жарамды жағдайда тұтынушыға ұсынуға қажетті барлық шығындар кіреді. Өткізу шығынына нарықты немесе өнімге сұранысты жасау

---

<sup>126</sup> Сонда, 181-184 беттер.

мақсатында орын алатын барлық шығындар кіреді. Бірінші түрдегі шығындар мұқтаждықтарды қанағаттандыруға қызмет жасайтын игіліктерді жасайды; соңғы түрдегі шығындар мұқтаждықтардың өзін жасайды және өзгертеді<sup>127</sup>.

... «Монополистік бәсекелестік» түсінігі – бұл экономикалық ғылымдағы бәсекелестік және монополия-альтернативті түсініктер және дербес бағаларды не бәсекелестік категориясында, не монополия категориясында түсіндіру керек деген дәстүрлі көзқарасқа қарсы шығуды білдіреді. Біз, керісінше, көптеген экономикалық ситуациялар бәсекелестікте, монополияда кіретін құрамдас құбылыстар болып табылады деп есептейміз, және де бұл орын алатын барлық жерде, бұл құрамдас бөліктердің біреуін есепке алмау және ситуацияны басқаның элементінен тұтас құрастырылған деп қарау қате болар еді<sup>128</sup>.

... Қандай да бір болмасын салада, әрбір өндіруші өзінің өнімінің түріне монополиям бар деп айтуы, сала монополияландырылған деуге жатпайды. Керісінше, саланың ішінде барынша интенсивті бәсекелестік болуы мүмкін, бірақ, әрине, таза бәсекелестік теориясында сипатталғандай емес – ол өзінің өнімінің түріне ғана монополия болып айрықшалаанады<sup>129</sup>.

... Өте ұзақ уақыт «еркін кәсіпкерлікпен» «бәсекелестікті» екі ұшты теңестіру үстемдік етті. Экономикалық теорияда, бұл «еркін кәсіпкерлікті» жетілген немесе таза бәсекелестікпен теңестіру формасында қабылданды. Соған қарамастан, еркін кәсіпкерліктің

---

<sup>127</sup> Сонда, 187 бет.

<sup>128</sup> Сонда, 281-282 беттер.

<sup>129</sup> Сонда, 283 бет.

өзіне тән өнімі таза емес, монополистік бәсекелестік болып табылатыны анық болуға тиісті. Тауарлардың бір бөлігі өзінің табиғатына қарай айырылады, ал тауарлардың бір бөлігінің айырмашылығы сатып алушылардың арасындағы айырмашылыққа реакция ретінде пайда болады – олардың талғамы, артық бағалауы, олардың орналасқан жері т.с.с. тұрғысынан алғанда. ... «Еркін бәсекелестік» жағдайында осындай себептермен жасалатын гетерогендік, басқа тауарлардың ішінен өздерінің тауарын айқын бөліп көрсететін және оған сұранысты жарнаманың жәрдемі мен тартуға ұмтылатын кәсіпкерлердің іс-әрекеті арқылы елеулі түрде өседі. Басқа сөзбен айтқанда, еркін кәсіпкерліктің елеулі бөлігін кез келген кәсіпкердің өздерінің монополиясын орнату, оны мүмкін болғанынша тарату және басқа кәсіпкердің өздерінің монополиясын кеңейту ұмтылысынан қорғау құрайды.

Өнімнің барлық уақытта жіктелетіні жағдайын толық ұғыну, әртүрлілік мәселесінің маңызын ашады және таза бәсекелестікті молшылық экономикасы үшін бұдан әрі барлық тұрғыдан «идеал» деп есептеуге болмайтынын түсінікті қылады. Мәселе тек қана, монополия қандай формада көрінеді және оның үстінен әлеуметтік бақылаудың шарасы қандай деген сұрақта тұр<sup>130</sup>.

---

<sup>130</sup> Сонда, 292-293 беттер.

## Джоан Вайолет Робинсон (1903-1983)

Кембридж университетінде қалыптасқан солшыл Кейнсианстваның жетекшісі. Негізгі жұмысы – «Жетілмеген бәсекелестіктің экономикалық теориясы». Робинсон өзінің алдына қойған мақсатын, нарықтың әртүрлі типтерін зерттеуде бірегей талдау әдісі, бірегей түсініктер жүйесі қолданылуынан көрді.

Сұраныс қисық сызығы – берілген уақыт кезеңінде кейбір тауардың әртүрлі саны нарықта қандай бағамен өткізілетінін көрсетеді.

Дәл солай ұсыныс қисық сызығы – берілген уақыт кезеңінде өнімнің қандай да бір болмасын шығарылған көлемінің әртүрлі бағаларға сәйкес болатынын көруге мүмкіндік береді.

Пайдалылық қисық сызығы – сатып алушының субъективті көзқарасын бейнелеп көрсетеді.

Кейбір бағалардан немесе шығарылған өнімнің кейбір шамасынан тәуелді сұраныс икемділігі, бағаның мардымсыз өзгеруімен орын алатын сатып алынған өнімдер санының пропорционалды өзгеруі болып табылады. Дәл солай ұсыныс икемділігі ұсыныс қисық сызығының икемділігімен сипатталады. Баяндауымыз ыңғайлы болу үшін, көтеріліп келе жатқан икемділік қисық сызығының көрсеткішін оң, ал төмен түсіп бара жатқан икемділік қисық сызығының көрсеткішін теріс деп келісейік. Бірден кем икемділік қисық сызығы икемсіз, ал бірден артық икемділік қисық сызығы икемді болып сипатталады. Икемділік



көрсеткіші нөлге тең жағдайда қисық сызық абсолютті икемді деп аталады.

Жетілген бәсекелестік басымдыққа ие болады, егер әрбір өндірушінің өніміне сұраныс абсолютті икемді болған жағдайда. Бұдан шығады, біріншіден, сатушылардың саны соншалықты көп және олардың кез келгенін өндіру көлемі өнімнің жалпы шығарылымының барынша мардымсыз үлесін құрайды; екіншіден, барлық сатып алушылар бәсекелес сатушылар арасынан таңдау мүмкіндігіне қатысты бірдей жағдайда болады, сондықтан нарықта жетілген бәсекелестік үстемдік құрады<sup>131</sup>.

... Іс жүзінде, өндіріс тек ғана жетілген бәсекелестікпен сипатталады деп есептеуге болмайды. Дегенмен, егер жетілген бәсекелестік жетілмеген бәсекелестіктің ең ақырғы көрінісі деп жорамалдасақ, зерттеуде бұл түсініктің маңызды рөл атқаратыны түсінікті болады. Жетілген бәсекелестік жағдайымен барынша ұқсас жағдайды, мысалы, қандай да бір ірі елді мекендегі ауылшаруашылық өнімдерінің (астық биржасы сияқты) нарығын ұйымдастыруда кездестіруге болады<sup>132</sup>.

... Нақты өмірде, жетілген бәсекелестік туралы алғышарт әрекет етпейді<sup>133</sup>.

---

<sup>131</sup> Экономическая теория несовершенной конкуренции. М., 1956 стр. 53-55.

<sup>132</sup> Сонда, 94 бет.

<sup>133</sup> Сонда, 40 бет.



## Йозеф Алоиз Шумпетер (1883-1950)

Гарвард университетінің профессоры. Капиталистік экономиканың жұмыс істеуі және даму механизмі туралы біртұтас түсінік қалыптастырды. Шумпетер серпінді өзгерістердің себептерін талдай отырып, өзге өндірістік факторлардың маңыздылығына назар аударады. Оның теориясында дамудың қозғаушы күші кәсіпкер болып табылады.

... Шаруашылықта нарықтық ұйымдастыруды біз былайша көзге елестете аламыз. Дербес алынған шаруашылық, басқа адамдардың сұранысын есепке ала отырып, өндіретін бірлік түрінде көрінеді, және дәл осы бірліктердің арасында, бірінші кезекте, тұтас елдегі өндірістен түскен табыс «бөлінеді». Бұл бірліктердің ішінде өндірістің алғашқы екі факторын (яғни еңбек және жер) үлестіретін функциядан басқа ешқандай да функция іске асырылмайды. Және осы соңғысы әрбір шаруашылық кезеңінде механикалық, автоматты сияқты болып жүзеге асырылады<sup>134</sup>.

... Дегенмен, нарықтық шаруашылық туралы әңгіме етіп отырғанымыздай, мұндай нарықтық шаруашылықтың не болып табылатыны теория негізі үшін ешқандай да маңызы болмайды: аңшылар мен балықшылардың арасындағы ең қарадүрсін айырбас жүйесі немесе біз қазірде бақылап отыратын күрделі организм. Негізгі белгілері, пішіндері толық бір-біріне ұқсас және бұл жерде халық шаруашылығының есебі қалай жүргізіледі – ақшамен бе немесе ақшасыз ба деген жағдай ештеңені өзгерте алмайды. Біз

<sup>134</sup> Теория экономического развития. М., 1982. Стр. 112.

әлдеқашан байқап үлгергеніміздей, бұндай шаруашылықтағы ақша айналысы, шын мәнінде ештеңені өзгертпейтін қарапайым қосымша техникалық материал ғана болып табылады. Сонымен бірге, мұндай жағдайға бұдан әрі таңданудың да қажеті жоқ<sup>135</sup>.

... Біз келісуге болатын бірсыпыра дефинициялар бар. Бірінші кезекте Ж.Б.Сэйге сілтеме жасалатын белгілі анықтаманы атайық. Кәсіпкердің қызметі өндіріс факторларын қосуда, қиыстыруда түр<sup>136</sup>.

... Кәдуілгі кәсіпкер, өзінің әрбір күш-жігерін жұмсауы оған «ләззаттың өсімі» түрінде жеткілікті дәрежеде қарымақы әкелеме деген сұрақпен басын қатырмайды. Оны өзінің еңбегінің гедонистік нәтижесі онша қынжылтпайды. Ол тыныштықты білместен еңбек етеді, себебі басқаша бола алмайды, оның өмірінің мақсаты қол жеткізілген табыстан ләззат алуда тұрған жоқ. Егер онда ондай ниет пайда болса, бұл жолдағы аялдама емес, ол сал ауруының белгісі, мақсатқа жетпеу емес, ол табиғи өлімнің жартысы. Бұл «жай ғана қожайынның» мінез-құлқына қарағанда біздің типтегі адамдардың «тепе-теңдік жағдай» немесе бұл жағдайға қозғалыс схемасына кіре алмауының екінші себебі...

Осы тұрғыдан алғанда біздің типтегі кәсіпкердің ұраны – бұдан да көбірек. Оның мінез-құлқының уәжі бұл ұранға сәйкес келеді.

Ең алдымен, бұл өзінің жеке империясын, үнемі болмағанына қарамастан, көп жағдайда – өзінің әулетін құрудағы арманы мен

---

<sup>135</sup> Сонда, 129 бет.

<sup>136</sup> Сонда, 171 бет.

жігері. Өзінің империясын құру оған кеңістіктен билік сезімін береді, яғни, түптеп келгенде, онсыз қазіргі заманда тірлік ету мүмкін еместігін; бірақ бұл толық үстемдік құруға алғашқы жақындауы, яғни бұл дүниеге таныс және қоғамда өз орнын алуға басқа жолмен қол жеткізе алмайтын адамдар үшін барынша тартымды жағдай. Біз уәждің бұл тобын тереңірек талдай алар едік: біреулерге «еркіндік» және «тұлғаның дамуы үшін жағдай» керек, басқалары «ықпал жүргізу аймағына» ие болғысы келеді, үшіншілері «снобизммен» (талғампаздық, өзін білімдар етіп көрсету т.с.с. – авт.) әуестенеді – бірақ мұны істемей-ақ қоялық. Кәсіпкерлік уәждердің бұл тобы, бәрінен де қажеттіліктерді қанағаттандыру деп аталатынға жақын тұрады. Бірақ олар толық сәйкес келмейді: бұл жерде қанағаттандырылатын қажеттіліктер, – «әншейін қожайынның» қажеттіліктері емес, оларды қанағаттандыру экономикалық қаракеттің мағынасын құрмайды, және оның заңдары оларға қолданылмайды.

Уәждердің екінші тобы жеңіске жетудің жігерімен байланысты. Бұған, бір жағынан, күресу ынтасы, басқа жағынан – жетістік үшін жетістікке ұмтылу кіреді. Екі жағдайда да кәсіпкер үшін істің экономикалық жағы мүлдем бәрібір. Пайданың мөлшері бұл жерде тек ғана жетістіктің көрсеткіші – көбінесе одан басқасының жоқтығынан ғана – және жеңіс символы. Олар экономикалық мағынаға және оның заңдарына жатады.

Ақырында уәждердің үшінші тобы шығармашылық қуанышымен байланысты, ол басқа жағдайда да көрінеді, бірақ осы жерде ғана жосықтың анықтаушысы мезеті болып қалыптасады.

Бұл сезім өздігінен-өзі, сонымен бірге жұмыспен тигізілетін ләззатпен қатар көріне алады. Бұл жерде игілік олардың өзі үшін сатып алынбайды, яғни оларды сатып алудың әдеттегі мағынасы жоғалады<sup>137</sup>.

### Фридрих Август фон Хайек (1899-1984)

**Нобель сыйлығының лауреаты (1974). Ф.Хайек ХХ ғасырдағы экономикада нарықтық ойлаудың бірден-бір белсенді қорғаушысы болды. Өзінің «Құлдыққа жол» (1994) атты негізгі пікірталасты еңбегінде ерікті нарықтық баға қоюға озбырлық жасайтын қандай да бір болмасын араласу немесе реттеуге үзілді-кесілді қарсы шықты.**

... Әрқашан да бәсекелестікке бетбұрыс жасау, ұтымды деп есептелсе, бәсекелестердің әрекетін анықтайтын фактілерді алдын ала білмейтініміз бұл үшін негіз болып табылады. Спортта немесе емтиханда, сол сияқты және үкіметтік мердігерлікті бөлуде немесе поэзиялық сыйлықты тағайындауда – бәсекелестік, шүбәсіз мағынасынан айырылған болар еді, егер ең басынан, бізге ненің жақсырақ екені белгілі болса. Мен бәсекелестікті осындай фактілерді ашатын процедура ретінде қараймын<sup>138</sup>.

Бірінші: бәсекелестік солай болғандықтан және тек қана солай болғандықтан құндылық болып көрінеді, себебі оның нәтижесі күн ілгері белгісіз және жалпы, әркім саналы түрде талпынатын және талпына алатыннан бөлек болады. Екінші: жалпы бәсекелестіктің

---

<sup>137</sup> Сонда, 191-194 беттер.

<sup>138</sup> Конкуренция как процедура открытия. Журн. МЭЙМО. 1989. №12 стр. 6.



салдары пайдалы болғанымен олар біреулердің нақты үміті мен ниетін түңілдіреді немесе жоққа шығарады.

Бәсекелестіктің ерекшелігі, ол маңызды болатын нақты ситуацияда оның әсерінің тексеріле алмауында, тек қана нарықтың кез келген альтернативті әлеуметтік механизмімен салыстырғандағы артықшылығын көрсететін фактімен расталуында тұр. Бәсекелестіктің ғылыми әдіспен тұтастығы осында: сонымен бірге қабылданған ғылыми процедураның артықшылығы ешқашан ғылыми тұрғыдан дәлелденуі мүмкін емес, тек қана жалпы бұл процедураның альтернативті тәсілге қарағандағы артықшылығын көрсететін күнделікті тәжірибемен көрініс табуы мүмкін.

Экономикалық бәсекелестік, ерекше уақыттық мақсаттарға жету үшін маңызды нақты фактілерді ашу әдісі ретінде көрінеді. Бәсекелестік нарығында сұрыпталатын нақты фактілерді білуден пайда, елеулі мөлшерде өтпелі.

Кейде экономикалық теория басынан бастап, шамасы, өзінің бәсекелестік процесін түсіну жолын жабады, себебі сирек игіліктердің ұсынысы алдын ала «берілген» деген жорамалдан шығады. Дегенмен қандай игіліктер сирек немесе қандай заттар игілік болып табылады? Және олардың сиректігі немесе құндылығы қандай? Нақ осыны бәсекелестік анықтауға тиісті. Әрбір дербес кезеңдегі нарықтық процестің алдын ала нәтижесі тұлғаларға іздену бағытын көрсетеді. Дамыған еңбек бөлінісімен қоғамда кеңінен таралған ілімді пайдалануда, оларды күнделікті қоршап тұрған жақсы таныс заттардың қандай мақсатқа қолданылатыны туралы анық мәлім болатын адамдарға сілтеме



жасау жеткіліксіз. Нарықпен ұсынылатын сан алуан тауарлар мен қызметтерге қатысты нақ қандай ақпарат мүддені білдіруі мүмкін екенін тұлғаларға бағалар еске салады<sup>139</sup>.

... Тікелей мағынада «шаруашылық» сөзі – мақсаттардың біртұтас межесіне сәйкес әлдебіреумен ресурстарды саналы орналастыратын ұйым немесе әлеуметтік құрылым. Нарықпен жасалатын спонтанды тәртіпте мұның ешқайсысы жоқ; ол «шаруашылыққа» қарағанда, принципті түрде басқаша әрекет етеді. Айталық ол, жалпылама пікір бойынша, әуелі барынша маңыздыны, ал кейін аса маңызды еместі қанағаттандыруға кепілдік бермеумен ерекшеленеді. Адамдар нарыққа неге қарсы болады дегеннің басты себебі осында тұр. Шын мәнінде социализм, тар мағынада, нарықтық тәртіпті... «шаруашылыққа» айналдыру екені белгілі, онда басымдықтардың жалпы межесі әртүрлі қажеттеліктердің ішінен қайсысының қанағаттандырылуға жататынын, ал қайсысының жатпайтынын анықтар еді. Кез келген саналы ұйым сияқты «шаруашылық» жобасының өзі ұйымдастырушының өзінің білімін ғана көрсете алады, ал «шаруашылықтың» барлық ұйымдастырушылары өздерінің іс-әрекетінде мақсаттардың біртұтас иерархиясын басшылыққа алуға тиісті. Соған сәйкес нарықтық тәртіптің немесе «каталластиканың» екі артықшылығы бар. Онда, оның мүшелерінің барлығының білімі қолданылады. Ол қызмет жасайтын мақсаттар алуан түрлі және

---

<sup>139</sup> Сонда, 7 -8 беттер.

қарама-қайшылықты тұлғалардың жеке мақсаттары болып табылады<sup>140</sup>.

... Бәсекелестікпен жасалатын тәртіпті, экономистер әдетте, тепе-теңдік деп атайды. Бұл терминді онша сәтті деуге келмейді, себебі ондай тепе-теңдік, барлық фактілер әлдеқашан ашылған, демек бәсекелестік тоқталған деуге саяды. Экономикалық саясат мәселелерін талқылағанда, мен тепе-теңдік түсінігінің орнына «тәртіп» түсінігіне артықшылық беремін, экономикалық тепе-теңдік ешқашанда нақты бар болмайды: соған қарамастан біздің теориямызбен идеалды тип ретінде суреттелетін осындай түрдегі тәртіпке жақындауының жеткілікті дәрежеде жоғары шамасы мүмкін деп қорытынды жасауға негіз бар<sup>141</sup>.

... Нарықтық тәртіпті «шаруашылық» деп қате пайымдау (онда қажеттіліктер басымдықтардың белгіленген кезегіне қарай қанағаттандырылуға тиісті) «әлеуметтік әділеттілік» деп аталатын мүдденің пайдасына бағаларды және табыстарды түзету саясатының жәрдемімен өзгертуге талпыныс жасауда көрінеді. Бұл түсінікке философтар мен социологтар қандай мағына бергеніне қарамастан, ол экономикалық саясат практикасында барлық уақытта тек бір ғана мағынада болады – белгілі бір топтарды, белгілі бір уақыт кезеңінде сақталатын олардың материалдық жағдайының сөзсіз абсолютті және относителді нашарлауынан қорғау, әйтсе де «әлеуметтік әділеттілік» – нарықтық тәртіптің негізін жоймай әрекет ететін принцип емес. Үздіксіз өсу ғана емес,

---

<sup>140</sup> Сонда, 8-9 беттер.

<sup>141</sup> Сонда, 10 бет.

тіпті белгілі бір жағдайда табыстардың қолда бар деңгейін ұстап тұру күтпеген өзгерістерге бейімделуден тәуелді болады. Осыдан кейбір адамдардың относителді, мүмкін, тіпті абсолютті табысы қысқаруға тиісті<sup>142</sup>.

... Бәсекелестікке жақтырмай қараудың басты себептерінің бірі, сөз жоқ сонда тұр, бәсекелестік затты неғұрлым тиімді өндіруді ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге табысы нарықтан тәуелді болатындардың алдына таңдау қояды: не үлкен жетістікке қолы жеткендерге еліктеуіне, немесе толық ішінара, әлде толық өзінің табысынан айырылуға. Сөйтіп бәсекелестік, көптеген жеке адамдардың өзінің өмір салтын қайта қалыптастыруға мәжбүрлейтін өзіндік ерекшелігі бар көндіру сияқты бір нәрсе жасайды. «Әлеуметтік әділеттік» деп аталатынға бағындырылған орталықтандырылған басқару, бай ұлттар ұзақ уақыт бойына өздерінің табыстарына елеулі залал келтірмеуге мүмкіндік беретін сән-салтанат болуы мүмкін. Бірақ экономикалық өсуі тез өзгеретін жағдайларға жедел бейімделуден тәуелді болатын кедей елдер үшін ондай тәсіл, әрине тиімсіз.

Осыған орай, мынадай фактіні ескеру маңызды: өсу перспективасы, сірә, елде әзірше қолданылмаған мүмкіндіктер неғұрлым көп болса, соғұрлым қолайлы болады. Бір қарағанда бұның оғаштау көрінгеніне қарамастан, өсудің жоғары қарқыны, бір жағынан, өткен кезеңде қолдан шығарып алынған мүмкіндіктердің дәлелі болып табылады. Басқаша айтқанда өсудің жоғары қарқыны, кей уақытта, қазіргі кездегі соншалықты жақсы

---

<sup>142</sup> Сонда, 12 бет.

саясаттың емес, соншама өткен уақыттаға жаман саясатты айғақтайды. Сондықтан дамудың жоғары деңгейіне қол жеткізілген елдерде соншалықты өсудің елеулі қарқынын күтуге негіз жоқ (әсіресе «бұрын ресурстарды тиімді пайдалану ұзақ уақыт заңнамалық және институционалдық кедергілермен кешіктірілген» елдерде). Көптеген жас елдерде кәсіпкерлік рухтың болмауымен туындайтын, олардың халқының туа біткен қасиеті емес, ол қолданыстағы дәстүрлер және институттармен орнықтырылатын шектеулердің салдары болып табылады. Сондықтан жеке белсенділік пен іскерлікті қорғау тек ғана жеке меншік институты және либералдық құқықтық институттар кешенінің көмегімен іске асырылады<sup>143</sup>.

---

<sup>143</sup> Сонда, 12, 13, 14 беттер.



## 10. МОНЕТАРИЗМ

Милтон Фридман (1912-2006)

Америка Құрама Штаттары экономисі, Чикаго мектебінің негізін салушысы, «Ақшаның сандық теориясы саласындағы зерттеу» (1956) мақалалар жинағы жаңа экономикалық доктрина – монетаризмнің дүниеге келуін паш етті.

... Сандық теория, ең алдымен, ақшаға сұраныс теориясы. Ол өндіріс, ақшалай табыс немесе баға деңгейі теориясы болып табылмайды<sup>144</sup>.

Айналыстағы ақша саны мен баға деңгейі арасындағы байланыстан басқа, ұдайы қайталанатын экономикалық құбылыс болмайды. Маған белгілісі, өнім бірлігіне шаққандағы ақшаның саны өзгергенде, сол бағытта баға деңгейінің өзгеруі қоса жүретінінен басқа жағдай болмайтыны. Керісінше, қай уақытта өнім бірлігіне шаққандағы ақшаның санының өзгеруінсіз баға деңгейінің өзгеруінің болғаны маған беймәлім. Баға мен айналыстағы ақша санының синхронды қозғалысын дәлелдейтін мысалдарды жер шарының кез келген бөлігіндегі елдердің көп жүзжылдық тарихынан көруге болады<sup>145</sup>.

... Ақша қорының жосығындағы өзгеріс іскерлік белсенділіктің, ақшалай табыс және бағаның өзгеруімен тығыз байланысты; монетарлық және шаруашылық өзгерістерінің арасындағы байланыс ...ең жоғары дәрежеде тұрақты; көбінесе

<sup>144</sup> Исследование в области количественной теории денег Чикаго, 1956, стр. 4.

<sup>145</sup> The Optimum Quantity of Money and Other Essays. L. 1969. P. 172-173.

монетарлық өзгерістердің шығу тегі тәуелсіз болады, олар іскерлік белсенділіктің өзгерісінің қарапайым кескіні болып табылмайды<sup>146</sup>.

... Ақша – сатып алу актісін сату актісінен ажырататын, сатып алу қуатының уақытша баспанасы<sup>147</sup>.

... Тек ғана интеллектуалды артта қалушылық, біздерді әлі күнге дейін, алтынды ақша жүйесінің орталық элементі ретінде деп ойлауға мәжбүр етеді. Бұл, бидайдың және басқа да ауылшаруашылық тауарларының бағасы сияқты, бағасы белгілі бір деңгейде ұстап тұрылатын тауар<sup>148</sup>.

... Жалпы инфляция емес, тек ғана күтпеген инфляция маңызды, инфляция мен жұмыссыздықтың арасында тұрақты ымыра болмайды, нақты факторларға сәйкес келетін жұмыссыздықтың табиғи деңгейі ғана болады. Жұмыссыздықты, бұл деңгейден төмен тек ғана жеделдетілген инфляцияның көмегімен немесе бұл деңгейден жоғары жеделдетілген дифляцияның көмегімен ұстап тұруға болады<sup>149</sup>.

... Инфляция не кәсіподақпен, не монополиямен қоздырылмайды, дұрысында ақшаның санының өзгеруімен. Ақшаның санына әсер ететін барлық қалған факторлар, сондай нәтижеге ие болады<sup>150</sup>.

... Инфляция, даму қарқынын жеделдетуге талпынатын елде сөзсіз орын алады дейтін пікір бар. Әдетте мынадай аргумент

<sup>146</sup> Денежная история США. 1860-1960 Принстон. 1963. Стр.676.

<sup>147</sup> Монетарная статистика США. Нью-Йорк. 1970. Стр.137.

<sup>148</sup> Программа для денежной стабильности Нью-Йорк. 1981. Стр. 81.

<sup>149</sup> Nobel Lecture. Inflation and Unemployment // Journal of Political Economy. 1977. № 6. P. 456

<sup>150</sup> Unemployment versus Inflation. L. 1975. P. 33.

келтіріледі. Даму қарқынын үдетуге талпынатын ел, өзінің қарамағындағы ресурстарға елеулі қысым көрсетеді. Ресурстарға қысым көрсету тек қана бағаның өсуімен қоса жүретін сұраныстың көбеюін білдіреді. Нәтижесінде даму процесі, сөзсіз бағаның өсуімен байланысты деген мәлімдеме жасалады. Бұл аргументте физикалық бағалау ақшалай бағалаумен шатыстырылады. Даму процесінде ресурстарға қысым тек ғана относителді бағаға әсер етеді. Бағаның абсолютті деңгейіне – жоқ<sup>151</sup>.

... Инфляцияны шығындармен түсіндіретін теория, өзінің кеңінен таралғандығына қарамастан, өте мардымсыз шамада қолданылады. Егер шығындардың өсуі ақша экспансиясына әкеліп соқтырмаса, онда бұл өсудің әсері, ең артық дегенде, бағаның жалпы деңгейінің уақытша көтерілуіне және бағаның жаңадан төмендеуінің одан кейінгі тенденциясымен жұмыссыздықтың көбеюіне ғана келіп саяды<sup>152</sup>.

... Инфляцияның лап етуі оны тұншықтырудың мықты талпынысын тудырады. Саясат бір шектен басқа шекке шығуға ұмтылады, сөйтіп инфляцияның шын және күтілетін қарқынының ауытқуын күшейтеді<sup>153</sup>.

... Мен, ашық инфляцияның өзіне қарағанда инфляцияны ірқу бойынша шаралар көбірек зиян әкеледі деп есептеймін<sup>154</sup>.

... Инфляцияның пайда болуын, бағаның валюталық курстың үстінен қатаң бақылау орнату жолымен және басқа да шаралармен

<sup>151</sup> Dollars and Deficits: Inflation, Monetary Policy and the Balance of Payments. N. Y. 1968. P. 21-22.

<sup>152</sup> What Price Guideposts. Chicago. 1966. P. 21.

<sup>153</sup> Nobel Lecture... P. 466.

<sup>154</sup> Unemployment versus Inflation. P. 32.

ұстап тұруға талпыныс жасаудың қажеті жоқ. Бұл шаралардың барлығы инфляцияның негізгі қайнар көзін жоя алмайды. Олар жай ғана баға жүйесінің тиімді әрекет етуіне бөгет жасайды. Олар параберу, сыбайлас жемқорлыққа, заңды сыйламауға қолайлы жағдай жасай отырып ресурстарды жоғалтуға және дұрыс бөлінбеуіне әкеліп соқтырады, және ашық инфляцияға қарағанда экономикалық дамуға елеулі бөгеуіл болады<sup>155</sup>.

... Инфляциямен күресудің тек бір ғана пәрменді құралы бар: ақша санының өсу қарқынын бақылау<sup>156</sup>.

---

<sup>155</sup> Inflation: Causes and Consequences. P. 37-38.

<sup>156</sup> Newsweek. 1978. Sept. 4.



## 11. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ

Джон Ричард Хикс (1904-1989)

АҚШ экономисі. Өзінің еңбектерінде құн, капитал және процент теориясы сияқты салалардағы математикалық саяси экономия мектебінің тепе-теңдіктің жалпы теориясы идеясын зерттейді.

Экономикалық өсу және экономикалық динамика проблемаларын талдау барысында Хикс, экономикалық жүйені тұрлаулы тепе-теңдікке жеткізетін шарттарды анықтауға күш салады.

... Нарық тепе-теңдікте болу үшін, бағалардың өзара қатынасы сұраныс пен ұсыныстың теңесуін қамтамасыз ететін деңгейде белгіленуі жеткілікті<sup>157</sup>.

... Егер бағалардың белгілі бір жиынтығы ғана берілген болса, біз кез келген индивидтің нарықтағы артықшылық жағдайын қалай анықтауды білетін боламыз. Біз, онда жоқ тауарлардың қандай санына оның сұраныс жасайтынын, сонымен бірге, онда айырбасқа ұсынатын тауарлардың қанша саны бар екенін анықтауға мүмкіндік аламыз. Кейін, қарапайым қосу жолымен, біз, әрбір тауар үшін сұраныстың көлемін және ұсыныстың көлемін анықтай аламыз. Егер баға жүйесі барлық тауарлар үшін сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін қамтамасыз ететіндей болса, онда тепе-теңдік жағдайы айқын. Егер олай болмаса, онда кейбір тауарлардың бағасы көтеріледі немесе төмендейді<sup>158</sup>.

<sup>157</sup> Стоимость и капитал. М., 1988. Стр. 152-153.

<sup>158</sup> Сонда, 154 бет.

... Айырбастың тұрақтылығы дегеннің қандай астары бар? Тепе-теңдік жағдайының тұрақтылығы, бұл жағдайдан жүйенің сәл ғана ауытқуы тепе-теңдікті қалпына келтіруге ұмтылатын күштерге қозғау салу үшін қажет. Бұл тепе-теңдік жағдайдан бағаның артуы, сөзсіз бағаны төмендетуге тырысатын күштердің әрекетін тудырады дегенді білдіреді; ал жетілген бәсекелестік үшін айтылған мәселе, бағаның өсуі сұранысқа қарағанда ұсыныстың кеңеюіне әкеліп соқтыратынын көрсетеді. Тұрақтылықтың шарты, бағаның өсуі сұранысқа қарағанда ұсыныстың елеулі көбеюіне, ал бағаның төмендеуі – ұсынысқа қарағанда сұраныстың елеулі түрде кеңеюіне әкеліп соқтыратынында тұр<sup>159</sup>.

... Адамдармен дайындалған жоспар, бағадан және соған сәйкес күтілетін болашақ бағалардан тәуелді болады; дегенмен ағымдық бағалардың өзі ағымдық сұраныс пен ұсыныс жағдайымен анықталады, өз кезегінде олар жоспарда көрінеді<sup>160</sup>.

... Көбіне, капитализмге жоспарлардың үйлесуін қамтамасыз ететін қандай да бір ұйым мүлдем тән емес деп есептеледі. Дегенмен мұндай ұйым жеке кәсіпкерлік шеңберінде де мүмкін; оның көмегімен кәсіпкерлердің үміті мен жоспары үйлесімді болуы мүмкін. Әңгіме, нарықта белгілі бір мерзімге мәміле іске асырылатын шаруашылық операциялары туралы ғана емес, алдын ала келісілген сауда келісімінің әдісі, сонымен бірге алдын ала орналастырылған әртүрлі тапсырыстар, барлық ұзақ мерзімді контрактілер туралы болып отыр...<sup>161</sup>.

<sup>159</sup> Сонда, 158-159 беттер.

<sup>160</sup> Сонда, 237 бет.

<sup>161</sup> Сонда, 243 бет.

... Қоғам дамуының ерте кезеңінде ақша ...әдетте ұзақ мерзімді қолданылатын қандай да бір материалдық тауар болатын, және осы себепті ақша ретіндегі тауарға сұранысты және ұзақ мерзімді қолданылатын тұтыну игілігі ретіндегі оған сұранысты айыру немесе тіпті ақша ретіндегі ақшаға сұраныс нені білдіретінін түсіну қиын болатын. Дегенмен, ақшаны төлеу туралы қайсы бір уәде соншалықты кеңінен тараған жақта, алғашқы шыққан ақшалардың жетілген ауыстырушысына айналды, және оларға алғашқы шығарылған ақшалармен қатар жоғары сапа теліне бастады, нәтижесінде таза ақшалай сұраныстың дербес өмір сүруі айқын болды. Олар құнды қағаздардың ең жетілген түрі болып табылатын ақиқат ақшаға айналды<sup>162</sup>.

---

<sup>162</sup> Сонда, 283-284 беттер.

## 12. НЕОЛИБЕРАЛИЗМ

В.Репке (1899-1966), Вальтер Ойкен (1891-1950) және

басқалары

Людвиг Эрхард (1897-1977)

Экономиканы мемлекеттік реттеудің неолибералдық концепциясы өкілдері. Германия федеративтік республикасының экономика министрі (1949-1963), вице-канцлер (1957-1963), федералдық канцлер (1963-1966) қызметтерін атқарған.

... Молшылыққа жетудің және қамтамасыз етудің барынша тиімді құралы – бәсекелестік. Оның бір өзі, барлық адамдарға шаруашылық прогресті пайдалануға, әсіресе, олардың тұтынушылар рөлін атқаруға да мүмкіндік береді. Ол, еңбек өнімділігінің өсуінің тікелей нәтижесі болып табылмайтын барлық артықшылықтарды жояды.

Бәсекелестік арқылы – осы сөздің жақсы мағынасында – прогресс пен пайданы әлеуметтендіруге қол жеткізуге болады; оған қоса ол, әрбір адамның еңбегінің жетістігіне жеке-дара ұмтылысын сөндірмейді<sup>163</sup>.

... Әлеуметтік нарықтық шаруашылық – бұл экономикалық гуманизмге жол. Шаруашылықтың бұл типі ұжымшылдыққа жеке-даралықты, биліктің шоғырлануына – еркіндікті, орталықтандыруға – орталықсыздандыруды, ұйымдастыруға – өздігінен пайда болушылықты қарсы қояды<sup>164</sup>.

<sup>163</sup> Благосостояние для всех. М., 1991. Стр. 13.

<sup>164</sup> В. Репке. Гуманное общество.



... «Орталықтан басқарылатын экономика» жүйесі қоғамның барлық күнделікті экономикалық өмірі бір орталықтан шығарылатын жоспармен реттелуімен сипатталады. Егер қоғамның экономикасы екі және одан да көп дербес шаруашылықтардан тұратын, олардың әрқайсысы өздерінің жоспарын жасап және оны ендіретін болса, онда бұл – «айырбас экономика» жүйесі.

... Айтылған екі нышан үш формада өткізіледі: а) жаппай орталықтан басқарылатын экономика (айырбасқа мүлде рұқсат бермейді; «ең соңғы ұсақ-түйекке шейінгі» өнімдерді өндіру, бөлу және тұтыну орталық басқарудың нұсқауы және бұйрығымен жүзеге асырылады; б) тұтыну заттары еркін айырбасталатын орталықтан басқарылатын экономика (бұл жерде тұтынушылар айырбастау жолымен бөлінген тұтыну заттарын бөлуде түзетулер енгізеді); в) еркін тұтынушылық таңдауы бар орталықтан басқарылатын экономика (игіліктерді тұтыну таңдауы еркін, бірақ, әдеттегідей, өндіру үшін орталық билікпен ұйғарылғандар ішінен)<sup>165</sup>.

---

<sup>165</sup> Ойкен В. Экономические системы. THESIS: Весна 1993. Т. Вып. 2. Стр. 19, 21-25.

### 13. ИНСТИТУЦИОНАЛИЗМ

Джон Кеннет Гэлбрейт (1908-2006)

Белгілі АҚШ экономисі. Өндіріс пен айналыстың өзара байланысының сыртқы механизмін формалды талдауға қарағанда экономиканың әлеуметтік және ұйымдық құрылымына баса назар аударады.

... Нарықтық экономикада сатып алушы, олармен төленетін баға күтілетін нәтижені алуды қамтамасыз ететініне сүйенеді. Мұндай жағдайда одан басқа ештеңе талап етілмейді. Бір нәрсені сатып алуға ниет білдірген сатып алушыға, оның қажеттілігін қанағаттандыратын фирманың қарсы жауап ұсынысы жолданады. Қосымша ақына ұсына отырып, ол қосымша тауарлар немесе қызметтерді сатып алады. Өз кезегінде фирма, соған ұқсас ұсыныстар арқылы өзінің мақсаттары үшін жұмыс күшін, материалдар мен жабдықтарды сатып алады.

Жоғарыда жазылған механизм сенімді бола алмағандықтан жоспарлау қажет болады<sup>166</sup>.

---

<sup>166</sup> Новое индустриальное общество. М., 1969. Стр. 58.

## 14. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Әбунасыр әл-Фараби (870-950) (толық аты-жөні Әбунасыр

Мухаммед ибн Мухаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби) –

«шығыс Аристотелі» атанған ғұлама, энциклопедист ғалым, әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

... Ақшаны үнемдеуде және жұмсауда көрсететін шамаға қарай жомарттық туады. Шектен тыс үнемшілдік және ақшаны кем жұмсау сараңдыққа соғады, ал мұның өзі адам басындағы жаман қасиет. Шектен тыс артық жұмсау және жеткілікті дәрежеде үнемшіл болмау ысырапшылыққа соқтырады. Осындай адам басындағы қасиеттерден келіп, тиісті әрекеттер туады<sup>167</sup>.

... Теориялық [күштің] арқасында адам өзінің қолынан мүлдем келмейтін нәрсенің мәнін танып біледі. Практикалық [күштің] арқасында ол көңілі соққан жағдайда өз қолымен істей алатын нәрсенің мәнін танып біледі.

Кәсіптік [күштің] көмегімен [адам] өнерлерді және қол өнерін меңгереді...<sup>168</sup>.

... Адам кез-келген жұмысқа жарамды бола бермейді... Жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарса, білгір және шебер болып шығады. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады.

<sup>167</sup> әл-Фараби «Әлеуметтік-экономикалық трактаттар. Бақыт жолын сілтеу. 18 бет. Қазақ ССР-нің «Ғылым баспасы». Алматы – 1975.

<sup>168</sup> әл-Фараби «Әлеуметтік-экономикалық трактаттар. Азаматтық саясат. 52 бет. Қазақ ССР-нің «Ғылым баспасы». Алматы – 1975.

Қайырымды қалада әрбір адамға тек оның өзі ғана шұғылданатын бір кәсіп және ол қызметшілік дәрежесінде немесе басшы дәрежесінде орындайтын, бірақ одан асып кетпейтіндей бір жұмыс белгіленуге тиіс<sup>169</sup>. Олардың ешқайсысын көп жұмыстармен немесе бір кәсіптен артық кәсіппен айналысуға ықтиярсыз көндіре алмайды, мұның үш түрлі себебі бар: 1) әрбір адам кез келген жұмысқа және кез келген кәсіпке жарамды бола бермейді және басқа адам емес, кейде тек сол адам, басқа бірер жұмысқа емес, тек сол бір жұмысқа жақсырақ жарамды болады; 2) бір жұмыспен немесе кәсіппен шұғылданатын әрбір адам бұл жұмысты неғұрлым жетік және жақсы атқарып, бұл жұмыста білгір және шебер болып шығады, өйткені ол өзін осы жұмысқа арнап, басқаға емес, осы жұмысқа жастайынан үйренеді; 3) көп жұмыстардың белгілі мерзімдері болады, сондықтан бұл жұмыстарды кейінге ысырғанда, олар орындалмай қалады: кейде екі жұмысты бір мезгілде атқару керек болады, сонда адам бұл жұмыстардың бірімен шұғылданғанда, екінші жұмысқа оның уақыты қалмайды, сөйтіп, ол бұл жұмысқа басқа уақытта кірісе алмайды. Сондықтан да, жұмыстардың әрқайсысы мезгілінде орындалуы және орындалмай қалмауы үшін әрбір адамға екі жұмыстың бірі ғана белгіленуге тиіс<sup>170</sup>.

---

<sup>169</sup> Өзінің басқа саяси трактаттарында Әл-Фараби қоғамның әр түрлі топтары арасындағы еңбекті бөлу туралы еш нәрсе жазбайды. Бұл тақырып Платоннан көшкені айқын көрініп тұр, ал Платонша «егер белгілі бір жұмысты өзіңнің табиғи қабілеттеріңе сәйкес, онымен бірге, басқа жұмыстарға алаңдамай, кесімді уақытыңда атқарып отырсаң, бәрін де көп мөлшерде, жақсы және оңай істеуге болады» («Мемлекет», М., 1971, 3-том, 1-бөлім, 370 с., 146-бет).

<sup>170</sup> әл-Фараби «Әлеуметтік-экономикалық трактаттар. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері. Бірінші бөлім. 246 бет. Қазақ ССР-нің «Ғылым баспасы». Алматы – 1975.

### Жүсіп Баласағұн (1020-?) –

ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды.

Ж. Баласағұнның моральдық-этикалық мәселелерді көтеретін «Құтты білік» дастаны мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды болып табылады. Жүсіп Баласағұн бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген.

Өміріңді байлық қыл – пайдасы болсын ізгілік.

Жақсы нәрсе бұл жомарттық, жаны кең,

Сахи болма, бірақ, кісі малымен.

Білу керек сауда-саттық айланы,

Саудасы жоқ, білмейді әсте пайданы.

Нарқын білсін күллі нәрсе тауардың,

Баға-құнын айыра алсын олардың.

Құнын білсе, тектен текке алданбас,

Сатарда-алып арзымасты малданбас.



Тәтті сөйлеп үлкенге де, кішіге,  
Жайлы болса алыс-беріс ісіне.  
Тез қайтарса сенен сұрап алғанын,  
Қашан да тез берер сұрап барғанын.  
Саудада адал, құлқы түзу адамға,  
Іздегенін тауып берер табанда! <sup>171</sup>.

Қазынашы малын бермей, сүйресе,  
Мұқтаж ісші у ішкендей күй кешер.  
Қазынашы бермей оны сүйресе,  
Мұқтаж жан да күйрер – үміт күйресе.

Керегінді тапсаң сол сәт жөнімен,  
Шағын нәрсең пілдей болып көрінер.

«Тілегенің дер кезінде табылса,  
Байғазыға аздау болар жаның да!  
Керегінде азың пілге тенелер  
Күллі нәрсе паркындай ол еленер!»<sup>172</sup>  
«Қай нәрсеге сіңсе бейнет, еңбегі,  
Сол сүйікті, сүйкімді сол жердегі!  
Қай нәрсеге кісі өмірін арнайды,  
Жан-тәнімен соны сүйіп, таңдайды!

---

<sup>171</sup> Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егубай. – Алматы: «Олке», 2006. 2-басылым. 316 бет.

<sup>172</sup> Сонда, 317 бет.

Тірлік есіл емес ау, еңбек – есіл,  
Сол еңбекпен өтелмес, тірлік – есіл!  
Өмір өтсе, ер жігіт ашынбайды,  
Есіл еңбек өксігі басылмайды!<sup>173</sup>»

Еңбек еткін, ләззат қуып не етесің  
Михнат пен рахат бірге, жетесің!<sup>174</sup>.

Сатушы оған сатар айтып бағаны,  
Алушы алып – айналымға салады.  
Жыл, ай, күндер өтер – пайда жиылар,  
Есептесер, тағы түсім құйылар!<sup>175</sup>.

«Пайдалы құл – жақын болар ұлыңнан,  
Пайдасыз ұл – жаудан жаман ұрынған.  
Тірі жанның бәрі пайда қуады,  
Пайдасызды үйде қарттық буады!<sup>176</sup>»

«Қадір тұтып, үйрен білім, өнерді,  
Қадірлетер ол даңқынды, өренді.  
Білімді біл, ойлан, текке жүрмегін,  
Сәті келсе, туар ізгі күндерің!»

---

<sup>173</sup> Сонда, 319 бет.

<sup>174</sup> Сонда, 327 бет.

<sup>175</sup> Сонда, 333 бет.

<sup>176</sup> Сонда, 334 бет.

Еңбек келсе, рахат та келеді,  
Рахат пен еңбек бірге себебі!<sup>177</sup>

Пайда ойлаған, пайдасы үшін жанығар,  
Жарамдыны жарамсыз дер, тарылар<sup>178</sup>.

Кіріске сай, шығысты да санағын,  
Шығыс болса, кірісті де қарағын...<sup>179</sup>

### Шоқан Уәлиханов (1835-1865)

(шын есімі Мұхаммед Қанафия) – қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ елінде туындаған демократтық, ағартушылық, мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф әрі географ және ағартушы. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтумен «Шоқан» аталып кеткен.

... Өндірістің кез-келген түрі сияқты мал шаруашылығының да сыртқы табиғи кедергіге қарамастан алға қарай жемісті жылжуы үшін қажетті жағдайлар болуы керек. Онсыз оның тіршілік етуі мүмкін де емес. Бұл қандай жағдайлар дегенге ойысар болсақ, оның шарттарын айқындау мына төмендегі мәселелерді ескеріп отырса онша қиын емес... мал шаруашылығы үшін өріс-қоныстың мейлінше кең болуы ең маңызды әрі басты шарт деп санау керек.

---

<sup>177</sup> Сонда, 345 бет.

<sup>178</sup> Сонда, 372 бет.

<sup>179</sup> Сонда, 458 бет.

Осы айтылғандардың бәрінен мал шаруашылығын ойдағыдай жүргізу үшін мыналарды қаперге алу қажет деген тұжырым жасауға тура келеді.

- 1) жер барынша мол болып, қоныс пен өріс үшін ұлан-ғайыр аймақ қажет.
- 2) қыс қыстау үшін қалың ормандар мен шұбарлы таулар, ал жазғы жайлау үшін суы мол кең салқар жазық алқап қажет<sup>180</sup>.

### Абай Құнанбаев (1845-1904)

**Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, қоғам қайраткері. Қазақ халқын әлемдік өркениет деңгейіне көтерілуге шақырған өлеңдеріндегі, поэмалардағы, үлгі-өнеге, тәрбие беретін атақты қара сөздеріндегі экономикалық ой-пікірлері қазіргі заманғы нарықтық қатынастармен сабақтас.**

Базарға қарап тұрсам әркім барар,  
Іздегені не болса, сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап ақшасына сонан алар.  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,  
Бағасын пайым қылмай, аң-таң қалар<sup>181</sup>.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,

<sup>180</sup> Шоқан Уәлиханов. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2010, 59-60 беттер.

<sup>181</sup> Абай Құнанбаев. Шығармалары, Алматы «Жалын», 1995. 35 бет.

Диқаншылар жер жыртып, егін егер.  
Шаруаның біреуі екеу болып,  
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер<sup>182</sup>.

Түбінде баянды еңбек егін салған,  
Жасынан оқу оқып, білім алған.  
Би болған, болыс болған өнер емес,  
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған<sup>183</sup>.

... Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Ноғай еңбек қылып, мал табудың жөнін білді, бұл баюдың жолы. ...Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой.

...Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына құзғын тамағымыз үшін біріміз қош алушымыз. ...Оның бәрі бірін-бірі қуып, қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, зор болғандық әсері<sup>184</sup>.

... Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағаны, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ,

<sup>182</sup> Сонда, 94 бет.

<sup>183</sup> Сонда, 184 бет.

<sup>184</sup> Сонда, Екінші сөз, 279-280 беттер.



қайратсыз тартады, әрбір қайратсыз, қорқақ мақтанғыш келеді, әрбір мақтаншақ, қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан арсыз келеді, әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген: Малым көп болса, өзімдікі де, балаларымда малды болса екен, – дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік байлық, қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ<sup>185</sup>.

### Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931)

Қазақ халқының аса көрнекті ақыны, қоғам қайраткері, өзінің өлеңдерінде еріншектікті, жалқаулықты сынай отырып, еңбектің, өнердің жасампаздық рөлін, адал кәсіпкерліктің тіршілік көзі екенін үлкен ақындық шеберлікпен суреттейді.

Қайтер еді жігіттер,  
Тым қымбатты кимесек.  
Мақтан үшін борышты,  
Үсті-үстіне үймесек.  
Қаладағы байлардың,  
Ыңғайына билесек.

<sup>185</sup> Сонда, Үшінші сөз, 280 бет.

Аяғында қайтерміз  
Банкрот боп күйресек<sup>186</sup>.

Жатып ішкен жан – тыныш, салғырт-салак  
Оған арам – hareket, ой ойламақ  
Іздемеген кісіге қайдан келсін  
Таза киім, жылы орын, тәтті тамақ

Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ  
Білім – білмек – әр іске шебер болмақ  
Қолөнерден пайда қыл үйреніп-ақ  
Кетпес дәулет осы ғой әмбеге хақ<sup>187</sup>.

Қол өнер – өзің өлсең – бірге өледі  
Сонда-дағы қалғандар үйренеді.  
Сен кетсең де өнерің елде қалып,  
Талай жанға азық пен мал береді.  
Әрі ермек, әрі пайда, әрі дұрыс,  
Демейді қол өнерді ешкім бұрыс...

---

<sup>186</sup> Шәкәрім шығармалары, «Шаруа мен ысырап».

<sup>187</sup> Сонда, «Мал жимаю».

## Сарышолақ Боранбайұлы (1858-1929)

Патша үкіметінің отарлық саясатына өзінің творчасымен үзілді-кесілді қарсы шыққан, ақындық, жыршылдық талантымен артына зор өшпес мұра қалдырған.

Патшалы Ресей қазақ жерінде нарықтық қатынастарды өрістету арқылы жергілікті халықты қанауға кең жол ашқанын, әділетсіз сауданың астарын ашына көрсете отырып былай деп толғайды<sup>188</sup>.

Бір түйе беріп маубасым  
Етіктік алар былғары  
Айна менен тараққа  
Тоқты торым садақа  
Бұл қазағың қарап-па  
Терең зерлей бағаға?  
Қарап жатпайды шамаға  
Шалқардың кулау ноғайы  
Сауда да озған талабы  
Көл жағалай үй салып  
Пұлға толған сарайы  
Ретін тауып алады  
Бермесеңде анайы  
Аңқау елге арамза  
Алтыннан озды-ау қалайы

---

<sup>188</sup> Бұл дүниенің құрығаны.

Сонда да мұндай зорлыққа, алдау-арбауға мойымай қазақтардың білім мен өнерге, сауда мен кәсіпкерлікке бейімделе бастағаны туралы.

Сонда да халқым мойымай

Жетіліп жатты өркендеп

Өнерге аздап бас қойды

Үйреніп жатыр кем-кемдеп

Мал айдады базарға

Жүнін сатты тең-теңдеп

Бұрын жұртта қалатын

Жүн түгел, тері, сенсең көп, – деп халқының экономикалық даму болашағына сенімін білдірді<sup>189</sup>.

### Әлихан Бөкейханов (1870-1937)

**XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.**

... «Қазақ надан, қазақ мәдениетсіз, қазақ жоғалып кетеді. Бұған жер неге керек» деп оттаған дұшман бар. Жоғалатын халық өспейді...

---

<sup>189</sup> Асанов Ж.А. Шекті Мөңке би Тілеуұлы (1675-1756) – Астана, «Елорда», 2001, 83-84 беттер.

... Мемлекет қазақты өзінің баласының бірі қылса, қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда, қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте-бірте отырықшы болар еді.

Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді.

Завод ісі жұрттың жалпы шебер, көнбіс, ұста болуына байлаулы. Қазақ білетін атақты Зингер киім машинасы Америкадан келеді. Мұны біздің Россияда істеуге қызмет атқаратын жұрт шеберлігі кем. Завод ісі мәдениет дәрежесіне байлаулы. ... Біздің Россияда мәдениет төмен. Жақсы нәрсе шығаратын завод, фабрика жоқ. Істеген ісі сарт шегесі, сарт бөзі сияқты. Жақсы киім, жақсы нәрсе ұстайтын адам бұларды Англия, Бельгия, Франция, Германиядан алғызады<sup>190</sup>.

... Әр нәрсені амалын біліп, өз орнына жұмсаса, іс көркейеді. Мал бағуға жұрт шебер болған соң, осы малды қазақ айналдырғаны жөн.

... Мал тәрбиелеп өсіріп, қызмет атқарса, байлық тапқан деген сол болады. Қазақ осынша жерде шалқып жатып, мал басын қосып шаруа қыла алмай отыр. ... Бұрын ақша болмаған. Өмір керегі жалғыз малмен орнына келетін.

... Қазақтың қойының жүні тоқылып, үстіне киім болып, әрбір темірі өзіне түйме болуы тиіс.

---

<sup>190</sup> Олихан Бөкейханов. «Қазақ» газеті 1915. «Жауап хат» мақаласы.



... Енді заман өзгерді. Базарда бағаланғаны пұл болады. Қазына басы көпке байлаулы емес, базарда ақша болатынына байлаулы. Енді жарыстан қалмайын десек, мал сүйегін асылда<sup>191</sup>.

... Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниедегі жер билігі күннен күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Еуропада ұлығ патша атанатын жұрт, халықтың ақылды ұсталығына сүйеніп ұлығ патша болып отыр. Бұрын қазақ «аху-уху» деп неше мың жыл босқа өзімен өзі өсіп өнетін мал айдап, көшіп жүрген жерден мұжық келе сала қазына суырып алып байып отыр. Күні-түні жанын жалдағанның рақатын көріп отыр<sup>192</sup>.

... Байлық түбі – ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды<sup>193</sup>.

... Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса – башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді<sup>194</sup>.

... Қазақтың байырғы жерін қашан ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмеуі тиіс<sup>195</sup>.

---

<sup>191</sup> Сонда.

<sup>192</sup> А.Бөкейханов. Шығармалары, Қазақстан, 1994, 128 бет.

<sup>193</sup> Е.Зәңгіров. Ұлт рухы: қанатты сөздер – Алматы «Апта-б», 2015. 4 бет.

<sup>194</sup> Сонда, 16 бет.

<sup>195</sup> Сонда, 24 бет.

## Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937)

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

... «Қазақ сыртқа арзан бағамен шикізат шығарады, ал сырттан сол шикізаттан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат бағамен сатып алуда»<sup>196</sup>.

... Бұ заманда не нәрсе машинаға айналды. Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10-11 сомға алып отырған былғары – былтырғы 4-5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар – қазақтың бір пұтына 3-4 сом алып сатқан малының жүні.

Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізат сатады, ек-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемістік, бұл қазақ халқының білім-ғылымнан қалыс қалуы. Бұл қалыс қалуға себеп – қазақ жерінде мектептер аз.

Қазақтың осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол сатып алған нәрселерінің бірін де қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқасайман, арба-шана, киім-кешек, ыдыс-аяқ – бәрі де завод, фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің

<sup>196</sup> АльПари //Экономический журнал Алматы, №6 2002, мұқабада.

сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда, қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Мұнан 20-25 жыл бұрын қазақ Бұхар, Ташкентке түйемен кіре салып, қанша пайда қылушы еді! Темір жол түскен соң, ол пайда да қазақ қолынан кетті. Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсалған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-біріне ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ. Жоғарыда айтылған шаруа туралы болсын, партияға мубталла болсын, бәрінде де қазақ осы көлденең көк аттыларға түсіп, соларға жем болады.

Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Біз бай, білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік. Әуелі қазыналық етемін дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса, қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. ... Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан.

Бүгін тойғанына мез болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды. Жер қазыналық болған соң сата алмады, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар. Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбіне хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып жер жалдап, мұжықты ішіңе кіргізген өзің емес пе? Іс оңға басарлық қылығың жоқ. Ғамалыңды түзет, түзелмесең ешкімге кінә қойма! Үмітіміздің көбі қошқар... қасқырдың үміті сықылды: өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден, тер сіңірген тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді. Олардың бірі де көрінбейді<sup>197</sup>.

... Уақ қарыз серіктігі деген – серіктескен адамдарға қажетін шығаруға қарызға ақша беріп тұратын серіктік. Шаруасы бар, кәсібі бар адамдардың көбі-ақ қарызданбай тұрмайды.

Уақ қарыз серіктігі пайдалы һәм ашуы да оңай. Жалғыз-ақ қиын жері – дұрыстап іс етіп жүргізу. Оны дұрыстап жүргізу үшін керек, әуелі, іс мәнісін жақсы білетін адамдар, екінші, серіктіктің тиын-сиындарына көзі қызықпайтын адамдар, осы екі шарт орнына келетін болса, уақ қарыз серіктігі серіктескен адамдарға бек пайдалы нәрсе.

---

<sup>197</sup> А.Байтұрсынов. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991, 213-214 беттер.



Уақ қарыз серіктігінің түп мақсаты серіктескен адамдарға керекті кезінде машақатсыз, оңай жолмен, жеңіл өсіммен қарыз беріп тұрмақ. Ол қарызға берілетін ақша азық-түлік, киім-кешек һәм онан басқа сол сияқты шығыны бар да, өнімі жоқ қажеттерге емес, шыққан ақшадан өнім болатын іске беріледі. Мысалы, егін саларда я көлігі кем болып тұрса, я құралы кем болып тұрса, я хабары кем болып тұрса, я шашатын тұқымы жоқ болып тұрса, пішен шабуға машина алатын болса, я май алатын машина керек болса, я малға жемшөп алу қажет болса, қысқасы, шығарған ақшасын өтерлік іс я кәсіптерге ғана беріледі<sup>198</sup>.

Әсіресе біздің заманымыз – еңбек заманы... Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек. Күшпен істі қатар жұмсап ас қылу – еңбек ету болып шығады. Мал табу үшін еңбек ету керек<sup>199</sup>.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да болады... ол дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді<sup>200</sup>.

... Бір ауылнай, не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салық

<sup>198</sup> Сонда, 233-235 беттер.

<sup>199</sup> Сонда, 320-321 беттер.

<sup>200</sup> Сонда, 256 бет.



оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарағына міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен договор жасап, школ ашу қажет<sup>201</sup>.

Ең алдымен қарағанда, қазақтың шаруасы меншікті, кісі күшінен пайдалану эксплуатация негізіне құрылған, жер жалпылық емес, әркім өз жерін меншіктеген, сонымен қатар қазақтың шаруашылығында рушылық дәуірі тамырымен құрыған деп айтуға болады.

Қорытындымызда, қазақ елінде рушылық дәуірі жоқ, бірақ қалған жұрнақтары бар. Ол қалған жұрнақтары қоғамның бәрине пайдалы емес, қоғам ішіндегі байлар, оның атқамінерлерінің пайдасына жұмсалады. Мұнан қазақ ішінде тап барлығы көрінеді. Қазақ елінде тап бар, ол болған соң, оның ішінде капитал жолымен әдемілеп қанаушылар бар<sup>202</sup>.

... Қандай жерге қай астықты егу, қашан һәм қанша рет жырту, тырмалау,, қысқасы, егін жақсы шығуына жырту мен тырмалаудан басқа қандай білім керек – оны егіншілердің көбі білмейді. Ол білім: еккен тұқымға не керек екендігін білу, оған не нәрсе пайдалы, не нәрсе зарарлы екендігін білу. Шашқан тұқым жас бала, малдың жас төлі сияқты, орны жайлы, тамағы тоқ болса, жақсы өседі. Жерді жырту, тырмалаудағы мақсат тұқымға орын жайғастыру, неғұрлым жақсы жыртылса, тырмаланса, соғұрлым шашқан тұқымға жайлы болмақшы. Өйткені тұқымның тамыры таралып, бойы көтерілу үшін жолында бөгет болмаса керек. Олай болу үшін жер қатты болмай, босаңқы, болбыр боларға керек.

<sup>201</sup> Сонда, 322 бет.

<sup>202</sup> Сонда, 324-325 беттер.

Жердің босанқы, болбыр болуы жақсы тырмалаудан. Тұқым түскен жерден ас болатын заттар табыларға керек, ол заттарды жіберіп, ас қылатын топырақтың ішінде ылғал боларға керек. Егін еккен жерде басқа жат шөптер болса, олар егіннің жерден алатын тамағына ортақ болып егінді ашықтырады. Олай болмас үшін егін еккен жерді жат шөптерден ада қылу керек. Тұқым жиі шашылса, тамақ жетпей, онда егін ашығады. Олай болмас үшін әр жердің түріне қарай мөлшерден тысқары жиі шашпасқа керек. Тұқым толық жақсы болса, егін де толық жақсы шықпақшы. Олай болған соң, тұқымның таңдап, жақсысын алып шашу тиіс. Түрлі жерге түрліше егін шығуы жеріне қарай, бірдей жерге бірдей егін шықпау, әрине, егуден болмақшы. Егін жақсы шығуына керек шарттар көп. Олардың ішінде шаруаның қолынан келетіндері де, келмейтіндері де бар. Келмейтіндерін істе деп ешкім айтпайды, келетіндерін істеу егін егушілердің әрқайсысына тиіс<sup>203</sup>.

Қазақ жеріндегі шаруашылық мал бағу мен егін егу. Мал бағу қазақтың көптен істеп келе жатқан ісі, ата кәсіп. Мал бағу жайын ешкімнен ұйренбей-ақ, өзіміз де білеміз деп жүр. Қазақ мал бағу жайын білмейді деп біз де айтпаймыз. Бірақ білім дәрежесі неше қабат. Қазақтың мал ұстау турасындағы білімі ең төмен қабатында. Қазақтың бұл білімі жердің молшылығында ғана білім болып жүр. Жер тарылса, бұл білімімен мал бағып күн көруге болмайды.

Біздің қарауымызша, егін турасындағы білімі де мал турасындағы білімі сияқты жердің молшылығында ілім болып жүр. Жер азайса ол біліммен алыс кетпейтін болар. Қазірінде

---

<sup>203</sup> Сонда, 236-237 беттер.

қазақтардың сұрып жерлерді еркінше жыртып, соныдан соныға түсіп отырғанда мұжықтан егіні төмен шығады. Ол жер дәрежесінің төмендігінен емес, білім дәрежесінің төмендігінен. Қазақтың көбі егін жайынан: егін егуге жер жырту, тырмалау, тұқым шашу керек екендігін ғана біледі. Осымен егін білімі тамам деп ойлайды. Қашан, қалай һәм қанша рет жырту керек, қалай етсе шашқан тұқымға жер жайлы болады, не нәрсе оған зарарлы, не нәрсе пайдалы, пайдалы нәрселерден пайда тию үшін, зарарлы нәрселерден зарар келмес үшін не істеу керек – ол жағынан қазақтың білімі тіпті нашар. Ол білімнің нашарлығы қазір жердің молшылығында білінбейтін шығар, жер таршылыққа айналса, тез-ақ сезілер. Аз жерді осы күнгі қалпында тұтына бастаса, жерін тез-ақ тоздырмақшы. Тозған жер жаңарып жетілуіне қазақ даласында 15-20 жыл керек...

Сондай-ақ, аз жерге істер жалғыз-ақ амал бар: жердің таршылығына істейтін амалға түсу керек. Ол амал – аз жерден көп жердің пайдасын шығара білу. Олай егуге бұрынғы мал бағу мен егін егуге жарап жүрген білімдеріңнен басқарақ білім керек. Ол – көп малдың есесіне, аз малдың асылын ұстап, толықтыратын білім, аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер.

Малдың асылын ұстау үшін қазақ қолындағы малын асылдандыру керек, асыл малдың ішінде қазақ жеріне жерсінетін, жерсінбейтіндері болады. Оны да білу керек.

Аз жерді аздырмай, көп жер орнына тұтыну үшін асыл малға керек білімнен де көбірек білім қажет. Бірақ сол білімнің бәрі де

білгісі келген адамдарға табылатын білім. Білім үшін, әуелі, керек қылу шарт, екінші, жаһат ету шарт<sup>204</sup>.

### Міржақып Дулатов (1885-1935)

Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Алаш ардақтысы, өзінің «Кооперация – яғни бірігіп іс жүргізу» атты мақаласында қазақ халқын үлгі ала отырып кәсіпкерлікпен, өндіріспен, сауда-саттықпен айналысып пайда тауып, оны игілікке айналдыруға шақырды.

... Қазақта мал бағудан басқа кәсіп жоқ, оның өзі де көңілдегідей емес. Бұрын мал көп жерде, еркін заманда кәсіпсіздік білінбеуші еді, енді байлықты, күн көру амалын жалғыз малдың төсінен күтіп қол қусырып отыратын мезгіл өтті. Қазақ байлығы жау мен жұттан кеміген жоқ, қай жолмен болса да, көріну басқалардың қолына ауысып кетті, әлі әзір де солай. Мұнан былай тіршілік қажетін өтеуге, қалған байлығымызды сақтауға, өз пайдамызды өз адамдарымызға қалдыруға кірісерге керек. Ол үшін басқа кәсіпшіл, пайдакүнем жұрттардан үлгі-өнеге алу керек. Завод-фабрика ашу, әрі сауда мен магазин иесі болу, жеке-жеке әрқайсымыздың қолымыздан келмесе де бірігіп, қолдан келер кем-кетіктерге пайдалы жұмыстардан бастауға керек. Мұндай көпке бірдей пайдалы істер кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу, мысалы ұсақ кредит негізінде «уақ қарыз» серіктестігі секілді<sup>205</sup>.

<sup>204</sup> Сонда, 237-238 беттер.

<sup>205</sup> «Қазақ» газеті. 1914 жыл. Міржақып Дулатов. «Кооперация – яғни бірігіп іс жүргізу».



... Көктемде біз мемлекеттік капитализмге қайтып келуден қорықпайтын боламыз, және біздің мақсаттарымыз тауар айырбасын рәсімдеу ретінде болатынын айтқан болатынбыз. Тұтас мемлекетте, өнеркәсіп өнімдерін егіншілік өнімдеріне азды-көпті социалистік айырбастау және осы тауар айырбасымен социалистік ұйымдастырудың бірден-бір негізі ретінде ірі өнеркәсіпті қалпына келтіру көзделген болатын.

Не болды? Қазірде сіздер бәріңіз мұның бәрін тәжірибеден өте жақсы білесіздер, бұны біздің барлық баспасөзден де көруге болады – тауар айырбасы сәтсіздікке ұшырады, сайып келгенде, ол, сатып алу-сатуға айналды. Егер біз басымызды қанаттың астына тыққымыз келмесе, егер біз өзіміздің жеңілісімізді көрмейтін адамдарды бейнелемейтін болсақ, егер қауіп-қатерге тіке қараудан қорықпайтын болсақ, енді біз мұны мойындауға мәжбүрміз. Біз мойындауымыз керек, шегіну жеткіліксіз болды, қосымша шегінуді іске асыру қажет, біз мемлекеттік капитализмнен сатып алу-сату және ақша айналысын мемлекеттік реттеуді жасауға көшкен жағдайда одан әрі кері шегінеміз. Тауар айырбасымен ештеңе шықпайды, тәжірибеде көрсетуді талап етеді. Және басқа жағынан алғанда, нашар көлік қатынасы, кең-байтақ кеңістігі, әртүрлі климаты, әртүрлі ауылшаруашылығы жағдайы бар орасан зор жер шаруашылықты ол жергілікті ауқымда егіншілік пен жергілікті өнеркәсіптің айналысының белгілі бір шамада еркіндігін сөзсіз талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда біз өте көп өнеркәсіпті национализациялау бойынша жергілікті айналысты жабу бойынша тым алысқа сілтедік. Бұл қате болды ма? Күмәнсіз.



Бұл мәселеде бізбен көп қате жіберілді, көрмеу және білмеу орасан үлкен қылмыс болар еді. Бірақ осы жерде, сонымен бірге амалсыз қажеттілік те болды: біз бұған дейін құтырған адам құлағы естімеген соғыс жағдайында өмір сүрдік, онда бізге экономикада әскери тәртіппен әрекет етуден басқа ештеңе қалмаған еді<sup>206</sup>.

... Бір халықтың тұрмысын түп-тамырынан бұзып өзгертуі (көшпенділіктен – отырықшылыққа, отырықшылықтан – көшпенділікке шыққан секілді) оңай іс емес. Қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек<sup>207</sup>.

... Қазақ халқы көшейін деп көшіп жүрген жоқ, жерінің ауасына (климатические условия) қарап көшіп жүр. Адам тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 12-15 жыл егін салған жер тозып шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады. Әлгі тозған жер егіндікке жарауына 20-25 жыл тынығуы керек...<sup>208</sup>.

---

<sup>206</sup> РКП (б) X съезі. Бөліп салуды натуралды салықпен алмастыру туралы баяндама. 15 наурыз 1921 жыл. Ленин В.И. толық шығармалар жинағы 43 Т. 61-62, 63 беттер.

<sup>207</sup> Міржақып Дулатов. Шығармалары. Алматы «Жазушы», 1991, 216 бет.

<sup>208</sup> Сонда, 217 бет.

## Сұлтанмахмұт Торайғыров (1892-1920)

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті демократ-ақыны, ғажап ақыл ойшысы. Ол өзі өмір сүрген қоғам шындығын, қайшылығын бейнелеуші, өзінің ақындық қуаттарынымен жаңалаушы, ілгері дамытушы. Ол қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті деп аталатын тұтас дәуірдің айырықша ірі тұлғасы.

... Европа жұртының қазақ халіндегі халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халіне қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар керек емес, ондап, жиырмалап, көп болса отыздап жылдар керек. Европа халқының көп жылда жеткен жеріне біз аз жылда жетеміз. Себебі: олардың даярлап салып қойған жолымен барамыз. Олар секілді жол салуға айналып кешікпейміз. Жол салғандағы бейнеттерін біз көрмейміз, адасып айналмаймыз. Неге? Олардың мыңдаған жылдар ішінде, жүздеген буындарының еңбегімен салулы даяр жолдарынан жүруді ғана білеміз. Егер де қазақ Европаның даяр жолдарына түспей өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді. Солай болған соң тегіс жұмыла іске кіріссек, 20-30 жылда Европаның білгенін біліп, Европа қатарына қосылып кете алуымызға тарихтан япондар мысал бола алса керек. Япондар осындай халінен 35-40 жылда ержетіп, Европа халіне кірді.

Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып, бақытты болуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын, бірі – дене азығы, бірі – ар азығы. Дене азығы

дегеніміз – осы күнгі адам баласының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; мысалы, пароход, от арба, телеграмма, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электрик яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина, тағы-тағы сондайлар. Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз – әділдік. Осы соңғы ар азығы – әділдік табылмай басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілдемейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды.

Және осы дене азығы – өнерлердің мұнан да үлкен бір бәлесі: өмірлік құл қылуға себеп болады. Дене азығы – өнерлерді бұрын иеленген жұрт, кешірек қалған жұртты алып жейтін азығым, тамағым деп біледі. Өнер күші игіге, жаратылыстан күн көруге керекті нәрселер шығаруға жұмсалы орнына кешірек қалған жұрттың үстінен күн көруге жұмсалады. Кешірек қалған жұрттың өнер үйренуіне, ілгері басуына жол қоймайды<sup>209</sup>.

### **Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841-1889)**

**Қазақтың аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері**

Мал, дәулеттің байлығы –  
Бір жұтасаң, жоқ болар.  
Оқымыстың байлығы–  
Күннен күнге көп болар,

<sup>209</sup> С.Торайғыров. Дүние дөңгелегі айналады. Тандамалы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009, 324-326 беттер.

Еш жұтамақ жоқ болар<sup>210</sup>.

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып, жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды.

...Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді.  
Теңізде жүзді балықтай,  
Дүниені кезді жалықпай<sup>211</sup>.

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырмен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бұл күндерде жау да бізден қуып алады, басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерде кезіп жүріп, ақырында Торғай терезесіндегі Қабырға деген өзен судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді

<sup>210</sup> Ы Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Өлеңдер: Сөзбасы – Алматы, «Ғылым», 1994, 26 бет.

<sup>211</sup> Ы Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Өлеңдер: Өнер-білім бар жұрттар – Алматы, «Ғылым», 1994, 27 бет. Сонда.

ұнатып қайтқан соң қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жаланап-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді.

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін еуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егін піскен соң орып, жинап алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Қош, Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көбейіп, бай болды, ел жиылып Сейітқұл жұрт ағасы болды. Сейітқұл енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауыл-шындауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңіл тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолды әр түрлі товар алдырып, жылда егін піскен



уақытта манағы қорғанда жәрменке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оған астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты<sup>212</sup>.

... Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі; тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмысады; ақыр бар күшін салып, қисая-қисая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға қалды: құдайтағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа-екеш құмырсқа да тынбай жұмыс жұмыстап жүр; өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырындап мұратына жетті; тамның басына шықты; мұны көріп отырған менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен, деп ойынын тастап, қалаға барды.

Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс.

Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған<sup>213</sup>.

<sup>212</sup> Ы.Алтынсарин. Әңгімелер. «Қыпшақ Сейітқұл» – Алматы «Мектеп», 1980, 9-10 беттер.

<sup>213</sup> Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Әңгімелер: «Сәтемір хан» – Алматы, «Ғылым», 1994, 83-84 беттер.

... Бір қарт ұста күні-түні тынбай іс соғып отырады екен. Оған көрші, заманындағы бір бай, Броун дегеннің баласы ойнап жүріп қызыққа күнде ұстаға келіп, іс соққанына қарап тұрады екен. Бір күні ұста мырзаға айтты:

– Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар.

Бала нем кетеді деп, күнде мазаққа шеге соғып жүріп, бірнеше күнде жақсы соғуға үйреніпті.

Мұнан соң бірнеше жылдар өткен соң, жұртында қатты жаугершілік басталып, Броунның мал-жаны таланып, бітіп, өзі қатын, баласымен қашып шығыпты. Сонымен, ішерге-жеуге, киюге де кем-тар соғып, бір қалада жүрген уақытта, қаланың әкімі бұйрық шашты: әскерге көп етік керек, жақын жердегі қалалардың сататын мығы (шеге) таусылды, мық даярласын, деп. Сондағы манағы мырзаның мазаққа үйренген өнері есіне түсіп, патшалық етікшілерге хабар салды:

– Егер көп мық-шеге керек болса, мен пәдіретін аламын, – деп.

Етікшілер істеген мығын көріп, ұнатқан соң, әскердің етігіне мық істеудің міндетін алып, көп мал тауып, ақыр өміріне шейін кемдік көрмей өтіпті-міс<sup>214</sup>.

... Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

– Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жібересің, көзге түсетін ешнәрсен көрінбейді, – деді.

<sup>214</sup> Ы Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Әңгімелер: «Білгеннің пайдасы» – Алматы, «Ғылым», 1994, 109 бет.

Үйші айтты:

– Тапқан малымның бір бөлімімен борышымды өтеймін, бір бөлімін өсімге беремін.

Көрші:

– Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қанша ақша беруші едің? – деді.

Үйші айтты:

– Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін, өзімнен туған балаларға оқу оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе, – деді<sup>215</sup>.

... Англия жұртында Броун деген білімді ұста судың үстіне бір қолайлы көпір салуға жүріп, қалайша салсам қолайлы, нық болар екен деп ойға қалып келе жатса, жолдың үстіне кесе тартқан өрмекшінің өрмегіне көзі түсті. Мұны көріп Броун тоқтай қалып ойланды: «Бұл өрмекші мынау көпір арқылы жол салыпты, астында тіреуі жоқ, осындай көпір қолайлы болар еді» – деп. Сонымен келді де су үстіне екі шынжыр тартып, ортасына тақтай салып, екі жақ басын құрғақ жерден биік, нық бағаналарға бекітіп, көпір істеді. Шынжырдан көпір салу содан қалған үлгі екен<sup>216</sup>.

... Қытай жұртының патшасының ханымы Силинші, жібек құрттарын абайлап, қарап жүрсе, бұл құрттар өлерінде өзінің өрмегіне кіріп өледі екен. Ханым сол өрнекті алып ширатып жіп істеді, сонан тоқып жаңа жібек орамал істеді дейді. Мұнан соң сол

<sup>215</sup> Сонда, 107 бет.

<sup>216</sup> Сонда, 106 бет.

құртқа назар салып қарап жүрсе, тұт деген ағаштың жапырағын жеп күн көреді екен. Ханым тұт ағашының жапырағын жиып, әлгідей көп құрт жиып асырап, ақырында, бұл құрттың пайдасын халқына үйретті дейді. Жібектің шығатын жерін ең әуелі сол ханым тауыпты-мыс.

Бұл уақытта Силинші ханымның өткеніне бес мың жыл болыпты. Қытай жұрты әлі күнге данышпан ханымын ұмытпай, жыл сайын соның құрметіне той етеді<sup>217</sup>.

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

– 1791 жылда, өзім университет деген үлкен школда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң, бір есек, бір арба

---

<sup>217</sup> Сонда, 107 бет.



алдым, мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-күскы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмегеннен соң осы күнде екі әйдік тас жұртым бар, фабрикамды балама бердім, үмітім бар, баламда аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге, еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон,— деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды...<sup>218</sup>.

### Мұхамбетжан Сералин (1872-1929)

Жазушы, ақын, публицист, журналист. 1919-1920 жылдары – «Ұшқын» газетінің қызметкері. 1921-1922 жылдары – Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы. 1922-1923 жылдары – Қостанай губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары. 1923-1926 жылдары – «Ауыл» газетінің редакторы қызметтерін атқарған.

... Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (экономическая война) деп атайды. Бұл соғыстан қан төгілмейді, ләкин қан төгілген соғыстан да сипаты жаманырақ, шаруашылық соғысында кәсіп, өнер басқасы қанды соғыстағы зеңбірек, мылтықтан да бетер адам

---

<sup>218</sup> Сонда, 108 бет.



баласын қырады. Бұл соғыста адам көп жеңбейді. Білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін мейлі көшпелі бай бол, енді келешек балаларымызды ғылым құралымен құралдандыруымыз тиіс. Егер де, балаларымыз шаруашылық соғысында бөтен халықпенен бәсекелесуге жарай алмай, құл болып қалмасын десек... Шаруашылық бабындағы құлдық – ешбір ебі табылмайтын құлдық<sup>219</sup>.

---

<sup>219</sup> «Айқап» 1911-1915ж